



ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ

# ЕЛМЕН СЫРЛАСУ

XI ТОМ



НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ

# ЕЛМЕН СЫРЛАСУ

СӨЗДЕР, СҰХБАТТАР

XI ТОМ



KUL TEGIN

АСТАНА

2012

УДК 323/324 (574)  
ББК 66. 3 9(5 Каз)  
Н17

Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат министрлігі  
Ақпарат және мұрағат комитеті "Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін  
басып шығару" бағдарламасы бойынша шығарылды

Жобаның авторы: **М. ЖОЛДАСБЕКОВ**,  
филология ғылымдарының докторы, профессор

Ғылыми кеңесші: **М. ҚАСЫМБЕКОВ**,  
саясат ғылымдарының докторы

Жалпы редакциясын басқарған: **Е. СЫДЫҚОВ**,  
тарих ғылымдарының докторы, профессор

Н17 **Нұрсұлтан Назарбаев: ЕЛМЕН СЫРЛАСУ.** көптомдық жинағы. - Астана:  
"Күлтегін" баспасы, 2012. Т.11.- 208 б.  
ISBN 978-601-7318-23-9

"Елмен сырласу" – Қазақстан мемлекеттігінің негізін қалаушы, оның тұңғыш Президенти Н.Назарбаевтың халық алдындағы тарихи парызын терең сезіне білетін азаматтық жауапкершілігін, қазақ топырағындағы жасампаздық құбылыстардың тікелей бастаушысы екендігін, тұрақтылық пен ұлтаралық татулық идеясын Қазақстан аясында ғана жүзеге асырып қоймай, ғаламдық биікке көтергендігін, өлемдік деңгейдегі қайраткерлігін ашып көрсететін көптомдық шығарма.

Басылымға Н. Назарбаевтың қоғам дамуының 1996 жылдың бірінші жартысындағы баяндамалары, мәлімдемелері, ақпарат құралдарына берген сұхбаттары, оқыған дәрістері енгізілген.

Кітап тарихшыларға, саясаттанушыларға, саясатшыларға, жоғарғы оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне, сондай-ақ өз елінің тарихын танып білуге зейін қойған жалпы оқырмандарға арналған.

УДК 323/324 (574)  
ББК 66. 3 9(5 Каз)

ISBN 978-601-7318-23-9 (Т)  
ISBN 9965-642-78-8

© «Күлтегін» баспасы, 2012





**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ПРЕЗИДЕНТІ Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ  
ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫН JAҢА ЖЫЛДЫҚ ҚҰТТЫҚТАУЫ\***

---

*Алматы, 31 желтоқсан 1995 жыл*

**Қымбатты отандастар!  
Ардақты ағайын!**

Біз ескі жылмен қоштасқалы тұрмыз. Енді бірнеше сағаттан кейін табалдырығымызды жаңа – 1996 жыл аттайды. Қалыптасқан дәстүр бойынша біз оны отбасында, жақын-жуықтарымыздың арасында қарсы аламыз. Ескі жылда есте қалған оқиғалар мен өзгерістерді ой елегінен өткіземіз.

Өткен жыл әрқайсымыз үшін несімен ерекшеленді? Біріміз алдымызға қойған мақсатымызға жетіп, көңілімізді бірледік, енді біріміз – орны толмас өкінішке ұрындық, ал бәз біреулеріміз, өмір болғаннан кейін бәрі болады, ең жақын адамдарымыздан айырылып, қабырғамыз қайысты.

Дегенмен, 17 миллион тағдырды тоғыстырып отырған халқымыз үшін өтіп бара жатқан жыл несімен қымбат? Тарих еншісінде қалар оқиғалар мен атаулы кезеңдерді екшей отырып, мен айтар едім: 1995 жыл кең байтақ еліміз үшін халықтың еркін білдірген ерекше жыл болды.

Шын мәнінде солай, сіздер республика үшін үлкен өзгерістер жылы болған 1995 жылы экономикалық реформалар бағытын, Достастық елдерімен интеграцияны және еліміздің дүниежүзілік қауымдастыққа кіруін мақұлдай келіп, өз Президенттеріңізді қолдадыңыздар. Сіздер қоғамымызда рухани, ұлтаралық татулық пен азаматтық келісімді, қалап алған жолымызды баянды етуге негізделген Жаңа Конституцияны қабылдадыңыздар. Ал жақында ғана сіздердің мақсат-мүдделеріңізді, еріктеріңізді заң жүзінде іске асыратын Парламентті сайладыңыздар.

Қымбатты отандастар, бүгінгі қиын жағдайларға қарамастан аянбай еңбек етіп, жігерлілік танытып келе жатқан сіздерге мемлекет басшысы ретінде мен дән ризамын. Мұның бәрі қазақстандықтардың болашаққа, өзіміз таңдап алған жолымызға деген зор сенімінен туындап отырғаны сөзсіз.

Осы арада менің есіме Төле би бабамыздың мына бір дана сөзі түсіп отыр:

---

\* "Егемен Қазақстан" газеті, 30-31 желтоқсан 1995 жыл.

"Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек,  
Бірлікті ойлаған соң тірлік керек.  
Ағайынға ала көз бола қалсаң,  
Аузыңнан несібеңді біреу жемек".

Біз сол бірлік пен тірліктің арқасында көп нәрсеге қол жеткіздік деп ойлаймын. Бүгінгі күннің талаптарына сай келетін заңдар қабылдадық, адамдардың қауіпсіздігін нығайтуға бар күш жұмылдырылып келеді. Сөз бостандығына кең жол ашылды.

Қазақстанның құқықтық мемлекет ретінде демократиялық мұраттарды алға тартып, кең адымдап келе жатқанын әлем қауымдастығы мойындай бастады.

Біздің мемлекеттілігіміз, билік тармақтары, шаруашылықтарымыздың барлық салалары бірте-бірте қалыпқа түсіп келе жатыр. Төл теңгеміздің құны күткендегідей болып отыр, шетел инвестициялары ойдағыдай жүзеге асып келеді. Бірақ бәрі тамаша деп, тігісін жатқызып сөйлеу ағаттық болар еді. Қаншама жерден күш-жігер жұмсалып келе жатқанымен, халықтың тұрмыс деңгейі күрт артып кете қойған жоқ. Бұл арада жүргізіліп жатқан реформаларға, өткеннен мұра болып қалған дағдарысқа сілтеме жасаудың реті бола қоймас. Қалай болғанда да, реформа адамдар үшін жасалып жатыр. Ал біздің үкімет макроэкономикалық шыңға қол созамын деп, қарапайым адамдардың күнделікті тұрмыс-тіршілігінен қара үзіп қалды. Кезінде менің де бұған жете мән бермегенімді айтуға тиіспін.

Бүгінгідей күрделі жағдайға тап болып отырған жалғыз біз емес. Бізге дейін де көптеген елдер көздеген мақсаттарына жету үшін небір қиын-қыстау кезеңдерді, тар жол, тайғақ кешулерді бастарынан өткерген. Қайсыбір ел болмасын, осы жолдардан өтуге тиіс. Ешкім сенің қолыңнан жетектеп, молшылық шыңына шығармайды. "Бірінші – иманың, екінші – жиғаның, үшінші – ырысыңның тұрағы" демекші, бүгінгідей алмағайып кезеңде имандылығымыздан аттамай, әлсіздерге қол ұшын беруіміз керек. Бұл арада мен бізге тәрбие берген, еліміздің қуатын арттырған, соның жолында бүкіл саналы ғұмырын сарп еткен ағаларымыз бен апаларымыз, қарттарымыз туралы, ертеңгі күні ел тізгінін ұстайтын мектеп оқушылары мен студенттер туралы айтып отырмын. Күш-қайраттың иесі қай кезде де әлсіздер жағында болған. Ал ондай күш-қайраттың қайнар көзі – мемлекеттің, сіз бен біздің нық қадамымызда, сенімімізде жатыр.

Осы орайда айта кетейін, мен жуырда екі Жарлыққа қол қойдым.

Біріншісі – Қазақстан Республикасы тұрғындарының әлеуметтік жағдайын жақсарту шараларына қатысты. Онда 1996 жылдың ішінде, мысалы, бюджеттегілердің жалақысын, зейнетақыны екі есеге дейін көтеру көзделген. Екінші Жарлық – ауыл-селоларға мемлекет тарапынан қолдау көрсетудің қосымша шаралары туралы. Осы Жарлыққа сәйкес жаңа жылда ауыл



шаруашылығын реформалауға және тұрақтандыруға 11 миллиард теңгеге жуық қаржы бөлінбек. Жалпы алғанда, тұрақтандыру бағыты Жаңа жылда экономикада ғана емес, заң шығару, саясат, әлеуметтік салаларда да басты бағытқа айналмақ.

Айырықша атап өтетін нәрсе: Үкіметтің алдына қойып отырған менің басты талаптарым – бүгін де, ертең де әлеуметтік саясатты нақты жүргізу, табысы аз отбасыларына көмектесу.

Қымбатты қазақстандықтар!

Ардақты ағайын!

Әр отбасы үшін аса қымбат саналатын мереке қарсаңында сіздерге шын жүрегімнен шыққан тілегімді білдіргім келеді.

Біздің көп ұлтты елімізде ынтымақ пен достық рухын сақтай отырып, ата-бабаларымыздың салт-дәстүрлеріне, туған Отанымызға адал болуларыңызды тілеймін.

Сіздерді ақыл-парасаттылыққа шақырамын. Қатып-семіп қалған аксиомалар мен өзгермейтін ақиқаттардың уақыты өткен.

Бізді өткеннің шырмауынан өзімізден басқа ешкім босата алмайды. Бұл арада алдымызда тұрған айқын мақсатқа көз жеткізіп, өзіміздің ақыл-парасатымызға жүгінуіміз керек.

Мен Жаңа жылдың біз үшін игілікті, шапағатты, бақытты жыл болуын тілеймін. Жаңа жыл – бір-бірімізге деген ыстық ықыластың, қайырымдылықтың жылы болсын.

Өтіп бара жатқан жылы бүкіл әлем ұлы Абайдың 150 жылдығын атап өтті. Осы арада дана Абайдың "ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста" деген даналық сөзі есіме түсіп отыр. Осы қағидаға адал болайық, ағайын.

Жаңа жылда баршаңызға зор денсаулық, бақыт, қуаныш тілеймін, қымбатты бауырлар. Ортақ үйімізде тыныштық болсын, ізгілік пен мейір шуағы төгіліп тұрсын!

# НОВОГОДНЕЕ ПОЗДРАВЛЕНИЕ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА КАЗАХСТАНЦАМ\*

---

*Алматы, 31 декабря 1995 года*

## **Дорогие соотечественники!**

Мы прощаемся со старым годом. Через считанные часы откроем двери новому – 1996-му. По традиции встречаем его в кругу семьи, самых близких друзей. И, как водится, отрешившись от суеты минувших дней и предпраздничных хлопот, возвращаемся мыслями в год уходящий.

Каким он был для каждого из нас? Для одних – годом сбывшихся надежд и озарений, для других – разочарований, для иных – годом найденного счастья, для некоторых – грустных расставаний, порой и невосполнимых потерь, а для кого-то он стал годом долгожданных обретений.

А каким же все-таки он был для всего народа, этот год, помноженный на 17 миллионов судеб? Перебирая в памяти даты и события, я останавливаюсь на мысли, что 1995-й для Казахстана был годом народной воли.

И действительно, в переломные для республики дни вы своей волей поддержали меня как Президента, одоблив курс экономических реформ, интеграцию со странами Содружества, вхождение Казахстана в мировое сообщество. Своим волеизъявлением вы приняли новую Конституцию, по-настоящему объединяющую наш многонациональный народ и закрепляющую избранные нами ориентиры. Наконец, вы недавно избрали Парламент, который, будем надеяться, воплотит вашу волю в законы Республики Казахстан. И все же в уходящем году народ проявлял стойкость не только в исключительных случаях, но и в повседневной жизни тоже. И я по-человечески благодарен вам за мужество, с которым вы, мои дорогие сограждане, преодолеваете все невзгоды и трудности этого необыкновенно сложного времени.

Вы выращиваете хлеб и варите сталь, вы добываете уголь и водите поезда, учите детей и заботитесь о здоровье соотечественников – и все это за невысокую и часто нерегулярную зарплату. Я, наверное, не ошибусь,

---

\* Газета "Казахстанская правда", 30-31 декабря 1995 года.

если скажу, что воля казахстанцев крепка потому, что основана на здравом смысле и осознанном выборе нашего общего пути в будущее.

Я вспоминаю слова американского писателя Курта Воннегута. Он сказал: "Господи, дай мне душевный покой, чтобы принять то, чего я не могу изменить, мужества – изменить то, что могу, и мудрость – отличать первое от второго".

Движение по выбранному пути уже приносит свои плоды. Принимаются законы, нужные именно такими и сегодня. Жизнь и безопасность людей становятся не только конституционными категориями, а первой и главной заботой сил правопорядка. Как само собой разумеющееся мы воспринимаем свободу слова, плюрализм, оппозицию.

Мировая общественность признала, что Казахстан делает первые, но уже уверенные шаги именно как правовое государство с демократическими идеалами.

Да, строятся наши государственность, власть, хозяйство. Деньги у нас постепенно становятся деньгами, а экономика – управляемой и реальной, что увеличивает приток иностранных инвестиций. Но не все идет так гладко, как хотелось бы. Продолжалось падение жизненного уровня.

Наше Правительство, круто поднявшись в макроэкономическую высь, едва замечало повседневные людские нужды, а я, честно признаться, недостаточно спрашивал с него. Меня останавливало то, что не мы первые идем трудным путем реформ. Но ведь каждый должен пройти этот путь сам – никто на вершину тебя в рюкзаке не принесет.

Однако в этом движении нельзя забывать о своем нравственном долге перед теми, кто сам не в силах преодолеть сей путь. Я говорю о наших родителях, старших, кто воспитал нас и строил Казахстан вчера, я говорю о младших – детворе, учениках, студентах, кто будет строить наш Казахстан завтра. Долг сильного – взять к себе в связку слабого. Таким "сильным" должно быть и наше государство.

Памятуя об этом, на днях я издал Указ "О мерах по улучшению социальных условий жизни населения Республики Казахстан". Он предусматривает в течение 1996 года почти двукратное увеличение зарплаты бюджетникам, пенсий и социальных пособий. Другим моим указом определяются дополнительные меры по государственной поддержке села. В частности, выделение на 1996 год почти 11 миллиардов тенге для реформирования и стабилизации агропромышленного сектора. Вообще говоря, стабилизация в наступающем году будет главной тенденцией не только в экономике, но и в законодательной, политической, социальной сферах жизнедеятельности государства.

Особо подчеркну: проведение четкой социальной политики, эффективная адресная помощь малообеспеченным, защита и еще раз защита чело-

века, его чести и достоинства, его прав и свобод – вот главные мои требования к Правительству на сегодняшний и завтрашний дни. И спрос за это будет постоянный и предельно жесткий.

Я говорю не совсем праздничные слова потому, что убежден: это волнует многие семьи. Это сейчас вопрос вопросов.

Дорогие мои казахстанцы! В эти мгновения самого почитаемого семейного праздника принято обмениваться пожеланиями. Позвольте и мне сделать это.

Я желаю всей нашей большой многонациональной семье хранить традиции наших предков и быть сплоченными в заботе и любви к нашей Отчизне.

Я желаю нам быть мудрыми. Время аксиом и абсолютных истин ушло. И никакой поводырь не выведет нас с разбитого проселка из прошлого на широкую магистраль в будущее, если мы не научимся жить своим умом, строить свою жизнь на реальных, а не придуманных возможностях.

Я желаю, чтобы новый год был для вас удачным, щедрым и счастливым. Чтобы он стал годом нашей любви и сострадания к ближним, годом чуткости и открытых сердец.

В уходящем году, когда мы отметили 150-летие великого Абая, не могу не вспомнить слова духовного наставника нашего народа. Он сказал, что воля, разум и сердце сами по себе неплохие достоинства. Но им нужно объединиться в человеке, и тогда человек прозреет сам и поможет прозреть другим.

Здоровья, радости и теплоты сердец всем вам, дорогие соотечественники!

Мира и благополучия нашему общему дому!

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ФРАНЦИЯ ПРЕЗИДЕНТІ ЖАК ШИРАКҚА ЖОЛДАҒАН ЖЕДЕЛХАТЫ\*

---

*Алматы, 10 қаңтар 1996 жыл*

Француз Республикасының бұрынғы Президенті қайтыс болғаны туралы хабарды терең қайғы сезіммен қабылдадым. Соңғы ширек ғасыр бойындағы халықаралық өмірдің бейнесін сипаттайтын аса маңызды оқиғалар оның есімімен тығыз байланысты. Ғаламдық және аймақтық деңгейлерде бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдауға байланысты жағдайлардағы, әсіресе "қырғиқабақ соғыстың" салдарынан арылуға байланысты қиын сәттердегі оның рөлі баршаға аян. Франсуа Миттеранның Францияның экономикалық гүлденіп, әлеуметтік өрге басуын қамтамасыз етуге, оның әлемдік держава ретіндегі мәртебесін сақтауға қосқан үлесі орасан зор. Қазақстандықтар, Франсуа Миттеранға зор құрмет сезіммен қарап келді, оны тәуелсіздік пен егемендік алудың шешуші кезеңінде біздің мемлекетімізді белсенді түрде қолдауға тырысқан нағыз дос ретінде есептейді. Франция Республикасы Президентінің 1993 жылғы Қазақстанға мемлекеттік сапары осының жарқын айғағына айналып, біздің елдеріміздің барлық салалардағы жемісті де сындарлы өзара қарым-қатынасына жол ашып берді.

Франсуа Миттеранның тамаша адамгершілік қасиеттері туралы жарқын сезім менің жүрегімде ерқашан сақталады.

---

\* "Егемен Қазақстан" газеті, 10 қаңтар 1996 жыл.

**ТЕЛЕГРАММА**  
**ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА**  
**ПРЕЗИДЕНТУ ФРАНЦИИ ЖАКУ ШИРАКУ\***

---

*Алматы, 10 января 1996 года*

С чувством глубокой скорби воспринял известие о кончине бывшего президента Французской Республики Франсуа Миттерана. С его именем связаны важнейшие события, определявшие облик международной жизни на протяжении последней четверти века. Общепризнанна его роль в усилиях по поддержанию мира и безопасности на глобальном и региональном уровнях, особенно в критические моменты, связанные с избавлением от последствий "холодной войны". Огромен вклад Франсуа Миттерана в обеспечение экономического процветания и социального развития Франции, поддержания ее статуса мировой державы.

В Казахстане с чувством большого уважения относились к Франсуа Миттерану, считая его искренним другом, стремившимся эффективно поддерживать наше государство на решающем этапе обретения независимости и суверенитета. Ярким подтверждением этому стал государственный визит президента Французской Республики в Казахстан в 1993 году, положивший начало плодотворному и конструктивному взаимодействию наших стран во всех сферах.

Светлая память о замечательных человеческих качествах Франсуа Миттерана навсегда сохранится в моем сердце.

---

\* Газета "Казахстанская правда", 10 января 1996 года.

**ИНТЕРВЬЮ**  
**ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА**  
**КОРРЕСПОНДЕНТУ "КАЗАХСТАНСКОЙ ПРАВДЫ"**  
**ВО ВРЕМЯ ВИЗИТА В ПАВЛОДАРСКУЮ ОБЛАСТЬ\***

---

*Павлодар, 11 января 1996 года*

**"К РУКОВОДСТВУ ПРИХОДИТ МОЛОДАЯ СМЕНА"**

**Корреспондент:**

– С Новым годом Вас, Нурсултан Абишевич!

**Н. Назарбаев:**

– Спасибо, и вас также.

**Корреспондент:**

– В этой связи хотелось бы знать, какие надежды Вы, как Президент, возлагаете в новом году на республику и ее экономику?

**Н. Назарбаев:**

– Мне уже приходилось говорить о том, что государство вошло в 1996 год с утвержденным бюджетом. Это уже неплохо. Накануне Нового года я издал два очень важных указа. Первый – о социальной защите, по которому уже с 1 января на 25 процентов поднимается заработная плата в бюджетных организациях. Соответственно – и индекс пенсий. И второй указ – о поддержке сельского хозяйства. 13 миллиардов тенге выделяются в чистом виде, ожидается поступление еще 10 миллиардов.

Эти два очень важных указа касаются большинства нашего населения. Утверждена среднесрочная программа Правительства на три года, главной задачей которой является социальная поддержка населения. Намечено на базе макроэкономической стабилизации переходить к росту производства. Рост производства повсюду – это повышение заработной платы, поступлений в пенсионный фонд и так далее. Поэтому будем считать, что 1996 год все же будет годом, когда надежды людей на перелом в лучшую сторону фактически осуществляются. Надеемся на это.

---

\* Газета "Казахстанская правда", 13 января 1996 года.

**Корреспондент:**

– Считаете ли Вы, что Россия, страны СНГ осознали конструктивность Ваших работ о создании Евразийского союза?

**Н. Назарбаев:**

– Я хочу вам сказать о том, что получил от Ельцина письмо, в котором он сообщает о полном снятии таможенных барьеров (что я сделал полгода назад) между Казахстаном и Россией. Только за полгода благодаря этому товарооборот между Россией и Казахстаном возрос на 27 процентов и с Беларусью – на 15 процентов. 17 января я еду в Беларусь, чтобы "округлить" трехстороннее соглашение. У нас с Беларусью его нет. А должно быть. Я думаю, что 19 января в Москве на саммите стран СНГ этот договор будет основным. Экономические связи всем выгодны. Куда же нам друг без друга?

**Корреспондент:**

– Какие надежды Вы возлагаете на новый Парламент?

**Н. Назарбаев:**

– Надеюсь, что новый Парламент, работая в рамках существующей Конституции, будет более продуктивно создавать законы для народа.

**Корреспондент:**

– Нурсултан Абишевич, в прессе Вас нередко упрекают в том, что "такуете номенклатурную колоду".

**Н. Назарбаев:**

– Какую?

**Корреспондент:**

– Номенклатурную.

**Н. Назарбаев:**

– Ну, например, кого?

**Корреспондент:**

– Замов, министров... Ну тогда давайте поставим вопрос в другой плоскости: возрос уровень ныне назначенных руководителей? Отвечают они рыночным требованиям по сравнению с предшественниками?



## **Н. Назарбаев:**

– Безусловно. Вот, например, на днях я назначил нового председателя Нацбанка Джандосова, ему 35 лет. В совершенстве владеет английским языком. Окончил Московский университет финансов. Два года был заместителем председателя Нацбанка. Как специалиста его признают в мировых банковских структурах. 35 лет – ну и что же! Разве это плохо? Посмотрите: министру экономики (ключевая фигура) 32 года. Министру финансов, вашему земляку Павлову, недавно исполнилось, по-моему, 40 лет. Министру печати – 32 года. Министру юстиции – 33 года. Разве мы их "тасуем"? Наоборот, выдвигаем молодых, тех, которые не "зашорены", как мы, старым опытом, а стараются вести дело вперед, по-новому.

1996 год – основной год для Правительства, для массовой приватизации в экономике. Без этого дальше двигаться не будем, везде должен быть хозяин.

С. Горбунов,  
"Казахстанская правда",  
г. Павлодар

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ БОРИС ЕЛЬЦИНГЕ РЕСЕЙДІҢ ЕУРОПА КЕҢЕСІНЕ ҚАБЫЛДАНУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ҚҰТТЫҚТАУЫ\*

---

*Алматы, 30 қаңтар 1996 жыл*

Ресейді осы беделді халықаралық ұйымға қабылдау жөніндегі шешімі, Ресей Федерациясының Еуропа құрлығында тұрақтылықты қолдаудағы қарама-қарсы тұру дәуірінен кейінгі жаңа саяси шындықтар ауқымында демократиялық бостандықтарды әмбебап сақтауды қамтамасыз етудегі ерекше маңызды рөлін мойындауды білдіреді.

Ресейдің Еуропа кеңесіне қатысты, қоғамдық өмірді демократияландыру процесін одан әрі дамытуға жәрдемдесетініне, сондай-ақ ол ТМД-ға мүше елдердің бәрі үшін лайықты болатынына сенімдімін. Ресей Федерациясының Еуропа кеңесіне қабылдануы Батыстың демократиялық институттарымен интеграцияланудың маңызды кезеңі, құқықтық мемлекет құруды таңдаудың бұлжымас екендігінің өзіндік кепілі.

---

\* "Егемен Қазақстан" газеті, 30 қаңтар 1996 жыл.

**ПОЗДРАВЛЕНИЕ  
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА  
БОРИСУ ЕЛЬЦИНУ В СВЯЗИ СО ВСТУПЛЕНИЕМ РОССИИ В  
СОВЕТ ЕВРОПЫ\***

---

*Алматы, 30 января 1996 года*

Решение о принятии ее в эту авторитетную международную организацию отражает признание исключительно важной роли Российской Федерации в поддержании стабильности на Европейском континенте и обеспечении универсального соблюдения демократических свобод в новых политических реалиях постконфронтационной эры.

Убежден, что участие России в деятельности Совета Европы будет способствовать дальнейшему развитию процессов демократизации общественной жизни, а также послужит достойным примером для всех государств – участников СНГ. Вступление Российской Федерации в СЕ – важная веха в интеграции с демократическими институтами Запада, своего рода гарантия необратимости выбора в пользу построения правового государства.

---

\* Газета "Казахстанская правда", 30 января 1996 года.

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ПАРЛАМЕНТТИҢ АЛҒАШҚЫ СЕССИЯСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ\*

---

*Алматы, 30 қаңтар 1996 жыл*

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕКІ ПАЛАТАЛЫ ТҰҢҒЫШ ПАРЛАМЕНТІ – ЕЛІМІЗДІҢ ЗАҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ЖАҢА КЕЗЕҢ

### Құрметті депутаттар!

Сіздерді жас мемлекетіміздің тарихындағы тұңғыш кәсіпқой екі палаталы Парламенттің бірінші шақырылуына сайлануларыңызбен және оның алғашқы сессиясының ашылуымен шын жүректен құттықтаймын. Сіздер сайлау науқанының барлық сындарынан сүрінбей өттіңіздер, сондықтан Сенат пен Мәжілістен өз орындарыңызды алуға әбден лайық деп есептеймін. Сіздерге сайлаушылардың сенімі мен үмітін ақтайтын, барша халқымыздың игілігіне бағытталған, Қазақстанның демократия мен прогресс жолымен сенімді түрде алға жылжуына қызмет ететін үйлесімді, жемісті әрі ырақты жұмыс тілеймін.

Бояуын ешқандай қалыңдатпай-ақ айтатын болсақ, осы отырған баршамыз Қазақстан шежіресінің беттерінен, мемлекеттігіміздің қалыптасу тарихынан лайықты орын алатын уақиғаға куә болып отырмыз. Біз Қазақстанның шынайы, өркениетті парламентаризмінің мөлдір бастауында тұрмыз. Осыны ерекше атап айтқым келеді, өйткені әрқайсымыз уақыт жүктеп отырған аса зор жауапкершілікті сезіне білуіміз керек.

Әрине, өкіметтің өкілдікті органдары бізде бұрын да болды, тіпті олардың жұмысын ұйымдастырудың едәуір әнтек тәжірибесі де болды. Оларға "парламент" және "парламентаризм" деген түсініктерді де таңып жүрдік, бірақ бұл түсініктердің олардың жұмысына қаншалықты сәйкес келетініне ой жүгірте бермейтінбіз. Тарихтан жақсы білесіздер, Қазақстанда тек 1938 жылы ғана Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі бірінші рет шақырылды. Бірақ ол, республиканың одан кейінгі барлық "кеңестері" секілді тек жүйенің саяси атрибуты болып, оның рөлі негізінен, одақтық Жоғары Кеңестің шешімдерін қайталаумен шектелді. Оның өзі де тоталитарлық жүйенің әлем-жәлем шымылдығы ғана еді.

Қазақстанның тәуелсіздігі жарияланғаннан кейін ғана республикалық өкімет органдары өз заңдарын шығаруға мүмкіндік алды. Алғашқы кездері

---

\* "Егемен Қазақстан" газеті, 31 қаңтар 1996 жыл.

қоғам мен мемлекет өмірінің маңызды салалары үшін аса қажет болған заңдарды қабылдадық.

Бірақ тәуелсіздік жағдайында жұмыс істесе де, бұрынғы таптаурын ізден шыға алмаған Жоғарғы Кеңес сапалық жағынан мүлдем жаңа, күн сайын өзгеріп отырған экономикалық және саяси жағдайларға сәйкес тиімді жұмыс істеуге дәрменсіз болып шықты. Ол нарықтық экономика мен құқықтық мемлекет құруға байланысты ең өзекті деген мәселелерді шеше алмады. Мұндай қауқарсыздық жағдайда он екінші сайланған Жоғарғы Кеңестің өзінен таратуы болмай қоймайтын құбылыс еді.

Өкінішке қарай, оның орнына келген он үшінші сайланған Жоғарғы Кеңес те осы таптаурын жолдан шыға алмады. Оның үстіне, Конституциялық соттың шешімі көрсеткендей, ол заңсыз деп танылды. Осының бәрі оның өз жұмысын мерзімінен бұрын тоқтатуына апарып соқтырды.

Сол мезгілде депутаттардың алмасып отыру механизмінің жоқтығынан жоғары өкілетті органның сабақтастық пен іркіліссіздікке қабілетсіз болып шыққаны да анықталды. Осылайша, өткен жылдың бас кезінде біздің жоғарғы өкілетті органымызда орын алған кеселдің тіпті де кездейсоқтық емес, принципті сипат алғанына көз жеткіздік. Тәртіп бұзушылықпен аяусыз күресті және азаматтар құқын қорғауды қамтамасыз ете алмаған құқық қорғау және сот органдарының жағдайы көптеген нала мен реніштерді туғызды.

Аталып отырған кеселдер сол уақытта жүйелік сипат алып қана қойған жоқ, реформаның ырғағына, қоғамдық-саяси жағдайға да зиянын тигізді деуге болады. Шын мәнінде біз Кеңес идеологиясы мен оның тәжірибелерінен толық арыла алмаған барлық мемлекеттік жүйенің өн бойындағы дағдарысты басымыздан кешірдік. Бұл дағдарыс 1995 жылға қарай өзінің шарықтау шегіне жетті де, дереу оны конституциялық жолмен шешу қажет болды, өйткені мемлекеттік құрылым да тиімді іс-әрекеттерге бара алмай, сүріне берді. Осыдан келіп мемлекеттік өкіметтің барлық салаларын, соның ішінде заңдылық тармақтарын конституциялық жолмен реформалау туралы саяси шешім қабылданды.

Заң шығару билігінде бос кеңістік пайда болған кезде мемлекеттегі барлық істер үшін жауапкершілікті Президенттің өз мойнына алуына тура келеді. Уақыт көрсеткендей, бұдан демократияға титтей де нұқсан келген жоқ, кейбіреулердің айтқанындай, ешкімнің басына диктатураның қою бұлты үйірілген жоқ. Керісінше, еліміз үшін сын болған сол бір уақытта халық, Қазақстандағы мемлекеттік өкіметтің қайнар көзі мен соның бірден-бір қожайыны ретінде, референдумда еліміздің жаңа Конституциясын қабылдап, өзінің шешуші сөзін айтты. Бұл сөз реформалар алға жылжып, қоғамдық-саяси тұрақтылық сақталуы үшін айтылды. Біздің демократияға деген еш өзгермейтін көзқарасымыздың куәсіндей болып, қазақстандықтардың жоғары азаматтық белсенділігін танытқан жаңа Парламентке сайлау өтті.

Парламент жоқ кезде заң күші бар Жарлықтар мен құқықтық реттеу саласындағы кем-көтіктердің орнын толтыруға, нарық шаруашылығын қалыптастыру үшін аса қажет деген экономикалық заңдар пакетін қабылдауға тура келді. Соның нәтижесінде еліміздің шаруашылық кешенінің үзіліссіз жұмысы қажетті заңдылық негіздермен қамтамасыз етілді. Бұдан басқа, конституциялық нормаларды тезірек іске қосу мақсатында Президенттің жарлықтарымен конституциялық заңдардың басым көпшілігі қабылданды. Осы уақыттың ішінде барлығы өзінің Заң күші бар 134 жарлыққа және біздің халықаралық келісімдерді бекіту туралы 60-тан астам жарлыққа қол қойылды.

Біздің бәріміз Парламент болмаған кезде елімізде күрделі жағдай қалыптасқанын түсінгеніміз жөн. Және де реформаның, тұрақтылықтың және қоғамдық жарасымның барысында қол жеткеннің бәрін тәуекелге салуға болмайтын еді. Сол кезде мен аса ұнай қоймайтын шараларға саналы түрде барып, кейбір талдаушылар мен журналистердің бағалауында "таза демократиялық процедураларды" жақтаушылардың тарапынан кінәлауға тап болатыныма ойша әзірленген едім. Таңдап алынған жолмен серпінді түрде ілгерілеуді қамтамасыз ету, басталған өзгерістердің кейінге шегерілуіне жол бермеу үшін мен осы шаралардың қажет екеніне соншалықты дәрежеде сенімді болдым және өзіме халық берген және Конституцияда бекітілген өкілеттіктерді пайдаландым.

Осы кезеңде қабылданған заң күші бар жарлықтарды өзіндік бір топтарға бөлуге болады. Әрине, олардың ішінде экономикалық реформа, қаржы, банк және басқа да шаруашылық қызметінің мәселелеріне арналған топтың ең үлкені болатыны да заңды. Олардың ішінде "Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы", "Қазақстан Республикасындағы банктер мен банк қызметі туралы", "Акциздер туралы", "Банкроттық туралы", "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы", "Лицензиялау туралы", "Құнды қағаздар және қор биржасы туралы", "Жылжымайтын мүлікке деген құқықтарды тіркеу және олармен келісімдер жасау туралы", "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы", "Қазақстан Республикасындағы салықтық реттеу туралы", "Мұнай туралы", "Жер туралы", "Жер және жерді пайдалану туралы" іргелі жарлықтар бар. "Қазақстан Республикасының 1996 жылға арналған республикалық бюджеті туралы" жарлық қабылданды, яғни біз үстіміздегі қаржы жылына өз бюджетімізді алғаш рет дер кезінде бекіттік.

Мемлекеттік құрылыс мәселелеріне арналған жарлықтар жеткілікті түрде үлкен топты құрап отыр. Бұл – "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы", "Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы", "Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы", "Қазақстан Республикасының Президенті туралы", "Қазақстан Республикасының Конституциялық кеңесі туралы", "Республикалық референдум туралы", "Қазақстан Республикасындағы шетелдік азаматтардың құқықтық жағ-

дайы туралы", "Мемлекеттік қызмет туралы" және басқа да толып жатқан құжаттар.

Мен соттар мен құқық қорғау органдары қызметінің мәселелеріне неғұрлым жіті назар аударуды қажет деп таптым. Сондықтан "Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы", "Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы", "Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы", "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы", "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті мен оның органдары туралы" маңызды жарлықтар шығарылды. Бұл жарлықтар, сайып келгенде, елдің Конституциясы белгілеген сот және құқық қорғау жүйелерін реформалауды бастауға мүмкіндік берді. Ал ТМД-да әзірге осыған пара-пар нәрселер жоқ екенін бүкіл жауапкершілікпен айтуға болады.

Өрине, өткен кезең ішінде халықты әлеуметтік және құқықтық қорғау мәселелеріне талай рет көңіл аударуға тура келді. Мәселен, "Қазақстан Республикасы халқы өмірінің әлеуметтік жағдайларын жақсарту жөніндегі шаралар туралы", "Ұлы Отан соғысына қатысушылардың, мүгедектерінің, және оларға теңестірілген адамдардың жеңілдіктері мен оларды әлеуметтік қорғау туралы", "Азаматтарды медициналық сақтандыру туралы", "Азаматтардың өтініштерін қараудың тәртібі туралы", "Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің жесірлерін әлеуметтік қолдау жөніндегі қосымша шаралар туралы", "Дәрі-дәрмек құралдары туралы" жарлықтар қабылданды.

Заң күші бар көптеген жарлықтарды шығара отырып, мен осыны өмірдің өзі қажет етіп отырған кезде бұрын заң тұрғысынан қамтамасыз етілмеген қатынастарды реттеуге ұмтылып отырдым. Осындай жарлықтардың қатарына жоғарыда аталып өтілген "Мемлекеттік қызмет туралы", "Республикалық референдум туралы", "Мұнай туралы", "Жылжымайтын мүліктің ипотекасы туралы" және басқа да бірқатар жарлықтарды жатқызуға болады.

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын бекіту туралы жарлықтар еліміздің сыртқы саяси бағытын жүзеге асырудың құқықтық базасын дамытуға бағытталды, ал оның негізіне игі көршілестік және ынтымақтастық, әсіресе, ТМД елдерімен игі көршілестік және ынтымақтастық принциптері алынған.

Ең бастысы қарқынды жоғалтып алмай, тіпті, өкіметтік құрылымдардың, ұйымдардың, бүкіл қоғамның дағдарысты жою және экономикалық жағдайды тұрақтандыру жөніндегі қызметі үшін қажетті құқықтық арналарды жасауды едәуір белсенді етуге қол жеткізгенімізде болып отыр. Қазір енді мен, жалпы алғанда, реформаларды тепе-тең ретпен ілгерілетуді қамтамасыз ете алғанымызды, өкіметтің барлық тарамдары органдарының қысқа мерзімді міндеттерді шешу жөніндегі жұмысында айқын өзара іс-қимылына қол жеткізгенімізді толық негізбен айта аламын.

Өткен жылы қолымның тигеніне қарай, мен барлық мемлекеттік органдардың жұмысын қадағалап, олардың қызметін жалпы стратегиялық мақсаттар арнасында бағыттап отырдым. Жіберілген кемшіліктер үшін Үкіметтің басшылығы, министрлер, облыстардың әкімдері мен басқа да басшылар менің тарапымнан бүкпесіз сынға ұшырап отырды. Сөйтіп, жалпы алғанда, біз өткен жылдардың кейбір елеулі олқылықтарын жөндеуге, реформалардың заңдылық базаларын құрудағы артта қалуды жоюға, бұларды неғұрлым сындарлы арнаға бағыттауға, тіпті, жеделдетуге қол жеткіздік.

1995 жылы қол жеткізген оң өзгерістердің өзі бірқатар объективті классикалық көрсеткіштер арқылы расталып отыр, ал мұны қазір елемей тіпті де мүмкін емес. Біз инфляцияның деңгейін сегіз есе дерлік қысқарта алдық. Өткен жылғы 1260 пайыздан биылғы 160,3 пайызға төмендеттік. Ішкі жаппай өнім шығарудың жылдық көлемінің құлдырау қарқынын 25,4 пайыздан 8,9 пайызға дейін, яғни үш есеге дейін азайттық.

Өткен жылдың соңы өнеркәсіп өндірісі құлдырауының қарқынын біртіндеп қысқартумен сипатталды. Ал индустрияның химия, мұнай-химия және газ өнеркәсібі, қара және түсті металлургия тәрізді маңызды салаларында, өнім шығарудың өткен жылғы көлемі 1994 жылғы осындай көрсеткіштен тіпті асып түсті. Айталық, түсті металлургияда өндірістің нақты көлемі бір жылдың ішінде екі пайызға дерлік, химия, мұнай-химия өнеркәсібінде – 3,4, ал қара металлургияда 17 пайыздан астам өсті.

Экономиканың аграрлық секторында Мемлекеттік азық-түлік контракттылық комиссиясының және Ауыл шаруашылығын қолдау жөніндегі мемлекеттік қордың жұмысы кеңінен өрістеді. Өндірушілер өз өнімдерін биржаларда еркін баға бойынша өз бетінше сатуда. 1996 жылы селоға елеулі қаржы көмегі, әсіресе, шикізатты ұқсатуды дамытуға көмек көрсету белгіленіп отыр.

Экономиканы реформалауды бастай отырып, біз нарыққа қарай ілгерілеу кәсіпкерлердің жеткілікті түрде қуатты тобын құрмайынша мүмкін емес екенін ұдайы айтып келдік. Бүгінгі таңда республикада 17 мың жеке кәсіпорын және 29 мың шаруа қожалықтары белсенді жұмыс істеуде. Мұның өзі біздің халықаралық қаржы институттарының қатысуымен және жәрдеммен өзірлеген бағдарламамызды жүзеге асырудың нәтижесі.

Қызметтің басым бағыттарының бірі бұрынғысынша сыртқы экономикалық байланыстарды дамыту болып қала береді. Өткен жылдың қаңтар-қараша айларында біздің мемлекетіміздің сыртқы сауда айналымы 8 миллиард доллардай болды, мұның өзі осының алдындағы кезеңдегіден бір жарым есе көп. Бұл орайда оң сальдо 1 миллиард доллар болды.

Біз алтын, валюта қорын арттыру туралы үнемі қамқорлық жасап келеміз. Бүгінгі таңда ол АҚДД-тың 2 миллиард долларына таяу.

Сайып келгенде, халықтың ең аз қорғалған жіктеріне деген біздің аянышымыз бен олардың тағдырына деген алаңдаушылығымызды білдіретін



әлеуметтік сала басты мәселе болып отыр. Инфляцияны ауыздықтауға орай тұрақты төлемақы алатын адамдардың нақты табысының құлдырауы тоқтатылды. Доллармен есептегенде орташа айлық жалақының мөлшері бір жылдың ішінде 1,6 есе өсіп, өткен жылдың желтоқсанында 105 доллардай болды. Алайда, қаңтарда ол небәрі 62,5 доллар болып қалды.

Жоғарыда айтылғандардың бәрі атқару органдары, экономикалық құрылымдар, еліміздің Үкіметінің басқа да тарамдары 1994-1995 жылдарға арнап қабылданған бағдарламалық құжаттардың негізгі көрсеткіштерін орындау үшін көп істер тындырды деуге негіз береді.

Бірақ бұл өзімізді-өзіміз алдарқату үшін ешқандай негіз болмақ емес. Егер белгіленгеннің бәрі толық жүзеге асырылса, оның үстіне Үкімет, әрбір ведомство және әрбір әкім ойдағыдай жұмыс істесе, онда Қазақстан экономикасы, оның халқының тұрмысы, әрине, бұдан да жоғары болар еді.

Президенттің сан рет тапсырғанына қарамастан, Үкімет пен Ұлттық банк қазірдің өзінде келеңсіз құбылысқа айналып отырған бірқатар принципті маңызды проблемаларды шеше алған жоқ.

Бұл ең алдымен төлем дағдарысын жоюға байланысты.

Мен Үкіметке оның есеп беруі кезінде, ең таяудағы уақыт ішінде шешімін қажет ететін ірі ауқымды, басты міндеттердің бірі осы екенін айттым. Осы бағытта еліміздің қуатты күштері де, үздік ақыл-ойы да шоғырлануы тиіс. Әйтпесе біз бір орынды шиырлап, өсудің зор күш-жігермен жасалған резервтерінен айрыламыз.

Үкімет қолайлы және тұрақты инвестициялық ахуалды жасау міндетін өте баяу шешіп келеді. Осы ерекше маңызды сала ұдайы олқылықтарға ұрынуда: бірде ұйымдық тұрғыдан, бірде құқықтық қамтамасыз ету жағынан, тіпті, кейде, инвестициялық жобалар мен кепілдерді хаттау процедуралары тұрғысынан кемшіліктерден арыла алмай келеді. Әр ретте жаңа ойлар мен әдістер туралы айтылады, пікірталастар өрістейді, бірақ бұл орайда сындарлы, практикалық ұсыныстар өте аз енгізіледі.

Үкіметтің, оның мекемелерінің, өкімет пен басқарудың басқа да органдарының жұмысында өзге де олқылықтар мен кемшіліктер аз емес. Бірақ ең бастысы – бұл әлеуметтік сала. Үкіметтің тарапынан жалақы мен зейнетақыны төлеуде қарыз болудың келеңсіз практикасы жалғасып жататын болса, ешқандай да ақталуды мен қабыл алмаймын. Өткен жылы біздің жүздеген мың отандастарымыздың тіршілік етудің бірден-бір және қарапайым көзі болып табылатын сомаларды төлеудің ұзақ мерзімге кешіктірілуінің көптеген фактілері орын алды. Қаржысы бола тұрып жалақыны дер кезінде төлемейтін және төлемдерді өтемеу проблемасын қолдан жасайтын меншіктің кез келген түріндегі кәсіпорындардың басшыларына Үкімет шара қолдануға тиіс.

Халықтың тұрмысының әлеуметтік жағдайын жақсарту мәселелері жөніндегі өзім қабылдаған заңдар мен жарлықтардың орындалуына бақы-

лау жасауды Президент әкімшілігінің аппараты және Бас прокуратура жүзеге асырады. Бақылау қатаң әрі тұрақты болады.

Реформаның барлық бағыттары, экономиканың әрбір саласында және секторында жүргізіліп жатқан барлық шаралар, сайып келгенде, халықтың табысының өсуінен, оның материалдық игілігінің жақсаруынан көрінуге тиіс. Бұл басты буын, тіпті реформалардың бүкіл түйіні. Әйтпесе біз жалпы реформаларды несіне жүргіземіз және бүкіл мемлекетті несіне толығынан қайта құрамыз?

Әрбір кезеңде барлық өзгерістің жүзеге асу тиімділігін осы басты өлшеммен және индикатормен салыстырған жөн.

Реформалардың одан әрі дамуын айқындау үшін менің тапсыруым бойынша Үкімет үш жылдық орташа мерзімді бағдарламаны әзірледі, оны өткен жылдың аяғында бекіттім. Ол өзінің мақсаты етіп 1998 жылға қарай инфляцияның жылдық қарқынын тоғыз-он екі пайызға дейін төмендетуді қойып отыр. Ал үстіміздегі жылға келетін болсақ, онда инфляцияның деңгейі 26 пайыздан асырылмауға тиіс.

Құрылымдық-инвестициялық саясат едәуір күшейтіледі, тиімділігі жоғары және бәсекелестікке қабілетті өндіріске сыртқы және отандық инвестициялардың тасқыны үшін қосымша ынта туғызылатын болады. Атап айтқанда, 1998 жылға қарай осы жылмен салыстырғанда банк несиесі үшін нақты пайыздық ставканы шамамен алты есе төмендету көзделіп отыр.

Айтқандайын, біздің еліміз Халықаралық валюта қорынан және басқа да халықаралық қаржы ұйымдарынан өзіміз алған мемлекеттік несиелермен заемдар бойынша 1995 жылдағы өзінің қарызын толық өтеп шықты. Ал бұл аз да, көп те емес – барлығы 249 миллион доллар. Мұндай ұқыптылық іскерлер әлемінде жоғары бағаланады. Енді Қазақстанның үлкен бизнес әлемінде сенімді әрі міндетін орындайтын әріптес ретіндегі беделі ешқандай да күмән келтірмейді, ал мұның өзі біздің шетелмен іскерлік байланыстарымызды одан әрі өрістету үшін жақсы кепіл болып табылады.

Үстіміздегі жылы өндірістік кәсіпорындардың реформасы жүзеге асырылатын болады, ал жүргізілетін өзгерістердің салмағын макроэкономикалық деңгейден микроэкономикалық деңгейге көшіру көзделіп отыр. Біз, айтылып жүргеніндей, жоғары деңгейдегі түсініктермен және категориялармен істес болуға және басқаруға үйрендік. Қазір енді қарапайым істермен етене айналысып, біздің кәсіпорындардың қызметін жандандыруымыз қажет. Мұның өзі мемлекеттік те, сондай-ақ жеке де, өсіресе, жаппай ішкі өнімнің негізгі бөлігі жасалатын материалдық өндіріс салаларының кәсіпорындарына да қатысты.

Мұны біздің мемлекетіміздің, біздің тәуелсіздігіміздің негізін құрайтын тиімді, нақ сол тиімді нарықтық экономика арнасына көшіру және көтеру қажет.

Нақты орташа жалақының, тұтастай алғанда халық табысының өсуін қамтамасыз ету, халықтың әлеуметтік қорғалмаған жіктерін нақтылы қолдауды күшейту бағдарламаның тағы бір өзекті қыры болып табылады. Оның "Әлеуметтік саясат" деп аталатын тарауында, бір жағынан, тұрмысы нашарларға көмек көрсетуге, екінші жағынан, кірістерді тежеу мақсатында табысты реттеп отыруға көңіл бөлінген.

Үкімет ең кедейлер мен ең байлардың табыстары арасындағы алшақтықты қысқартуға ұмтылады. Алайда, халықтың жеткілікті түрде қамтамасыз етілген, өздерін әдетте ортаңғы тап деп атайтын едәуір көп және бұқаралық жігін қалыптастыруға қамқорлық жасаудың маңызы ерекше. Оған ұсақ және орташа бизнесмендер ғана емес, сонымен бірге білікті жұмысшылар, ғалымдар, басқа мамандықтар мен әлеуметтік жіктердің өкілдері қосылуға тиіс.

Тұрақты қоғам өзінің дәл осындай ортаңғы табымен күшті және соған сүйенеді. Мұндай тап болмаса кез келген қоғамның тепе-теңдік пен тұрақтылық алуы өте қиын. Бізде мұндай жік әлі жоқ. Бұл үшін Үкіметтің, жергілікті өкімет органдарының оны қалыптастыруға көмектесетіндей шаралар қолдануы қажет. Сондықтан әлеуметтік-саяси ахуалды бағалаудың негізгі көрсеткіштері қатарына ортаңғы тапты, әсіресе, өндіріс саласындағы шағын және орташа бизнестің дамуы есебінен туындайтын ортаңғы тапты қалыптастыру процесін сипаттайтын көрсеткіштерді енгізім келеді.

Мұнда біздің депутаттық корпусымыз да едәуір маңызды рөл атқаруға тиіс. Біздің "Кәсіпкерлікті қорғау және қолдау туралы" заңды жәй ғана қайтадан қарап қоймай, сонымен бірге бүгінгі күннің шындығын ескере отырып қабылданған заң актілерін түзетуіміз және заң пакетін әзірлеуіміз керек. Мемлекет жеке кәсіпорындарды құру жолындағы, тұтастай алғанда кәсіпкерлік жолындағы барлық бюрократтық тосқауылдарды алып тастауға тиіс.

Өтпелі кезеңде, барлық қиыншылықтарға қарамастан, азаматтық тыныштық пен қоғамдық татулықты қолдаудың ерекше маңызы бар. Басқару және әлеуметтік бақылау институттарын бүлдірместен қоғамдық өзгерістерді қамтамасыз ететін саяси тұрақтылық – қоғамдық қайта құрулар табысының ең бірінші шарты. Сондықтан бүгінгі Қазақстандағы ұлтаралық үйлесім мен әлеуметтік тыныштық – демократияның басты құрамдас бөлігі. Экономикалық қайта құру мен халықтың әл-ауқатын жақсартудың табыстылығы да осыған байланысты. Ал бүлдіруге қызмет ететіндер демократиялық нормаларға және экономикалық реформалардың бағытына кереғар әрекет етеді. Міне, біздің Конституциямыздың мұндай әрекеттерге тыйым салатыны да сондықтан.

Біздің егемен мемлекетіміз үшін бұдан бұрынғы жылдарда саяси саладағы басым бағыт – мемлекеттің егемендігін нығайту, саяси жүйенің ұтымды үлгісін таңдап алу болып келді. Бұл жалпы міндетті біз ойдағыдай орындап шықтық. Енді өз күш-жігерімізді жекелеген, бірақ бәрібір маңызы ай-

рықша проблемаларды шешуге, демократиялық талаптар рухында адамның құқықтары мен еркіндігін толыққанды қамтамасыз етуге жұмылдыра аламыз.

Өткен кезеңде еліміздің жаңа Ата Заңында жарияланған бұл нормалар нақты мазмұнмен толығы бастады. Бүгінде сөз бен ар-намыс еркіндігі, саяси плюрализм біздің өміріміздің шындығына біржола және кері қарай кетпестей болып енгенін ешкім де жоққа шығара алмаса керек. Жаңа Конституцияның жобасын басым көпшілігі сөзсіз қолдаған саяси партиялар мен қозғалыстардың беделі бірте-бірте өсе түсуде. Олар мен Үкімет арасындағы пікірсайыс неғұрлым сындарлы сипат алып келеді.

Мұның өзі – демократияның дамуы үшін жақсы алғышарт. Сондықтан қол жеткенді нығайтып, одан әрі ілгері басу үшін біздің бәріміздің ойдағыдай жұмыс істеуіміз керек. Ал осы мақсаттар үшін биліктің барлық салаларының, қоғамның барлық саяси субъектілерінің саналы ынтымақтастығы қажет.

Елдің серпінді даму кезеңіне шығу үшін біз пайда болған оңды нышандарды бекітіп, саяси, экономикалық және әлеуметтік ахуалды біржола тұрақтандыруға тиіспіз. Мұны Парламенттің негізгі саяси міндеті деп қараған жөн. Бұл оның қабылдайтын заң актілерінде дәйекті түрде жүзеге асырылуы керек.

Осы орайда мен бір жәйтті айтпасам болмайды. Елдің Конституциясы Парламенттің заң шығарушы құзырының шегін тағайындағаны белгілі. Бұл дұрыс қадам, өйткені әрбір мемлекеттік орган тек өзіне ғана тән өкілеттіктерді жүзеге асыруға тиіс. Алайда бұл құзырлықтың мазмұны өте кең, сондықтан сіздердің жұмыстарыңыз бастан асатын болады, өйткені біздің мемлекеттігіміздің және қоғамдық өміріміздің барлық негіздері шын мәнінде тек заңдар арқылы реттелетін болады. Сонымен бірге Үкімет актілерінің беделі де елеулі түрде өсуге тиіс.

Жаңа заң актілерін, былайша айтқанда, екінші буындағы актілерді қабылдау жөнінде орасан зор жұмыс алда тұр. Бұл ең алдымен жаңартылған кодекстердің үлкен бір тобы. Оның ішінде Қылмыстық кодекс және Азаматтық кодекстің ерекше бөлігі, Әкімшілік құқық бұзу туралы, Неке және отбасы туралы кодекс, Еңбек және Тұрғын үй кодекстері бар. Іргелі Қылмыстық-процессуалдық және Азаматтық-процессуалдық кодекстерді қабылдау алда тұр. Бұлар арқылы сот реформасын жетілдіру қамтамасыз етіледі. Бұларды жай тізіп шығудың өзі, төтенше маңызы бар қоғамдық қатынастарды кодификациялап, реттейтін осы актілерді қабылдаудың өзі кез келген заң шығарушы органның абыройын көтеретінін түсіну үшін жеткілікті.

Негіз қалайтын конституциялық нормаларды, ең алдымен адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарына қатысты нормаларды дамытатын және іске қосатын заңдардың тобын тынымсыз, мұқият әзірлеу және қабылдау қажет. Олардың қатарында Парламенттің қарауына ұсынылған

"Митингтер мен шерулер туралы", "Саяси партиялар туралы", "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы", "Ұжымдық еңбек даулары және ереуілдер туралы" және басқа заңдардың жобалары бар.

Үкімет ұсынған және елімізде нарықтық өзгерістерді одан әрі ілгерілетуді қамтамасыз етуге тиісті экономикалық заңдар жобаларының тізбесі де едәуір ауқымды. Олардың ішінде "Шаруашылық серіктестіктер туралы" (жаңа редакциясында), "Жеке кәсіпкерлік туралы", "Бюджет жүйесі туралы", "Бәсекелестікті дамыту және монополистік қызметті шектеу туралы" жобалар бар. Біздің салық жөніндегі заңымызды жетілдіретін, экономиканың басқа да көптеген проблемаларына көзқарасты қайта қарайтын кез жетті.

Парламент әлеуметтік қатынастарды реформалау жөнінде маңызды рөл атқаруға тиіс. Мен Үкіметке зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесін реформалау туралы, жұмыспен қамту туралы заңдарға өзгеріс енгізу туралы, өндірістегі бақытсыз жағдайлардан және кәсіби аурулардан міндетті түрде сақтандыру туралы, әлеуметтік серіктестік туралы, азаматтарды міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы және басқа да көптеген заң жобаларын әзірлеу жөнінде тапсырма бердім.

Парламенттің заң шығарушы қызметінің елеулі бөлігі мемлекет пен қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуді реттейтін, біздің мемлекеттік және қоғамдық институттарымызды ұйымдастыруды және олардың қызметін реттейтін заңдардың жобаларын талқылаудан тұруға тиіс екені де орынды. Бұл орайда табиғатты қорғау, өрт және жол қауіпсіздігі, азаматтық қорғаныс, атом энергиясын пайдалану, жергілікті өкілдікті және атқарушы органдардың қызмет етуі, жергілікті өзін-өзі басқару, нотариат және адвокатура органдарының жұмыс істеуі, дипломатиялық және консулдық қызметтер және тағы басқа мәселелер ескеріліп отыр. Оның үстіне бұрын қабылданған заңдарды еліміздің жаңа Конституциясына сәйкестендіруге байланысты қызметтің орасан зор көлемі алда тұр.

Құрметті депутаттар! Мен сіздерді Қазақстанның көпұлтты халқын прогрестің және гүлденудің жолымен табысты түрде ілгерілетуді қамтамасыз ететін қоғам мен мемлекетке өміршең қажетті заңдарды қабылдауға басты назар аударуға және мақсаткерлікпен күш-жігерді шоғырландыруға шақырамын. Тек осындай жағдайда ғана олар сайлаушылардың қолдауына және мақұлдауына ие болмақ. Заңдар Конституцияға сәйкес келуге тиіс екенін ескере келіп, депутаттардың өздері де Негізгі Заңды жетік білуге және заңдарды дәл орындаудың өнегесі болуға тиіс.

Жаңа жағдайда біздің заңдарымыз орын алып отырған құбылыстардың жай-күйін жай ғана бейнелеп қана қоймай, сонымен бірге қоғам мен мемлекеттің дамуының ұзақ мерзімді тенденциялары мен келешегін ескеруге, өз бойына болашаққа деген болжамды сіңіруге, біздің көпұлтты халқымызды болашақ ұрпақтардың игілігі үшін қарқынды жұмыс істеуге бағ-

дарлауға, азаматтардың бойында қазақстандық патриотизм сезімін тәрбиелеуге тиіс.

Парламенттің мемлекеттік өкіметтің басқа да тармақтарымен өзара қарым-қатынасының сипаты маңызды мәселе болып қала береді.

Дүниежүзілік практика, сондай-ақ біздің қазақстандық тәжірибеміз бұл проблема қашанда көкейтесті проблема болып келгенін және болып қала беретінін көрсетіп отыр.

Әйелдер өздерінің қоғамдағы орнын, мемлекеттік істерге қатысын барған сайын айқын сезініп келеді. Бүгінгі таңда біздің мемлекетімізде аймақтық және мемлекеттік саясаттың қалыптасуына айтарлықтай ықпал етіп келе жатқан жиырмаға жуық әйелдердің қоғамдық ұйымдары жұмыс істейді. Сіздердің белсенді азаматтық позицияларыңыз өткен жылы қыркүйекте Пекинде "Теңдік, даму және бейбітшілікке қол жеткізу жолындағы іс-қимыл" ұранымен өткен әйелдердің жағдайы жөніндегі Бүкіл дүниежүзілік IV конференцияда Қазақстанға абырой мен құрмет ала келді.

Біздің еліміз дағдарыстан шығып, өркениетті дамудың даңғыл жолына әлі түскен жоқ. Дегенмен, қараңғыда қармалап, адасқанымыз артта қалды. Қазір экономикалық сауығу бағытымен келе жатқанымыз көзі қарақты жандардың бәріне белгілі. Ал оған қол жеткізуіміз үшін әрқайсымыздан барынша сабырлылық, парасаттылық пен өз ісімізге деген сенімділік талап етіледі. Тек сіздер, біздің аналарымыз бен қарындастарымыз, жарлармыз бен қыздарымыз, ұстамдылық пен шыдамдылықтың үлгісін көрсете білесіздер, өз балаларыңыздың болашағы, көпұлтты Қазақстанның игілігі жолындағы жасампаздық істерге, ер-азаматтарды жігерлендіре аласыздар. Оған сенімдімін.

Мерекелеріңізбен құттықтай отырып, әсем де шапағат мейірімі мол әйелдер, сіздерге, сіздердің туған-туысқандарыңыз бен жақын-жуықтарыңызға зор денсаулық, бақыт тілеймін, ойға алған мақсат-мүдделеріңіз орындала берсін. Отбастарыңыздан қашанда құт-береке, ынтымақ кетпесін! Қай кезде де жүздеріңіз жарқын болсын.

**ПОЗДРАВЛЕНИЕ  
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА  
ЖЕНЩИНАМ КАЗАХСТАНА С ПРАЗДНИКОМ –  
МЕЖДУНАРОДНЫМ ЖЕНСКИМ ДНЕМ\***

---

*Алматы, 8 марта 1996 года*

**ПУСТЬ ВАШУ ЖИЗНЬ ОЗАРЯЕТ СВЕТ ДОБРА И СЧАСТЬЯ**

**Дорогие соотечественницы!**

Примите мои самые теплые, искренние поздравления со светлым весенним праздником – Международным женским днем. Эти идущие от сердца слова несут в себе восхищение вами, чувство глубочайшей признательности за тот огромный вклад, который вы вносите в социально-экономическое и культурное развитие Казахстана.

Знаю, что экономический кризис и жизненные неурядицы взвалили на ваши хрупкие плечи немалую тяжесть. Но мудрость и обаяние, душевная щедрость и собственное достоинство, твердая уверенность в завтрашнем дне помогли вам выстоять, не согнуться под тяжким грузом. Спасибо вам за это!

Трудно переоценить роль женщины в современном мире. Она поддерживает тепло в семейных очагах, воспитывает и растит детей, заботится о престарелых и наравне с мужчиной вносит свою лепту в достижение экономического процветания и общественного прогресса. Но хотя ее вклад в копилку человеческой цивилизации общепризнан, многие проблемы, испокон веков стоящие перед прекрасной половиной человечества, до сих пор еще в мире полностью не решены.

Начав строить демократическое, правовое государство, мы не имели права брать в новую жизнь старые заблуждения и предрассудки. Поэтому позаботились о том, чтобы создать надежный механизм, ограждающий женщин от скрытой и явной дискриминации. В целях активизации работы по защите интересов семьи, обеспечению необходимых условий для участия женщин в политической, социальной, экономической и культурной жизни страны в прошлом году при Президенте республики был создан Совет по проблемам семьи, женщин и демографической политике. Он определяет приоритеты и готовит рекомендации по решению этих важнейших вопро-

---

\* Газета "Казахстанская правда", 8 марта 1996 года.

сов, занимается подготовкой проектов соответствующих указов и распоряжений Главы государства.

И женщины все отчетливее осознают свою общественную миссию, причастность к государственным делам. Сегодня в нашем государстве работает около двух десятков общественных женских организаций, оказывающих заметное влияние на формирование региональной и государственной политики. Именно ваша активная гражданская позиция снискала Казахстану авторитет и уважение участниц IV Всемирной конференции по положению женщин, которая состоялась в сентябре прошлого года в Пекине и прошла под девизом "Действия для достижения равенства, развития и мира".

Наша страна еще не преодолела кризис и пока не вышла на магистральный путь цивилизованного развития. Однако блуждания в потемках остались позади. Теперь уже любому непредубежденному человеку видна наметившаяся тенденция экономической стабилизации. А чтобы достигнуть ее, от каждого из нас потребуются немало спокойствия, мудрости и уверенности в своих силах. Убежден, что именно вы, наши матери и сестры, жены и дочери, покажете пример выдержки и терпения, вдохновите мужчин на созидательную работу во имя будущего своих детей, благосостояния многонационального Казахстана.

Поздравляя вас с праздником, милые и всегда прекрасные женщины, желаю вам, вашим родным и близким крепкого здоровья, большого человеческого счастья, исполнения всех замыслов и желаний. Пусть уют и семейное тепло никогда не покинут ваши дома! Пусть свет добра и счастья озаряет ваш путь!

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ  
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ТЕЛЕДИДАР АРҚЫЛЫ РЕСЕЙ  
ФЕДЕРАЦИЯСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ДУМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫЛАРЫНА  
СӘЙКЕС ЖАСАҒАН МӘЛІМДЕМЕСІ\***

---

*Алматы, 17 наурыз 1996 жыл*

**КСРО-НЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ МҮМКІН ЕМЕС, БІРАҚ ТМД-ДАҒЫ  
ИНТЕГРАЦИЯНЫ ТЕРЕҢДЕТУ ҮШІН ОРТАҚ КҮШ-ЖІГЕР ҚАЖЕТ**

Мен ТМД-ға қатысушы мемлекеттер басшыларының қаңтардың 19-ындағы мәжілісінің өзінде-ақ арнаулы мәлімдеме жасап, онда Кеңес Одағын қалпына келтіру жөніндегі қандай да бір әрекеттің ауыр зардаптары болатыны жайында ескерткен болатынмын. Сонда мұндай әрекеттердің ТМД аумағындағы ахуалды тұрақсыздандырып, тіпті қантөгіске апарып соқтыруы мүмкін екені де айтылды. Осы мәлімдемеде Қазақстан өзінің егемендігі мен тәуелсіздігін ешқашан да қолдан бермейтіні, алайда интеграцияны тереңдету үшін ортақ күш-жігердің қажет екендігі атап көрсетілген болатын.

Мен үшін, Кеңес Одағының ыдырайтыны айдан анық болған және одақтық шартқа қол қойылмай қалған 1991 жылғы тамызда да және интеграция процесін нақты тереңдетуге біз барынша жақындап келген бүгінгі күні де сол баяғы ұялас күштердің әрекет етіп отырғаны басы ашық дүние. Бұл – бүлдіргіш күштер.

Олар ТМД мемлекеттерін бытыратқысы, үрей мен сенімсіздік ахуалын туғызғысы келеді. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы құрдымға жібермекші. Бірақ бұл арада олар осы әрекеттерімен Ресей мемлекеттігін талқандайтынын да естен шығаруда. Президент сайлауы қарсаңындағы мұндай саяси құйтұрқы ойындардың құны тым қымбатқа түсіп жүрмес пе екен?

Наурыздың 16-сында, мен Борис Николаевич Ельцинмен телефон арқылы сөйлестім. Ол Мемлекеттік Дума қаулыларының Ресей Федерациясының халықаралық құқық объектісі ретіндегі мәртебесіне қатысты болмайтынын және халықаралық шарттардың күшін тоқтату мәселелері мұндай нысанда жүзеге асырылмайтындығын, керісінше тиісті заңдарды қабылдау жолымен шешілуге тиіс екенін қуаттады.

Думаның қаулыларында ТМД-ны құру туралы 1991 жылғы желтоқсанның 8-індегі келісімді бұзу туралы әңгіме болып отырған жоқ. Ресей Президенті

---

\* "Егемен Қазақстан" газеті, 19 наурыз 1996 жыл.

Мемлекеттік Дума қаулыларының қандай да бір құқықтық салдары болмай-тынын да қуаттады.

ТМД-да интеграцияны дамытуға басқа балама жоқ деп пайымдауға толық құқылымын деп санаймын. Интеграцияның жолына кедергі қою ешқандай нәтиже бермек емес.

Біз қазір Ресеймен бірлесіп, әлеуметтік-экономикалық және гуманитарлық салалардағы интеграцияның жаңа үлгісін жасау үстіндеміз. Наурыздың соңында интеграцияны жаңа белеске көтеретін ауқымды құжатқа қол қоймақ ниетіміз бар. Бұл тең құқықтық, егемендікті, тәуелсіздікті және аумақтық тұтастықты өзара құрметтеу принциптеріне негізделген екі жаққа да тиімді интеграция болмақ.

Қазақстанның тәуелсіздігіне оның Конституциясында кепілдік берілген.

Саяси қозғалыстардың, партиялардың немесе жекелеген адамдардың Конституцияға қайшы келетін, еліміздегі жағдайды тұрақсыздандыруды көздейтін кез келген әрекеттері заңсыз деп танылады және оларға батыл тойтарыс берілетін болады. Еліміздің Конституциясын бұзуға ешкімнің де құқығы жоқ және мен, оның мүлтіксіз сақталуын қатаң қадағалайтын боламын.

Біз – Қазақстан халқы – ТМД-ның барлық елдерімен, солардың ішінде Ресеймен тату көршілік және достық қатынастарды дамыта отырып, тұрақтылық жағдайында өмір сүруге тиіспіз. Бұл біздің дәйекті де принципті бағытымыз.



**ЗАЯВЛЕНИЕ  
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА  
В СВЯЗИ С ПОСТАНОВЛЕНИЯМИ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ДУМЫ  
РОССИЙСКОЙ ФЕДЕРАЦИИ\***

---

*Алматы, 17 марта 1996 года*

**ВОССТАНОВЛЕНИЕ СССР НЕВОЗМОЖНО, НО НЕОБХОДИМЫ  
ОБЩИЕ УСИЛИЯ ДЛЯ УГЛУБЛЕНИЯ ИНТЕГРАЦИИ В СНГ**

Еще 19 января на заседании глав государств – участников СНГ в Москве я обратился со специальным заявлением, в котором предупредил о пагубных последствиях любого рода действий, преследующих цель восстановления Советского Союза. Тогда же говорилось о том, что эти действия чреваты резкой дестабилизацией ситуации на территории СНГ и даже кровопролитием. В этом заявлении подчеркивалось, что Казахстан никогда не поступится своим суверенитетом и независимостью, однако необходимы общие усилия для углубления интеграции.

Для меня абсолютно очевидно, что и в августе 1991 года, когда был фактически предопределен распад Советского Союза и сорвано подписание союзного договора, и сейчас, когда мы вплотную подошли к реальному углублению процесса интеграции, действуют силы одного и того же порядка. Это деструктивные силы.

Они хотят разобщить государства СНГ, внедрить атмосферу беспокойства и недоверия, они стремятся разрушить Содружество Независимых Государств, забывая при этом, что тем самым разрушают и российскую государственность. Не слишком ли это дорогая цена за политические игры в канун президентских выборов?

16 марта я разговаривал по телефону с президентом Борисом Николаевичем Ельциным. Он подтвердил, что постановления Госдумы не затрагивают статуса Российской Федерации как субъекта международного права и что вопросы прекращения действия международных договоров не могут осуществляться в такой форме, а должны решаться путем принятия соответствующих законов. В постановлениях Думы речь не идет о денонсации соглашения от 8 декабря 1991 года о создании СНГ. Президент России подтвердил также, что постановления Госдумы не несут каких-либо правовых последствий.

---

\* Газета "Казахстанская правда", 19 марта 1996 года.

Полагаю, что имею полное право утверждать: развитию интеграции в СНГ альтернативы не существует. Попытки поставить заслон на пути интеграции контрпродуктивны.

Вместе с Россией мы сейчас работаем над созданием новой модели интеграции в социально-экономической и гуманитарной сферах. В конце марта мы наметили подписание масштабного документа, который выведет интеграцию на новый уровень. Это будет взаимовыгодная интеграция, построенная на принципах равноправия, взаимного уважения суверенитета, независимости и территориальной целостности друг друга.

Независимость Казахстана гарантирована его Конституцией. Любые действия политических движений, партий или отдельных лиц, идущие вразрез с Конституцией и преследующие цель дестабилизировать ситуацию в нашей стране, будут рассматриваться как незаконные и решительно пресекаться. Никому не позволено нарушать Конституцию страны, и я, как Президент, буду строго следить за ее соблюдением.

Мы – народ Казахстана – должны жить в обстановке стабильности, развивая отношения добрососедства и дружбы со всеми странами СНГ, в том числе с Россией. Это наша последовательная и принципиальная линия.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ  
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ "ОРЫС КІТАБЫ" ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
КӨРМЕ-ЖӘРМЕҢКЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ ҚҰТТЫҚТАУЫ\***

---

*Алматы, 21 наурыз 1996 жыл*

**Қымбатты достар!**

Тату көршіліктің ежелгі дәстүрлері, мұраттар ортақтастығы, тағдырлар одақтастығы, мәдениеттердің біте қайнасып, өзара байытылуы Ресей мен Қазақстан халықтарын жалғастырып отыр. Бұл байланыс ғасырларға кетеді, өйткені өзіміз өмір сүріп, тіршілік етіп отырған біздің мемлекеттеріміздің ең ұзаққа созылған шекара арқылы іргелесіп жатқаны – нақтылық.

"Орыс кітабы", қазақ жеріне қош келдің!" деген сөздер арқылы мен өз отандастарымның ортақ көңіл күйін білдіремін деп ойлаймын.

Қош келдіңіздер, туыстар! Өктемші емес, ерікті одақ, қызыл сөзден аулақ, шынайы достық, өзара экономикалық мүдделілік шын мәнінде мол жеміс береді.

"Орыс кітабы" халықаралық кітап көрме-жәрмеңкесіне қатысушыларды, сөз өнерінің барлық жанашырлары мен мәдениет саласындағы мемлекетаралық ынтымақтастықтың насихатшыларын кітаптың және ақыл мен ізгілік нәрін себетін сөздің жарқын да тебіренерлік мерекесімен құттықтаймын!

Сапалық тұрғыдағы жаңа саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени өзара қатынастардың негізін қалап жатқан, демократия тағдыры мен өз халықтарының болашағын қамтамасыз етуге ұмтылып отырған біздің мемлекеттеріміздің игілігі жолында сіздердің жемісті қызмет ете берулеріңізге тілектеспін.

---

\* "Егемен Қазақстан" газеті, 21 наурыз 1996 жыл.

**ПРИВЕТСТВИЕ  
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА  
УЧАСТНИКАМ МЕЖДУНАРОДНОЙ ВЫСТАВКИ-ЯРМАРКИ  
"РУССКАЯ КНИГА"\***

---

*Алматы, 21 марта 1996 года*

**Дорогие друзья!**

Давние традиции добрососедства, общность идеалов, общность судьбы, сплав и взаимообогащение культур соединяют народы России и Казахстана. Эта связь на века, потому что самая большая протяженность границы между нашими государствами – реальность, в которой мы живем и здравствуем.

Думаю, я выражу настрой своих соотечественников словами: "Добро пожаловать, "Русская книга", на казахстанскую землю!"

Добро пожаловать, братья! Ненасильственный, добровольный союз, не декларированная, а подлинная дружба, взаимная экономическая заинтересованность принесут истинно богатые плоды.

Поздравляю участников международной книжной выставки-ярмарки "Русская книга", всех любителей словесности и пропагандистов межгосударственного сотрудничества в области культуры с ярким и волнующим праздником Книги и умного, доброго Слова!

Желаю вам плодотворной деятельности на благо наших государств, закладывающих основы качественно новых политических, социально-экономических и культурных взаимоотношений, озабоченных судьбами демократии и будущим народов.

---

\* Газета "Казахстанская правда", 21 марта 1996 года.

**ВЫСТУПЛЕНИЕ**  
**ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА**  
**НА ВСТРЕЧЕ С ГРУППОЙ ВИДНЫХ ВЕТЕРАНОВ ТРУДА,**  
**БЫВШИХ РАБОТНИКОВ РУКОВОДЯЩИХ ОРГАНОВ**  
**КАЗАХСТАНА, ВНЕСШИХ ЛИЧНЫЙ ВКЛАД В ЕГО РАЗВИТИЕ\***

---

*Алматы, 21 марта 1996 года*

**ИСТОРИЮ НАРОДА НЕЛЬЗЯ ПЕРЕПИСАТЬ**

Я обращаюсь к вам, как к старшим товарищам нынешних руководителей страны, ваши советы и рекомендации по-прежнему помогают общему делу. И во всем нашем обществе высоко ценят богатейший жизненный опыт ветеранов, их замечательные организаторские способности, глубокое знание людей, истории республики, ее сегодняшних проблем.

При вашем непосредственном участии рос и креп Казахстан, создавался и приумножался тот огромный потенциал, без опоры на который вряд ли были бы возможны кардинальные преобразования, происходящие сейчас во всех сферах жизнедеятельности государства. И мы искренне признательны вам за многолетний труд, верность долгу и высоким идеалам, которые вы пронесли, несмотря на трудности времени, требовавшего прежде всего от руководителей неимоверного напряжения сил.

Я сделаю все, чтобы к страницам истории Казахстана, с которыми тесно связана ваша жизнь, никогда не прикасалась нечистоплотная рука, чтобы никто в угоду конъюнктурным соображениям не пытался очернить или обесславить огромный подвиг, который совершили старшие поколения на войне, в годы освоения целины, индустриальных строек.

Ветераны являются искренними сторонниками укрепления нашей государственности, построения экономически сильного, подлинно суверенного, правового общества, утверждения в нем демократических норм.

Разумеется, сегодня мы переживаем немало трудностей. Но твердо знаем, что идем верным путем. Не без ошибок, не без сбоев, но все-таки уверенно и последовательно. В том, что мы непременно достигнем цели, убеждает и та поддержка, которую оказывает проводимому курсу многонациональный народ Казахстана, превыше всего ставящий сохранение дружбы, братства, духовного согласия, единства, интернационализма. И сегодня политика гражданского и межнационального мира – это политика номер один.

---

\* Газета "Казахстанская правда", 22 марта 1996 года.

С этих же позиций мы должны последовательно развивать свои отношения с другими странами, и прежде всего – вековыми друзьями и добрыми соседями, народами республик бывшего Союза. Вот почему все наши внешнеполитические усилия направлены на углубление интеграционных процессов с государствами Содружества в различных сферах.

Но в своих интеграционных устремлениях мы вовсе не пытаемся реанимировать прошлое. Об этом я недвусмысленно заявил на днях в связи с известными решениями российской Госдумы. Независимый путь наших стран – это не просто факт, это живая ткань развития государств Содружества. Но в чисто человеческом плане мы никогда не пойдем на то, чтобы разрубить единый духовный, культурный организм наших народов.

Нынешняя встреча не случайно проходит накануне замечательного праздника Наурыз. Это праздник обновления, труда, созидания, доброты, милосердия. На таких началах и основана, вероятно, жизнь человека.

Я желаю ветеранам всегда оставаться молодыми душой, щедрыми сердцем, крепкого здоровья, благополучия и теплого очага.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ПРЕЗИДЕНТІ Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ  
ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫ НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ**

---

*Алматы, 22 наурыз 1996 жыл*

**Қымбатты қазақстандықтар!**

Біздің жерімізге наурыз мейрамы келді. Сіздерді көне дүниеден, қазақ халқының өткендегі даңқты күндерінен тамыр тартатын көктемнің осынау жарқын мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Бойына сан ғасырлық ізгі дәстүрлерді сіңірген Наурыз жаңару мен жарқын өзгерістердің бейнесі іспетті. Ол адамдардың жамандық пен жағымсыздықты, өткендегі жаңылысуы мен жансақтығын ұмытуға деген бейілін бекемдеп, бейбітшілік жайында, өзі мен балаларының бақыты жайында толғануға шақырады.

Бабаларымыздың ұлағаты бойынша, артына қарайлай бергеннің ғұмыры қысқа.

Міне бірнеше жыл бойы біздің отанымыз – болашаққа ұмтылған Қазақстан, бейнелеп айтсақ, Наурыз қағидаларымен өмір сүріп жатыр. Біз күні өткен қасаңдық атаулыдан бойымызды аулақ салып, жаңару мен өркениетті даму жолымен ілгері басып келеміз. Қанша қиындықтарды бастан кешіріп, қандай ауыртпалықтарды арқаласақ та, алға қойған мақсатымызға жететінімізге менің сенімім кәміл.

Қымбатты жерлестерім, менің осы сенімімді тең бөліскендеріңіз үшін сіздерге рахмет. Ортақ еңбегімізбен, бірлескен күш-жігерімізбен біз барлық тосқауылдарды сөзсіз еңсеріп, Қазақстанды гүлденген, демократиялық, құқықтық мемлекетке айналдырамыз.

Отандастарымды Наурыз мерекесімен құттықтай отырып, барлық қазақстандықтарға бақыт пен қуаныш, игілік пен өршілдік, достық пен өзара түсіністік тілеймін. Бұл күндері достарыңыз бен туыстарыңызға жылы шыраймен қошемет көрсетіңіздер, Наурызға ежелден тән игі істерді жүзеге асыруға ат салысыңыздар – ағаш отырғызыңыздар, өз үйлеріңіз бен көшелеріңізді абаттандыруға бейіл қойыңыздар, көмекке зәру жандарға мейібан да жомарт болыңыздар. Өмірлеріңіз ізгілік нұрына бөленсін!

Отбасыларыңыздан әрдайым береке арылмасын!

---

\* "Егемен Қазақстан" газеті, 22 наурыз 1996 жыл.

# ПОЗДРАВЛЕНИЕ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА КАЗАХСТАНЦАМ С ПРАЗДНИКОМ НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ\*

---

*Алматы, 22 марта 1996 года*

## **Дорогие казахстанцы!**

На нашу землю пришел Наурыз мейрамы. От всего сердца поздравляю вас с этим светлым весенним праздником, уходящим своими корнями в седую древность, в славное прошлое казахского народа!

Освященный вековыми обычаями, Наурыз символизирует собой обновление и добрые перемены. Он укрепляет людей в их стремлении забыть зло, неприятности, прошлые ошибки и заблуждения, зовет думать о мире, о созидании, о счастье для себя и своих детей. Ведь, как учили предки, нельзя идти вперед с повернутой назад головой.

Символично, что вот уже несколько лет наша Родина – устремленный в будущее Казахстан – образно говоря, живет по законам Наурыза. Мы решительно уходим от всего старого, рутинного и движемся по пути обновления, цивилизованного развития. И я уверен, что, несмотря на трудности и лишения, которых сейчас выпадает нам немало, мы достигнем выбранной цели.

Спасибо вам, дорогие земляки, что вы разделяете эту уверенность. Общим трудом, совместными усилиями мы непременно преодолеем все преграды и превратим Казахстан в процветающее, демократическое, правовое государство.

Поздравляя соотечественников с праздником Наурыз мейрамы, желаю всем казахстанцам счастья и радости, благополучия и оптимизма, дружбы и взаимопонимания. Одарите в эти дни улыбкой своих друзей и близких, свершите небольшие, но благородные дела, которыми традиционно славен Наурыз, – посадите дерево, вложите душу в обустройство своего дома и своей улицы, будьте милосердны и щедры к тем, кто нуждается в помощи. Пусть в вашей жизни торжествует добро! Пусть ваш семейный очаг всегда хранит тепло!

---

\* Газета "Казахстанская правда", 22 марта 1996 года.



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ**  
**Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ**  
**МӘДЕНИЕТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ**  
**КЕҢЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ ҚҰТТЫҚТАУЫ\***

---

*Алматы, 5 сәуір 1996 жыл*

**Қымбатты достар!**

Мәдениет саласында жинақталып қалған бірсыпыра өмірлік маңызды проблемаларды талқылау үшін бас қосып отырған сіздерге, көпұлтты Қазақстанның мәдениет қызметкерлеріне, әдебиет пен өнер қайраткерлеріне, шын жүректен сәлем жолдаймын.

Экономикалық дағдарыс жағдайында мәдениеттің көкейкесті мұқтаждарын толығымен қанағаттандыруға мемлекеттің әрдайым мүмкіндігі бола бермейді. Өкінішімізге қарай, шығармашылық ортаның өзі де жаңа ахуалға барынша бейімділік білдіре алмады. Дегенмен, бұлардың уақытша құбылыстар екендігіне сенімдімін.

Еліміз реформалар бағытымен ілгері жылжыған сайын мәдениеттің демократиялық, құқықтық экономикасы қуатты мемлекет құрудағы рөлі бұрынғыдан да арта береді. Оның күнбе-күнгі мұқтажына деген мемлекет назары өсе түседі. Соңғы уақытта, менің пікірімше, Үкімет мәдениеттегі дағдарысты құбылыстарды еңсеру жөнінде айтарлықтай нақты саясат тұжырымдауға күш-жігер жұмсап, оны жүзеге асыруға кірісті.

Бүгін елімізде парасаты биік қоғамда ғана адамдардың шығармашылық қуаты қанаттанып, небір батыл ой-ниеттер мен орасан зор жасампаздық істер үшін қолайлы жағдай туғызылатын терең түсінік туып келеді. Бұл ретте шығармашылық процестерге қандай да бір қысым жасаудан бас тартып отыр. Рухани еркіндік пен бостандық суреткерге қандай да бір цензураға қарамай, дарынының күллі қуатымен тың дүниелер туындауға мүмкіндік береді.

Мәдениеттің достастық елдері арасындағы интеграциялық байланыстарды ұлғайта берудегі рөлі де өлшеусіз. Қазақстан, Беларусь, Қырғызстан мен Ресей арасындағы интеграцияны тереңдету туралы таяуда қол қойыл-

---

\* "Егемен Қазақстан" газеті, 5 сәуір 1996 жыл.

ған шарттар да осы мемлекеттердің әлеуметтік және мәдени салалардағы ынтымақтастығына маңызды орын берілгені кездейсоқ емес. Қол жеткен уағдаластықтарды іске асыру бізге жаңа шекаралардың әр жақтарындағы халықтардың мүддесіне толығымен сай келетін ортақ мәдени және ақпарат кеңістігін құруға жәрдемдеседі деп санаймын.

Сіздерге, сіздер арқылы – Қазақстан мәдениетінің барлық қайраткерлеріне зор денсаулық, сергектік, сенім тілеймін, небір батыр жоспарларыңыз жүзеге аса берсін. Сіздердің шығармашылық әлеуеттеріңіз, күш-қуаттарыңыз бен өмір тәжірибелеріңіздің ортақ ісімізде белсене пайдаланылатынына сенімім кәміл.

**ПРИВЕТСТВИЕ  
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА  
УЧАСТНИКАМ РЕСПУБЛИКАНСКОГО  
СОВЕЩАНИЯ РАБОТНИКОВ КУЛЬТУРЫ\***

---

*Алматы, 5 апреля 1996 года*

**Дорогие друзья!**

От всего сердца приветствую вас, работников культуры, деятелей литературы и искусства многонационального Казахстана, собравшихся, чтобы обсудить жизненно важные проблемы, которых немало накопилось в этой сфере.

В условиях экономического кризиса государство не всегда имеет возможность в полной мере удовлетворить насущные нужды культуры. К сожалению, не в полной мере восприимчивой к новой ситуации оказалась и сама творческая среда. Однако я уверен, что это временные явления.

Чем дальше наша страна продвигается курсом реформ, тем сильнее возрастает роль культуры в построении демократического, правового, экономически крепкого государства. Усиливается и внимание государства к повседневным ее нуждам. За последнее время Правительство предприняло немало усилий, чтобы выработать, на мой взгляд, достаточно реальную политику по преодолению кризисных явлений в культуре, и приступило к ее реализации.

Сегодня в стране все большее понимание находит и то, что только в интеллектуально развитом обществе пробуждается творческая энергия людей, создаются благоприятные условия для дерзновенных замыслов и грандиозных свершений. При этом государство полностью отказывается от какого-либо давления на творческие процессы. Духовная раскрепощенность и свобода дают художнику возможность творить в полную силу его таланта, без оглядки на какую бы то ни было политическую цензуру.

Велика роль культуры и в наращивании интеграционных связей между странами Содружества. Не случайно в недавно подписанном Договоре об углублении интеграции между Казахстаном, Беларусью, Кыргызстаном и

---

\* Газета "Казахстанская правда", 5 апреля 1996 года.

Россией важное место отведено сотрудничеству. Этим государствам в социальной и культурной областях. Считаю, что реализация достигнутых договоренностей поможет нам создать общие культурное и информационное пространства, что в полной мере отвечает интересам народов по разные стороны новых границ.

Желаю вам, а в вашем лице – всем деятелям казахстанской культуры крепкого здоровья, бодрости, оптимизма, осуществления самых смелых планов. Выражаю твердую уверенность, что ваш творческий потенциал, энергия и жизненный опыт будут активно использоваться в нашей общей созидательной работе.

## ВЫСТУПЛЕНИЕ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА ВО ВРЕМЯ РАБОЧЕЙ ПОЕЗДКИ В ЖЕЗКАЗГАНСКУЮ ОБЛАСТЬ\*

---

*Жезказган, апрель 1996 года*

Мы достигли макроэкономической стабилизации, но эти достижения пока не принесли ощутимого улучшения жизни людей. Однако в промышленно развитых регионах, и в Жезказгане, и в Караганде, и в других городах, сложились реальные предпосылки для этого. Потенциал Жезказганской области уже сейчас позволяет во взаимоувязке решать задачи, имеющие не только государственное, но и огромное политическое значение.

Говорю об этом с полной убежденностью, поскольку в Жезказгане последние полтора-два года начали происходить реальные сдвиги в экономике и в эффективном использовании инвестиций. За два месяца этого года объем производства промышленной продукции по сравнению с аналогичным периодом прошлого года возрос почти на 25 процентов. Увеличилось производство меди, серной кислоты, марганцевой руды, электроэнергии. К эффективным явлениям можно отнести и то, что появляются новые виды продукции – сплав доре, золото, кварцит.

Возможно, для большинства рядовых жезказганцев такие экономические понятия, как стабилизация, инвестиции, являются в какой-то мере абстрактными, однако за ними стоит вполне ощутимый рост благосостояния людей. Надо уметь это объяснить. Не без сомнений мы пошли на то, чтобы в Жезказганской области одной из первых в республике внедрить новую форму экономической деятельности – передачу промышленных предприятий в управление иностранным компаниям. Не будет большим секретом, если сообщу, что я активно помогал и являюсь сторонником подобного шага. Несомненно, что передача АО "Жезказганцветмет" в управление известной фирме "Самсунг" явилась положительным фактом. Не случайно в последнее время повышенный интерес к этому проявляют промышленники, экономисты, широкие круги общественности, средства массовой инфор-

---

\* Газета "Казахстанская правда", 6 апреля 1996 года.

мации. Это понятно: передача предприятия во внешнее управление была неоднозначно воспринята в обществе. Что скрывать, даже некоторые специалисты считали, что мы можем понести серьезные издержки при подобном ведении дел. Да и сейчас в Жезказгане порой кипят страсти по этому вопросу. Но разговоры о разграблении национальных богатств и капиталистической кабале пытаются вести чаще всего либо некомпетентные люди, либо поднаторевшие на митингах деятели.

Главным промежуточным итогом можно считать то, что свои обязательства управляющие компании в целом выполняют. И более того, выполняют нередко со значительным опережением. Это касается не только "Жезказганцветмета", но и других предприятий Казахстана.

Не только экономический эффект, но и важное политическое значение проведенной за короткий срок иностранными компаниями работы. К примеру, в АО "Жезказганцветмет" объемы производства за полгода выросли на 65 процентов, производительность труда – на 20 процентов, за это время фирма "Самсунг" вложила в АО 150 миллионов долларов. Экономическая программа на этот год предусматривает еще 60 миллионов долларов инвестиций, но уже за счет прибыли предприятия. "Жезказганцветмет" и другие предприятия республики, переданные во внешнее управление, обрели как бы второе дыхание. В прошлом году только по этим управляющим иностранным компаниям в Казахстан пришло 1 миллиард 200 миллионов долларов частных инвестиций, необеспеченных гарантиями Правительства.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ**  
**Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ**  
**КАИР КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ ІС-ҚИМЫЛ БАҒДАРЛАМАСЫН**  
**ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ БҰҰ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ**  
**КОНФЕРЕНЦИЯСЫНА ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ЖОЛДАҒАН**  
**ҚҰТТЫҚТАУЫ\***

---

*Алматы, 18 сәуір 1996 жыл*

Қазақстанның халықаралық қауымдастыққа лайықты түрде кіру, дүние-жүзілік экономикалық және рухани кеңістіктің бір бөлігіне айналу ұмтылысы, жекелеген тұлғаның белді рөлін мойындауды, қоғамды тиянақты өрге бастыру, кедейлікті жою, отбасын жоспарлауды қоса алғанда, қалпына келтірілген денсаулықты нығайту жөніндегі міндеттерді шешуге және бағдарламаларды жүзеге асыруға жан-жақты көзқарасты дамыту және халықты осы жұмыстарға тарту қажеттігін мойындауды көздейді. Мұның өзі Каир конференциясының іс-қимыл бағдарламасының бағыты болып табылады.

БҰҰ-ның бастамасы бойынша 10 елдің беделді өкілдерінің қатысуымен өткізіліп отырған осы Халықаралық конференция – олардың ұлттық егемендігін нығайтуға, жергілікті халықтың халық санын өсіру, сондай-ақ жалпы алғанда, адамның құқықтары мен бостандықтары саласында аймақтық ерекшеліктері мен қажеттерін ескеруге жәрдемдесетін болады.

Конференцияның ұсыныстары осы елдер үшін аса пайдалы болады деп санаймын және оған қатысушыларға ежелгі қазақ жерінде болған күнде-рінде жемісті жұмыс істеуіне тілектестік білдіремін.

---

\* "Егемен Қазақстан" газеті, 18 сәуір 1996 жыл.

**ПРИВЕТСТВИЕ  
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА  
УЧАСТНИКАМ МЕЖДУНАРОДНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ ООН ПО  
РЕАЛИЗАЦИИ ПРОГРАММЫ ДЕЙСТВИЙ КАИРСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ В СТРАНАХ ОРГАНИЗАЦИИ  
ЭКОНОМИЧЕСКОГО СОТРУДНИЧЕСТВА\***

---

*Алматы, 18 апреля 1996 года*

Стремление Казахстана достойно войти в международное сообщество, стать частью мирового экономического и духовного пространства предполагает признание центральной роли отдельной личности, необходимости развития всестороннего подхода и вовлечения населения в решение задач и реализацию программ по устойчивому подъему общества, искоренению бедности, укреплению репродуктивного здоровья, включая планирование семьи, что является основным направлением программы действий Каирской конференции.

Я уверен в том, что эта международная конференция, проводимая по инициативе ООН с участием авторитетных представителей 10 стран, будет способствовать укреплению их национального суверенитета, учету региональных особенностей и нужд местного населения в области развития народонаселения, а также прав и свобод человека в целом.

Рекомендации конференции будут весьма полезны для этих стран, и желаю ее участникам плодотворной работы в дни пребывания на древней земле Казахстана.

---

\* Газета "Казахстанская правда", 18 апреля 1996 года.



**ЗАЯВЛЕНИЕ  
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА  
ПО СЛУЧАЮ ПОДПИСАНИЯ СОГЛАШЕНИЯ МЕЖДУ РОССИЕЙ,  
КИТАЕМ, КАЗАХСТАНОМ, КЫРГЫЗСТАНОМ И ТАДЖИКИСТАНОМ  
ОБ УКРЕПЛЕНИИ ДОВЕРИЯ В ВОЕННОЙ ОБЛАСТИ  
В РАЙОНЕ ГРАНИЦЫ\***

---

*Шанхай, 26 апреля 1996 года*

**Уважаемые дамы и господа!**

Подписанное сегодня главами пяти государств Соглашение об укреплении доверия в военной области в районе границы является первым в Азиатско-Тихоокеанском регионе документом такого военно-политического уровня и географического масштаба. В сферу действия этого уникального Соглашения вовлечен подлежащий взаимному контролю, а в перспективе и сокращению, громадный военный потенциал. Акт такого рода, конечно же, окажет положительное воздействие на поддержание и дальнейшее укрепление мира и стабильности в Азиатско-Тихоокеанском регионе и на планете в целом.

Данное Соглашение создает прочную правовую основу для последовательного и плодотворного развития двусторонних и многосторонних связей между нашими странами.

Уникальность этого акта заключается в том, что 5 государств в ходе длительного переговорного процесса сумели найти единые концептуальные подходы к решению такой щепетильной проблемы, как достижение консенсуса по мерам доверия в военной области. Хочу поблагодарить членов делегаций всех 5 государств, которые проявили высокий профессионализм при согласовании обширного круга вопросов, получивших сегодня полное отражение.

Считаю весьма важным подчеркнуть еще одно преимущество этого документа. В нем достаточно полно отражены все вопросы и сроки, связанные с процедурой его исполнения и осуществления взаимного контроля. Это сделает Соглашение работающим и эффективным.

Пользуясь случаем, хочу подтвердить последовательность и неизменность внешней политики Казахстана, направленной на укрепление мира и

---

\* Назарбаев Н. А. Избранные речи. Том III. 1995-1998 гг. - Астана: ИД "Сарыарка", 2009. - 582 с.

стабильности на Азиатском континенте, чему и служит наша неизменная политика по построению отношений дружбы и добрососедства с КНР. Достижению этой цели служит также выдвинутая ранее и поддержанная многими государствами казахстанская инициатива по созыву Сопешания по взаимодействию и мерам доверия в Азии. Хочу выразить искреннюю благодарность главам всех 4 государств, поддержавших эту идею. Убежден, что только совместными усилиями, аналогичными тем, что проявлены при подготовке сегодняшнего исторического документа, можно построить мирную, безопасную и стабильную Азию и постепенно продвигаться к азиатскому общему рынку.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ  
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚТАРЫ  
АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ҮШІНШІ СЕССИЯСЫНДА ЖАСАҒАН  
БАЯНДАМАСЫ\***

---

*Алматы, 29 сәуір 1996 жыл*

**МЕМЛЕКЕТАРАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯНЫ ТЕРЕҢДЕТУ,  
ЕГЕМЕНДІКТІ НЫҒАЙТУ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМДІ  
ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТУРАЛЫ**

Сәуірдің 29-ында Президенттің өкілеттігін ұзарту жөнінде жалпы халықтық референдум өткеніне тура бір жыл болды. Ал одан төрт айдан кейін еліміздің жаңа Конституциясын қабылдау жөнінде референдум өтті. Осы екі тарихи оқиғаны Қазақстан халықтарының Ассамблеясы өз шешімдерімен қолдады.

Сондықтан бүгінгі күннің аса маңызды мәселелерін талқыламастан бұрын мен барлық қазақстандықтарды осы сессияға қатысып отырған, сондай-ақ республиканың барлық өңірінде жұмыс істеп жүрген Қазақстан халықтары Ассамблеясының барлық өкілдеріне біздің еліміздегі саяси және құқықтық жағдайды өзгерткен 1995 жылғы тағдырлы да талайлы күндерде қолдау көрсеткені үшін шын жүректен алғыс айтқым келеді.

Әдетте біз қолымыздан шығып кеткен нәрсені ғана бағалаймыз. Әрине, саясат ымыраны жиі тани бермейді, бірақ Қазақстанда осыдан бір жыл бұрын алғашқы референдум өткізілмесе, бүгін не болатынын көз алдымызға елестетіп көрейікші.

Біріншіден, біздің екі жылғы сайлау алдындағы тайталастар және оның үстіне Парламент жоқ кездегі тайталастар алдымыздан шығар еді. Сөйтіп, біз экономикалық реформалар мен әлеуметтік проблемаларға ден қоя алмас едік. Еліміз ұзақ мерзімді сайлау алдындағы аламанға қосылып, оның барысында орындалмайтын уәделер үйіліп-төгілер еді.

Екіншіден, біз жаңа Конституцияны қабылдай алмас едік, өйткені Президенттің бағытын бүкіл халық қолдамайынша, бүкіл мемлекеттік-құқықтық жүйеде іргелі өзгерістерді ұсыну саяси тұрғыдан дұрыс болмас еді.

Үшіншіден, Қазақстанның айқын әрі дәйекті интеграциялық бастамалары іске аспас еді.

Біздің интеграция проблемалары жөніндегі берік айқындамамыз елдегі ішкі саяси тұрақтылықтың арқасында ғана мүмкін болып отыр. Міне, сондықтан да Қазақстан интеграциялық қиялға да немесе интеграциялық

---

\* "Егемен Қазақстан" газеті, 30 сәуір 1996 жыл.

шамшылдыққа да бой алдырмай, керісінше байыпты да нақты тұрғыдан кез келген келісімге көзқарасын білдіруде.

Ақыр соңында, сыртқы жағдайды да ескерген жөн. Әр түрлі себептерге байланысты Ресейдегі сайлау алдындағы тайталастар, жоғары деңгейде, соның ішінде Мемлекеттік Дума деңгейінде қабылданылып жатқан президенттік сайлауға бағытталған шешімдер Қазақстандағы қоғамдық көңіл-күйге де әсер етуде. Егер біздің республика сайлау алааманының қызған шағында болатын болса, онда КСРО-ны қалпына келтіруге жанталасып жүргендер көңіл-күйді барынша ушықтыра түсу үшін осы жағдайды толығымен пайдаланып қалар еді.

Сондықтан мен осы шешім қабылданған кезде өзімнің жеке басымның қамын ойламағанымды батыл мәлімдеймін. Қазір енді, мұның өзі жұртқа түсінікті.

Конституция жөніндегі референдумға келетін болсақ – оның еліміз үшін іргелі салдарлары болды. Бұрынғы конституция аса қарама-қайшылықта еді. Бірқатар әп-әжептеуір өркениетті принциптерді жариялай отырып, ол сонымен бірге кеңестік экономикалық және саяси қатынастардың түзілісін шын мәнінде сақтап келді. Ал жаңа Конституция өзінің мәні бойынша бүкіл мемлекеттік-құқықтық жүйені оның түбегейлі өлшемдерімен бірге қоғамның нақты жағдайына сәйкес етті. Бүгінгі таңда біз мемлекеттік биліктің құрылымдарындағы кез келген қайшылықты шешу жөнінде нақты процедураларға ие болып отырмыз. Тәуелсіздіктің алғашқы төрт жылында қоғам тіл, мемлекеттің сипаты, жерге деген меншік мәселелері бойынша жікке бөлінгенін ұмытпағанымыз жөн. Еліміздің жаңа Негізгі Заңында барлық осы мәселелер барынша ретімен шешілген және осының арқасында аталған проблемалар бойынша шиеленіс жойылды.

Конституция биліктің барлық тарамдарының, азаматтық қоғам мен мемлекет институттарының қарым-қатынастарының қазіргі заманғы негізін шын мәнінде қалады.

Осының бәрі зор маңызы бар мәселелер, ал ең бастысы біздер кезінде нарықтық және ұлттық мемлекет құрылысы үшін құқықтық іргетасты қалай білгенімізге байланысты. Мемлекеттік-құқықтық реформа бойынша осы ілгерілеуде қарқынды жоғалтып алсақ, ол бүгіндері аса қиын іске айналар еді, егер құқықтық саладағы өзгерістер жанамалай және бірден ықпал етпейтін болса, ал экономикадағы жағдай миллиондаған біздің отандастарымыздың тұрмысынан бірден көрінеді.

Қазір социализмге оралу туралы соны аңсаған дауыстар жиі естіліп жатады. Ендеше өзіміздің егемендігімізді жаңа ғана алған 1990 жылдардың басында біздің неге ие болғанымызды еске алып көрелік. Салыстыруымыз әбден түсінікті болу үшін экономикада, сол кезде "бос сөрелер экономикасы" деп сипатталғанындай, 1991 жылдың соңында, 1992 жылдың басында не болғанын еске түсірейік.

Мұның өзі созылмалы ауруға ұрынған, әбден қиыу кеткен, тіпті ақшаның өзі шын мәнінде ешқандай құны болмаған экономика еді. Инфляция жабық нысанынан ашық нысанға көшіп, баға барлық қолданылып жатқан шараларға қарамастан, әкімшілік бақылаудан шығып кеткен болатын. Ақшасы бола отырып, халық та, кәсіпорындар да қажетті тауарлары мен өнімдерін сатып ала алмайтын. Өмірлік маңызы бар тауарларды алу үшін ұзыннан-ұзақ адамдар кезегі күнделікті және барлық жерде де үйреншікті жағдайға айналды. Бұл кезектерді милиция топтары үнемі оқшаулайтын. "Қара" базар, тауарларды жабық бөлу жүйесі мүлдем өршіп кетті.

Өнімдерді қор арқылы бөлудің бұрынғы тұтқалары ұдайы іске жарамай, тауарлар халықтың көптеген топтарына жетпей жатты. Ақша және тауар массалары арасындағы сәйкессіздік экономиканы бұрқ еткізіп, қопару қауіпін туғызды. Ендеше осының бәрін неге тез ұмытамыз?

Ал қазір жағдай бұдан мүлдем басқаша, нарық алуан түрлі тауарларға толы. Дүкендердің желісі күрт өсіп, кезектер мүлдем жойылды. Азық-түлік пен киім-кешекті, электроника мен жиһазды шын мәнінде дүние жүзінің кез келген нүктесінен сатып алу қазір қиын емес.

Ақшаның болғаны жақсы, ал қазір оған байланысты шынында да проблема бар. Мемлекет бюджеттен алынуға тиіс төлемдерді, еңбекақыны және зейнетақыны тиісті адамдарға берумен байланысты мәселелерді шешеді. Бұған аздаған уақыт керек.

Ал басқалар үшін бұл енді принципті түрде жаңа сападағы экономикаға, нарықтық экономикаға тән проблема болмақ. Бұл кезде әрбір адам өзінің тұтыну қабілеті оның қаржы таба ала білу қабілетіне, кәсіпкерлігіне, біліктілігі мен еңбексүйгіштігіне байланысты екенін жақсы түсінуге тиіс.

Еліміздің соңғы жылдары макроэкономикалық тұрақтандыру процесінде қол жеткен жетістіктерін айтпай кеткен жөн болмас. Бұл орайда Қазақстан реформаны шын мәнінде үш жылға жетпейтін уақыт ішінде, яғни теңгенің айналымға енгізілген күнінен – 1993 жылғы қарашадан бастап жүргізіп келе жатқанын есте ұстағаны жөн.

Өткен жылы инфляцияның деңгейін едәуір төмендетіп, біз оны үстіміздегі жылда табысты түрде кемітуді жалғастырып келеміз. Биылғы I тоқсанның қорытындылары бойынша Қазақстанда ол ТМД елдерінің ішіндегі ең аз мөлшері болып отыр. Инфляцияның қарқынын тежеп, біз ең бастысы тұрақты табысы бар адамдарды әлеуметтік тұрғыдан қорғаудың негізгі тұтқасын іске қостық. Ал осы категорияға негізінен халықтың аз қамтылған топтары: зейнеткерлер, студенттер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері қатысты. Ең алдымен инфляциядан зиян шеккен кімдер? Нақ осы адамдар, өйткені олардың табыстары инфляция өскен қарқынымен бірдей өсе алған жоқ.

Оның үстіне, үстіміздегі жылы бюджетке байланысты жағдайдың бүкіл шетіндігіне қарамастан, біз бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері үшін еңбек-

ақыны және әлеуметтік жәрдемақыны төлеуді екі еседей арттыруға бардық. Ал мұның өзі болжанбалы инфляцияны ескергенде тұрақты табысы бар адамдардың нақты еңбекақысы мен табыстарын 50-60 пайызға өсіру дегенді білдіреді.

Қаншама қиын болғанымен, біз осыдан бастап ақшалай салымдар мен жинақтарды индексациялауға кірістік. Мұны халқымыздың ең кедей және жұмысқа қабілетсіз топтары – соғыс мүгедектері мен оған қатысқандардан бастадық. Үкіметтің алдында зейнетақыны төлеу проблемасын шешу және келесі жылдан бастап зейнеткерлердің басқа категорияларына салымдардан шеккен зиянының орнын толтыру міндеті тұр.

Ұлттық валютамыздың белгілі бола бастаған құнын тұрақтандыру кезінде еліміз бойынша нақты орташа еңбекақы доллармен есептегенде ұдайы өсіп келе жатқанын атап өткен жөн.

Бүгінгі таңда Қазақстан осы көрсеткіш бойынша ТМД елдерінде сенімді түрде алғашқы орындардың бірінде келе жатыр. Және Үкіметтің жоспары бойынша бұл көрсеткіш ұдайы өсе түспек. Мұның өзі жұмыс күшінің біздің республикадан басқа аймақтарға, ең алдымен Ресейге көшіп кетуін азайтып, шекаралас облыстардағы көптеген кәсіпорындардың жағдайын тұрақтандыруға жәрдемдесті.

Алғаш рет саудадағы оң балансқа қол жеткізу, экспорттың күрт өсуі экономикадағы қуанышты оқиға болып отыр. Экспорт 1995 жылы импорттан бір миллиард 250 миллион АҚШ долларына асып түсіп, 64 пайызға өсті. Оның үстіне экспортты арттыруда агроөнеркәсіп кешені елеулі рөл атқарғанын атап өткен маңызды. Бұл салада өткен жылы ішкі және сыртқы сауданы күрт жандандыруға көмектесетін түбегейлі реформалар жүзеге асырылды. Доллармен есептегенде агроөнеркәсіп кешені өнімінің экспорты 1995 жылы оның алдындағы жылмен салыстырғанда 2,5 есе өсті. Сөйтіп ол импорттан алғаш рет 1,7 есе асып түсті. Осының бәрі ұлттық валютаның құнын тұрақтандыруға, экономикадағы қаржы жағдайын жақсартуға жұмыс істеп келеді.

Инфляцияның төмендеуімен қоса алғанда мұның өзі халықтың банктердегі салымдарының өсуіне, жинақ ақша процесінің басталуына, демек, өндіріске инвестиция салудың алғышарттарын жасауға, "инфляциялық" экономикадан инвестициялық экономикаға көшу процесіне жеткізеді. Тек 1995 жылы ғана халықтың салымдары 5,4 миллиард теңгеден 12,7 миллиард теңгеге артты, яғни бір жылдың ішінде екі еседен астам өсті.

Осы әлеуметтік-саяси міндеттерді шешуге өндірістегі белең алған тұрақтандыру процесі, экономиканың барлық салаларындағы қаржы тәртібін күрт қатайтуға жәрдемдесті.

Кәсіпорындарды реформалау, жекешелендіру жөніндегі батыл шаралар бірқатар енді тіршіліксіз қалды дейтін учаскелерді өндірісті жандандыруға мүмкіндік берді.

Кәсіпорындарды жандандырудың осындай әдеттен тыс нысанасы, сондай-ақ, оларды кейіннен жекешелендіру арқылы трасталық басқаруға беру шетелдік инвестициялар мен жұмыс капиталын тартуға ғана емес, сонымен бірге жұмыспен қамтылу, еңбекақыны көтеру, өндірістің және өнім экспортының көлемін көбейту мәселелерін шешуге мүмкіндік берді. Өткізіліп жатқан реформалар саясаты арқасында соңғы бірнеше жылдың ішінде ғана Қазақстан экономикасына шетелдік компаниялар екі миллиард доллардан астам қаржы берді. Мұның өзі биылғы және келесі жылдарда өзінің жемісін беретіні сөзсіз. Мұның үстіне бірқатар ірі кәсіпорындардағы жүзеге асырылған реформа саясаты еліміздегі макроэкономикалық және әлеуметтік-саяси жағдайға игі ықпалын тигізді.

Әлеуметтік-экономикалық саладағы күрделі, әрі бір мәнді емес проблемаларды, жіберілген қателіктер мен субъективті кемшіліктерді, халық алдындағы зейнетақыға, еңбекақыға байланысты қарыздар, қылмысқа қарсы күрес және басқа да проблемаларды жоққа шығару жөн болмас еді. Бірқатар қол жеткенді жоққа шығарып, экономиканы басқарудың Мемлекеттік жоспарлау және Мемлекеттік жабдықтау комитеттерін қайта құру арқылы басқарудың күні өткен тәсілдеріне шақыру қазіргі заманғы дүниеде болып жатқан құбылыстарды мүлдем түсінбеу деген сөз.

Осыны мен Қазақстан халықтары Ассамблеясының біздің аса жаңа саяси тарихымыздағы тұрақтандырушы және жұмылдырушы рөлінің айқын екеніне байланысты айтып отырмын. Сондықтан зор қоғамдық маңызы бар проблемалар – Еуразиялық интеграцияны дамыту, қоғамды демократияландыру және жаңа азаматтық тепе-тең қоғамды құру – осы қазіргі жоғары форумда талқылануға тиіс.

Тоқсаныншы жылдардың басында Достастық мемлекеттерінің көпшілігінде үлкен Еуропаға немесе үлкен Азияға тезірек ену мүмкіндігі туралы көзқарас басым түсіп жатты. ТМД-ның кейбір елдерінде Батысқа немесе Шығысқа тезірек бірігу ұмтылысы, шетелдік көмекке деген үміт пен сенім қазірдің өзінде қолда бар және ондаған жылдар бойы пысықталған шаруашылық байланыстарды сақтаудың қажеттігін көлегейлей берді. Мұндай тәсіл достастықтың өзіндегі интеграциялық процестерді тежеп, экономикалық проблемаларды тереңдете түсті.

Нақ осыған байланысты 1994 жылғы көктемде Еуразиялық одақты құру идеясы пайда болды. Түрлі күштердің – кеңестік кезеңнен кейінгі кезеңдегі тезірек ажырауды жақтаушылардан бастап, КСРО-ны қалпына келтіру жөніндегі қызба мінезді жақтаушыларға дейін осы идеяға ашықтан-ашық қарсы әрекет көрсетілуіне қарамастан, ол Еуразияның орасан зор кеңістігіндегі интеграциялық процестердің неғұрлым шынайы үлгісі болып табылды.

Бүгінгі таңда жаңа интеграцияның өзін Еуразия одағы атымен дамытыны немесе дамымайтынына саюдың қажеті жоқ. Ең бастысы оның аты емес, заты, процестің мәні мен мағынасы болса керек.

Қазір біз Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей шартына ие болып отырмыз. Мен мұны қысқа болу үшін «4+N» деп атадым. Бізде Орталық Азия одағы, Кедендік одақ, Беларусь пен Ресейдің екіжақты қоғамдастығы бар. Ал енді мұның өзі интеграцияның көп қабаттылығын, көп деңгейлілігін білдірмей ме?

Біздің түсінігіміздегі интеграцияның басқа бір шарты – бұл тәуелсіз мемлекеттердің интеграциясы. Мен түрлі деңгейлерде Қазақстан өзінің саяси тәуелсіздігін қозғамайтын интеграцияның кез келген нысанына әзір екенін талай рет мәлімдегенмін. Бұрынғы кеңістік біртұтас мемлекеттік қандай да болмасын бір нысанда, ең алдымен еліміздің Конституциясын басшылыққа ала отырып, біздің республика ешқашан да оны қайта құруға бармайды. Өңгіме мемлекеттердегі адамдар өмірінің барлық салаларындағы жақын, достастық интеграциялық байланыстар туралы ғана болуы мүмкін. Ал мұның өзі қайдағы белгісіз және қиялдағы федерацияның бөлшегі емес, тәуелсіз мемлекеттердің қарым-қатынасы болмақ.

КСРО-ны қалпына келтіру немесе Қазақстанды басқа бір мемлекетке қосу жөніндегі кез келген жауапсыз сөздер мен пікірлер, бұл қазақтардың мемлекеттігін жоюға шақыру деген сөз. Мұның өзі халықтың өділетті ашу-ызасын туғызып, елеулі тайталасқа әкеліп соғары анық.

Мұндай әрекеттер Конституцияға және заңға жат. Неге екені белгісіз, ешкім де Ресейді Қазақстанға қосылуға шақырмайды. Бұл түсінікті де. Ендеше қазақ халқын және оның мемлекеттілігін осындай менсінбеу және құрметтемеу қайдан туындап отыр. Мен мұны баршамыздың есте сақтауымызды қалар едім.

Төрт елдің Мәскеуде наурыздың 29-ында келісімге қол қойылғаннан кейін жұртшылықтың көбі осы жағдайға орай аландаушылық білдіріп, бұл Қазақстанның Мемлекеттік егемендігін кемсітпей ме деген ой салады. Бұл орайда олай емес деп айқын айта аламын.

Өңгіме интеграцияның жаңа сапасы туралы болып отыр. Одан басқа ештеңе де емес. Біз экономикалық және гуманитарлық салалардағы интеграцияны тереңдету тұтқаларының негізін қаладық, меніңше интеграцияның жаңа неғұрлым сындарлы нысандары мен органдарын қалыптастырдық.

Ал көзқарастың мәні де осында. Интеграцияның өзі зор күнделікті жұмыс, мұны көптеген жылдар, тіпті ондаған жылдар бойы жүргізу қажет. Және оның нәтижесі адамдар өмірінен ертең көріне қоймайды. Осындай ойластырылған және келісілген интеграцияның өнегесін бізге Еуропа беріп отыр. Сондықтан интеграциялық құжаттарға қол қоюдан бізде ешқандай тоқмейілсу жоқ. Иә, бастама жасалды, бірақ негізгі және неғұрлым елеулі жұмыс әлі де алда.

Интеграция туралы айта келіп, біз тек экономикалық жағын ғана ескеріп қоймауымыз керек, интеграцияның адами өлшемдері де бар. Иә, интеграция бүкіл Қазақстан халқының мүддесіне жауап береді, бірақ оның психо-



логиялық, сезімдік қырларын да түсінген абзал. Халықтың үштен бірін орыстар құрап отырған еліміздің Президенті ретінде мен үшін Ресеймен мәдени, ақпарат, гуманитарлық байланыстарды ұстап тұру және сақтаудың маңызы аз емес. Бүгінгі таңда интеграция процесін жеделдеткім келген кезде өзіміздің осы азаматтарымыз туралы ең алдымен қамқорлық жасайтынымды барынша ашық айтпақпын.

Қазақстан басшылығы өз елі азаматтарының елеулі бөлігінің мүдделерін ескере келіп, Ресеймен байланыстарды сақтау үшін шын мәнінде мүмкін болғанның бәрін жасады.

Мәскеудегі наурыз келісімдері білім беру, ғылым және мәдени ынтымақтастықтың нақты тұтқаларын көздейді. Онда шартқа қол қойған барлық мемлекеттерде кедергісіз азаматтықты алу туралы біздің ұсынысымыз қабылданды. Айтқандайын, оны Ресей Думасы бекітті.

Өткен сенбіде Ресей Президенті Борис Николаевич Ельциннің Қазақстанға жасаған жұмыс сапары біздің Каспий аймағындағы ынтымақтастығымыз, мұнай-газ кешеніндегі, Байқоңыр ғарыш айлағындағы бірлескен қызметіміз туралы аса маңызды шешімдерді қабылдаумен аталып өтті.

Тағы да бір сөзсіз тарихи сипаты бар оқиға туралы – өткен аптада Шанхайда Қазақстанның Ресеймен, Қытаймен, Қырғызстанмен және Тәжікстанмен шекара ауданында әскери саладағы сенімді нығайту туралы келісімге қол қойылғаны туралы айта кеткенім артық болмас. Бұл Азия – Тынық мұхит аймағында осындай орасан зор саяси ауқымдағы жасалған алғашқы қадам. Мұның өзі бейбітшілікті, аймақтағы, сондай-ақ бүкіл планетадағы тұрақтылықты қолдау және нығайту ісіне оң ықпалын жасары сөзсіз.

Осындай сыртқы саяси іс-қимылдарды, біздің көрші Орталық Азия республикаларымен, Ресеймен, Қытаймен, басқа елдермен жақындасу жөніндегі интеграциялық шараларымызды лайықты бағалауымыз қажет. Біз халықтардың жақындасуы үшін ештеңе істемей, дүдәмал істермен баспасөздің және теледидардың кенет қаһарманы бола қалатын шала сауатты қайраткерлердің арандатуына жол бермеуіміз керек.

Қазір интеграцияны қайта өңдеу үлгісі ерекше қауіп туғызады. Мұны байыпты түрде есепке алудың қажеттігі болжауға келмейтін саяси салдарларға апарып соғатындығынан ғана емес, сонымен бірге қайта қалпына келтіру белгілі бір мөлшерде халықтың кейбір топтарының арасында белгілі болып отырғанына да байланысты.

ТМД елдерінің егемендігі мен тәуелсіздігі түрлі деңгейдегі халықаралық құқықтық құжаттарда белгіленген саяси-құқықтық шындық болып отырғанын түсінген абзал. Қазір олар енді – дербес мемлекеттер.

Бірақ осының бәрінің сыртында: "сонда шынтауайтына келгенде нені қайта қалпына келтіру ұсынылып отыр?" деген тарихи сұрақ келіп туады. Проблеманың тереңіне бойламай-ақ мынаны ғана айтпақпын: КСРО-ның ыдырауы белгілі бір басшылардың ынтасымен ғана емес, талай себептердің

үйлесуімен айқындалады. Мен ығыр қылатын деректерді келтіріп жатпайын, 1980-інші жылдардың басында-ақ барлық парасатты адамдарға біз Батыс елдермен техникалық және экономикалық жағынан бәсекелестікке шыдай алмайтынымыз белгілі болатын. Тек орасан зор күш-жігердің арқасында стратегиялық-әскери тепе-теңдікті ұстап тұруға ғана әліміз жетті. Қарулану жарысына орасан зор ресурстар жұмсалды, мұны экономиканы жаңғыртуға жұмсауға әбден болатын еді.

Қазір мынадай қарапайым нәрсені – жүйені түбегейлі қайта құру идеясы 1986 жылдан бұрын басталғанын көптеген адамдар ұмыта береді. Оны Хрущевтің бастағысы және Брежнев тұсында Косыгиннің де жүргізгісі келген. Сол кезде жүйенің әлсіздігін байыпты бағалай білу бұған тежеу салған еді.

Басқа себептің бірі – ұлттық мәселені шешуге мүлдем қабілетсіздік болатын. Бізде ұлттық мәселе түпкілікті шешілгені және бір ғана кеңес халқы құрылғаны туралы пікір жалған болып шықты.

Және де КСРО бар кезде оның аумағында қанқұйлы ұлтаралық жанжалдардың болып өткені және ұлтаралық шиеленістердің өрши түскені ұмытыла береді. Бұл орайда кеңес тарихының бастапқы кезеңіндегі барлық халықтардың тағдырына қасіретті ықпал еткен этникалық геноцид те естен шығып кете береді. КСРО-ның соңғы жылдардағы экономикалық тарихындағы шетін жайларды білмейтін адамдар елде өткен және қазіргі онжылдықтардың тоғысында қалыптасқан берекесіздік пен қырсыздықты көз алдына келтіре алмайды.

Жоспарлардың жыл сайынғы орындалмауы, экономиканың құлдырауы, жабдықтардың, құрылыс материалдарының, азық-түліктің тапшылығы, шығынды ауыл шаруашылығы экономикалық байланыстардың күйреуі және біртұтас экономикалық кеңістіктің ыдырауы орын алып келді. Және бұл біздің бәріміздің де есімізде.

Елдің саяси жүйесі көз алдымызда күйреп, аумақтардың егемендік алу процесі қауіпті шекке жетті. 1991 жылғы тамызда күш арқылы қайта біріктіру әрекеті осы ыдырау процесін жеделдете түсті. Ең бастысы елдің тарап кетуі ғана емес, сонымен бірге белгілі бір жүйенің күйреуі орын алғанында болып отыр.

Социализмді дәріптеп жүрген қайсыбір зиялы қауым өкілдерінің тарихты есте сақтай алмайтын ұмытшақтығы қайран қалдырады. Бұл – саяси аңғалдық, иә, саяси арсыздық.

Қазақ халқының тарихындағы ең қайғылы кезеңді қалайша тез ұмытуға болады? XX ғасырдағы тоталитарлық жүйеден көрген ауыр соққыны қазақ халқы XVIII ғасырдағы "Ақтабан шұбырынды" кезінде де көрген жоқ.

Алдымызда тұрған қасіретті тарихи даталарға көз салайықшы: 1996 жыл – бұрынғы КСРО-да орталықтың зорлықшыл билеп-төстеуіне қарсы шыққан қазақ жастарының тұңғыш демократиялық қозғалысы айуандықпен басып-жаншылғандығына 10 жыл, 1997 жыл – халықтың бетке ұстар зиялы

қауымының түгелге жуық атылғанына – 60 жыл. 1998 жылы басталған – XX ғасырда ел басына түскен ең үлкен трагедия – қазақ халқын қынадай қырған шектен тыс революцияшыл "отырықшылдандыру" мен күштеп коллективтендіру саясатының басталғанына – 70 жыл. Қалайша осылардың бәрі оп-оңай жадымыздан шығып қалады.

Қиын да күрделі XX ғасырдағы ең үлкен ұлттық апат деп қазақ пен Компучия халықтарының трагедиясын айтуға болады. Басқа ешбір халық дәл мұндай адам санының осынша пайызынан айырылып көрген жоқ. Егер Пол Поттың қанды режимінен Компучия тұрғындарының үштен бірі қырылғанда дүние жүзінің төбе шашы тік тұрса, Голощекиннің "Кіші октябрі" тұсында әр үш қазақтың біреуі аштық пен айдаудың құрбаны болды.

Енді бүгін сол саяси жүйені ақтағысы келгендер – қайтадан большевик болғысы келгендер, ең алдымен өз елінің қасіретін еске алып, туған халқын жер бетінен құртып жібере жаздаған жүйені ақтау ең алдымен өзі үшін қаншалықты қорлық екенін ойлансын дер едім. Басқа ешбір қоғамдық құрылыста мемлекеттік мәшине біздің халқымызды дәл осынша қатыгездікпен миллиондап құрта алмас еді.

Біз бүгін мемлекеттік деңгейде ойлай алатын азаматтар жетпей жатыр деп, ұлттың таңдаулы топтары әлі де тым шағын деп шағым айтамыз. Қайдан болады – оның бәрі социализмнің жеңісі тұсында ұлттың асылын құрту дәстүрі қазақтың зиялы қауымын неше дүркін темір табанына салып таптап өтсе, бар шындық, өткен режимнің ұлттық емес, қайта нақ әлеуметтік-тоталитарлық табиғаты болғанында жатыр. Режимнің орыс құрбандарының жалпы саны әлденеше миллионға жетіп жатыр.

Еуропадағы аса ұлы мәдениеттердің бірі – орыс мәдениеті – неғұрлым білімді адамдардың талай жүз мыңдағанының көзін құртудың барысында орны толмас шығынға тура келді.

Олардың бірнеше миллион таңдаулы өкілдері Ресейден шетке кетуіне, тіпті анығын айтсақ, қашып шығуына тура келді.

Нақ солар кейіннен Батыстың, бірақ Ресейдің емес, ғылымына, мәдениетіне және экономикасына зор үлес қосты. Кулак деп аталған миллиондаған таңдаулы шаруалардың көзін құртқан орыс ұлтындағы этнодемографиялық күйзеліс орыс халқына тіпті дүниежүзілік соғыстармен салыстыруға келмейтін зиян шектірді.

Әлеуметтік өзгерістер кезіндегі ашаршылық Украинада, мамандардың бағалауы бойынша, 3-тен 5 миллионға дейін украиндықтардың өмірін қиды, ал Ресейде құрбандықтар бұдан да көп болды.

Сіздердің бәріңіз өлім өкімін шығару құқығы берілген "ерекше үштіктер" деп аталғандардың қызметі туралы жарияланған қасіретті құжаттарды оқыған боларсыздар. Мұның өзі қуғын-сүргінге түсірілгендерді азапқа салу жөніндегі өзіндік бір жарыс іспетті болды. Мысалы, Қазақстан КП (б) Орталық Комитетінің өзі бірінші категория бойынша қуғындалатын адамдардың

санын 600 адамға (сотсыз және өкімге шағым жасау құқығынсыз ату) және екінші категория бойынша (концлагерь) – 1000 адамға көбейтуді сұраған. Мұның өзі бір айдың ішінде ғана! Ал тарихта саяси партияның аймақтық бөлімшесі өзінің штабынан бекітіліп берілген адамдардың мөлшерінен 600 адамды артық өлтіруге рұқсат сұрағанын қашан және кім көрген. Міне, осындай лимитті бұл жүйе белгілеп беріп келген. Бұл орайда әңгіме тірі адамдар – отандастарымыз, қандастарымыз туралы емес, қайта саны шектен асып кеткен жануарларды атып алу туралы болған сыңайлы. Тірі қалу үшін баласы әкесіне, ағасы інісіне, інісі ағасына жала жабуға мәжбүр болған. Сөйтіп, бұл жүйе ғасырлар бойы орныққан адамгершілік принциптерін құлталқан етті.

Осы залда социалистік заманда Қазақстанға жер аударылған барлық халықтардың өкілдері отыр. Осында отырған адамдардың бабалары мен әкелерін бір кезде туған жерінен айырып, мал сияқты тауар вагондарымен біздің елімізге әкеліп, 24 сағаттың ішінде бүтіндей халықтарды көшіріп үлгіргенін неге айтпасқа.

Республиканың Ішкі істер министрлігі маған берген деректер бойынша тек соғыс жылдарында ғана Қазақстанға 393 мың неміс, 403 мың чешен мен ингуш, 45 мың қарашай, 37 мың грек, 21 мың болгар, ондаған мың кәріс көшірілген. Осынау қасіретті тізбені одан әрі ұзақ жалғастыра беруге болар еді.

Дінді қадір тұтатын мұсылмандар мен христиандар шайқасушы атеизм жылдарында мыңдаған мешіттер мен шіркеулердің тартып алынғанын, тартып алынып қана қоймай, сонымен бірге халықтың рухани дүниесі ретінде масқараланып, жойылғанын қалайша ұмыта алар. Тіпті ең қарапайым есепке қарағанда, КСРО аумағында ғасырдың басында болған 25 мың мешіттің 1986 жылы 376-сы ғана қалғаны, ал 25 мың христиан шіркеулері мен соборларының үйіндіге айналып, 500 монастырдың жойылғаны анық. Меніңше, бағзы заманда құдай біреуді жазалаймын десе, оның ақылы мен есін алдымен алады деген рас болса керек. Бабаларымыздың тағдыры туралы естелікті жадымызда сақтаудың өзі өткен кездің төтті ертегілерімен бізді сақтандыруға тиіс.

Ал қазақтың жері сан жылдар бойында тоталитарлық эксперименттер жасалатын орасан зор концлагерьге айналғанын қалай ұмытуға болады. Степлаг, Карлаг, Ақмоладағы әйелдер лагерінің орны әлі күнге тұр, соны неге елге айтпаймыз?

Біз бүгін дамыған әлемнің экологиялық қоқысына айналуымыз мүмкін деген пікірлер айтылып жүр. Әбден мүмкін еді, бірақ біз болдырмау үшін барынша әрекет жасаудамыз. Ал Қазақстанды экологиялық қоқысқа айналдырған да сол "түбегейлі жеңген" әрі "дамыған" социализм емес пе еді.

Арал мен Семейді жер бетінде бәрі біледі. Білерін біледі-ау, бірақ мұнда тұратын біз ғой.

Тек Семей полигонының өзінде – 459 ядролық жарылыс, оның 113-і ашық атмосферада жасалған. Ал Қазақстанның басқа жерлерінде жасалған ядролық жарылыс қаншама?!

Құпия деректер бойынша бірнеше жүз мың адам сол сынақтың құрбаны болды. Оны қалай ұмытамыз.

Табиғатты талқандап, халықты демографиялық апатқа ұшыратып, ұлттың таңдаулы өкілдерін неше дүркін жойып, оның генетикалық әлеуетіне өлшеусіз зиян келтірген, мемлекеттігімізді ұлттық-демократиялық даму мүмкіндігінен айырған кеңестік тоталитаризм қазақ халқына басқа қоғамдық құрылыстардың қай-қайсынан да бақытсыздықты көп әкелді.

Ендеше өз халқын артта қалған қайырсыз жолға қайта шақырамын деп саяси мәңгірт болудың қажеті жоқ.

Демократиялық мемлекетті дамыту – қазақстандық тұтастықты қалыптастыратын жол. Мемлекет дегеніміз – аумақ пен қоғамдық құрылыс, заңдар мен экономикалық құрылым ғана емес, мемлекет өздерін оның азаматымыз деп сезінетін адамдардың белгілі бір саяси ортақтастығы.

Егер мемлекеттіліктің саяси, құқықтық және экономикалық негіздері қалыптастырумен байланысты мәселелерді жеткілікті түрде өз алдына келтіруге болатын болса, ал азаматтың өзін-өзі айқындауы, азаматтық тұрғыдан саралануы өте күрделі әрі елеулі бір уақытты талап ететін дүние. Азамат осы мемлекетке деген өзінің қатыстылығын саналы түрде сезініп, өз тағдырының ел тағдырынан ажырағысыз екенін ұдайы түсінуге тиіс. Нақ осының өзі әр адамның игілігі бүкіл елдің игілігімен тығыз байланысты екеніне көз жеткізуге тиіс.

Бірақ ТМД халықтары біркелкіліктің бір сәттік және бұрын болып көрмеген дағдарысын бастан өткерді. Олар өздерінің бұрынғы мемлекеттігінен бір сәтте айырылып қалды. Осы дағдарыстың күшті болғаны сонша, олардың көпшілігі қазір мұны жеңіп шықса да, әлі күнге дейін есін жинай алмай келеді. Түрлі әлеуметтік зерттеулердің деректері еліміз халқының басым көпшілігі өздерін Қазақстанның азаматы ретінде танитынын айқын көрсетіп отыр. Медицинада "сырқат сыры" деген ұғым бар. Бұл кесілген қол мен аяқ баяғыда жоқ болса да, оның орны қашан да ауыратынын білдіреді. Ал енді мемлекет ретінде КСРО бес жылдан бері жоқ болса да, адамдардың кейбір бөлігі өздерін осы елдің азаматымын деп санап келеді.

Міне, нақ сондықтан жекелеген экстремистік тұрғыдағы саясатшылар өздерінің тарихи Отаны Қазақстаннан шетте қалған адамдардың сезімінде ойнап, түрлі қитұрқыға баруда. Осынау саяси "сырқат сыры" саясатшылар ашық болған сайын ертерек, әрі кінәратсыз өтіп кетері анық. Жұртшылықтың бәріне жағымды болмағанымен, бірақ ең адал қорытынды мынау: КСРО белгілі бір қоғамдық үлгідегі және белгілі бір географиялық аумақтағы мемлекет ретінде мәңгілікке өткенге кетті. Оның үстіне әрбір адам осы тарихи

оқиғаны тезірек қабылдап, өзін-өзі айқындай алса, соғұрлым оның өзі үшін де, ел үшін де жақсы болмақ.

Бүгінгі таңда адамдардың санасынан сығалатып саңылау табу жүріп жатыр, сондықтан кенезесі көгерген өткеннің белгілеріне деген іштей аңсаудың мән-мағынасы бізге белгілі. Сондықтан жаңа біркелкілікті құру демократия, бостандық, пікірлердің сан алуандығы, адам құқығы, азаматтық қоғам идеялары жалпы ұлттық идеяларымен үйлесіп жатқанда ғана табысты болмақ. Мұның өзі Президенттің кәміл сенімі бойынша, екі үлкен идеологиялық тақырыптардың тоғысында – Қазақстанның саяси тәуелсіздігі мен ішкі демократияландыру түйіскенде ғана мүмкін болмақ.

Жаңа біркелкілікті іздестірудің, біздің халқымыздың жаңа өзін-өзі айқындаудың тұжырымдамасы былай қарағанда оңай болғанымен, жүзеге асыру тұрғысынан ерекше күрделі. Оның тұжырымдамасы мынадай: тек демократиялық Қазақстан ғана тәуелсіз болуға тиіс. Өз кезегінде саяси тәуелсіздіксіз Қазақстанда нақты демократия болмақ емес. Осы тұжырымдаманың үшінші қосымшасы республикадағы азаматтық қауымдастықты қалыптастыру бола алады. Әлде бір аңыздағы әсіре этнос емес, нақ азаматтық қауымдастық болуға тиіс. Осы маңызды мәселеде біздің де айқындалатын кезіміз жетті.

Қазақстан халқы жаңа бір этникалық қауымдастық емес, түрлі ұлттар азаматтарының қауымдастығы ретінде қаралады. Біздің дамуымыздың осы кезеңінде мәселені нақ осылай қою бірден-бір шынайы көзқарас болмақ. Айтқандайын, Қазақстан халықтары Ассамблеясының өзі түрлі этностар өкілдерін азаматтық тұрғыдан біріктіру құралдарының бірі болып табылады.

Жаңадан өзін-өзі айқындауды, адамдардың жаңа біркелкілігін қалыптастыру үшін бүгінгі таңда көптеген нұсқауларды саналы түрде таңдап алу қажет. Жалпы ұлттық идеяларды іздестіру барған сайын көкейкесті сипатқа ие болып отыр. Ол, әрине, жанжалдасушы сипатта емес, қайта біріктіруші сипатта болуға тиіс. Мен бұдан үш жыл бұрын осыған қатысты пікірімді білдірген едім.

Бірігудің идеялық негізі ретінде тұрақтылыққа, жаңғыруға, тәуелсіздік пен прагматизмге сүйену өте дұрыс. Алайда, бүгінгі таңда осы негіз қалаушы принциптерді нақтылай түсу қажет. Ең алдымен халықтың тарихи санасын жаңғырту керек. Тоталитарлық режим жағдайында халықтар тек КСРО тарихын білуге тиіс болатын. Бұл әсіресе саны аз ұлттарға қатысты еді. Сондықтан қазақтардың өздері де, оның үстіне қазақстандықтар да біздің жеріміздің тарихын білген емес. Және бұған олар кінәлі де емес. Бұқаралық деңгейде ұлттық мемлекеттіліктің талай ғасырлар бойындағы үздіксіз тарихи байланысы, қазақтардың талай ұрпақтарының тәуелсіздік жолдарындағы күресі ой елегінен өткізілуге тиіс. Ал олар болса – қазіргі Қазақстан тұрғындарының ата-бабалары. Осы елдің ХХ ғасырдың аяғында мемлекеттіліктің барлық нышандарына ие болғанын да ескерген жоқ.

Бұдан бұрынғы кезде қазақтардың мемлекеттілігі болмағаны туралы алуан түрлі сыпсың пікірлерге елеулі түрде тосқауыл қою қажет. Осыған байланысты "мемлекеттілік" пен "мемлекет" деген ұғымдар бір мағынаны білдірмейтініне көңіл аударар едім. Біз мемлекеттілік туралы айтқанымызда, ең алдымен жер аумағына ғана емес, қайта саяси-құқықтық қатынастардың, әлеуметтік және мәдени-рухани бастаулардың бүкіл кешенін ескереміз. Міне, осылардың негізінде қоғам тұтас жүйе ретінде тіршілік ете алады. Бұл мағынада алғанда қазақтардың мемлекеттілігі ежелден орныққан. Қазақ мемлекетін саяси-құқықтық құрылым ретінде хаттауға келсек, бұл басқа іс. Мұның өзі XV ғасырда болғаны белгілі. Алайда, зерттеушілердің арасында Қазақ мемлекетін құрудың нақты датасы бойынша бір көзқарастың жоқ екені өкінішті. Ал осы тұста идеологиялық жұмыстың орасан зор бағыты тұр. Өйткені өз мемлекетіміздің бастауын іздеуде жазылған және жазылмаған деректер бойынша осы күнге дейін адасып жүргенімізде еске-лең ұрпаққа патриоттық тәрбие беру туралы қалай әңгіме айта алмақпыз? Міне, тарихи ғылымның кезек күттірмес міндетінің өзі осында.

1996 жылғы сәуірдің 2-інде мен "Ұлты қазақ азаматтардың тегі мен әкесінің атын жазуға байланысты мәселелерді шешу тәртібі туралы" Жарлыққа қол қойдым.

Адамдарға ғасырлар бойғы ұлттық дәстүрлерін қайта қалпына келтіруге мүмкіндік беру өте маңызды. Қазір жаңа "Тіл туралы" Заң әзірленіп жатыр. Тілді, ең алдымен мемлекеттік тілді оқып-үйренуге өзгерістер енгізу және нақты тұтқаларын жасау қажет.

Қазақстан азаматтары елдің мемлекеттік тілін құрметтеуге және оны оқып-үйренуге және білуге тиіс. Бұл орайда бұл тіл ел халқының басым көпшілігінің туған тілі екенін және болашақта оның мемлекеттік тіл ретінде басым болатынын ескеру орынды.

Бұл орайда қазақтың жазуын кириллицаның шалғайдағы бір нұсқасы ретінде қабылдаудан бас тартқан жөн. Өйткені мұның өзі осы тілге деген лайықты сыйластығына мүмкіндік бермейді. Ал латын қарпіне ұсынылып отырған көшудің өзі қазақ тілін басқа этностар өкілдерінің игеруіне, Қазақстанның әлемдік ақпарат кеңістігіне өнуіне, технологиялық тұрғыдан әлеуетін бейімдеуге, сондай-ақ түркі тілді дүниемен мәдени тұрғыдан бірігуіне неғұрлым тиімді көмек көрсетер еді.

Мұның өзі қазақ азаматтарының басқа елдер халықтарының тілдеріне деген құрметін арттыра түсер еді. Біздің айқындамамыз – ортақ пікір, өзара құрмет. Бұдан басқадай болуға тиіс емес.

Біздің жағдайымызда этникааралық интеграцияның негізі Қазақстан мемлекеттілігіне жалпы азаматтық қатыстылығы, адамдардың саяси өзіндік айқындалуы негіз болуға тиіс.

Қысқасын айтқанда, идеологиялық жұмыс негіздерінің бірі – азаматтардың этникалық қана емес, сонымен бірге азаматтық тұрғыдан өзін-өзі айқындау принципі болуға тиіс.

Біздің саясат нақ осындай көзқарасқа – адамдардың өздерінің ұлттық-мәдени мүдделерін еркін жүзеге асыруына мүмкіндік беруге, сонымен бірге азаматтық қауымдастық сезімін, Қазақстан халқының тұтастай бірлік сезімін дамытуға көмектеседі. Қазақстан нарықтық әлеуметтік мемлекет деп анықталған республика. Конституциясында бұл жай сөз емес, әлеуметтік-экономикалық үлгілермен бірге идеологиялық үлгіні де таңдап алу деген сөз. Мемлекет мол табыстан салықты да молырақ төлеу керек деген кезде Үкіметті дұрыс түсіну қажет. Біз адамдардың әлеуметтік тұрғыда да бірігуіне жағдай жасауға тиіспіз.

Өзіміз өмір сүрген социализм кезінде жұмыс істегендерге ай сайын еңбек-ақысының үштен бірінен астамын төлемей келді (бұл тек ресми мәліметтер бойынша, іс жүзінде бұдан көп). Мемлекет бұл ақшаны жинақтап, зейнетақыға, тегін пәтерлерге, денсаулық сақтауға, білімге, жеңілдіктерге жұмсады. Бөліп беру деп аталған мұндай жүйені жасау адамдарды толық тәуелділікте ұстауға және оларды бақылап отыруға мүмкіндік берді. Осылайша зейнеткерлерден алып қойған ақша экономикада әлі де бар. Сол себепті біз оларға: "Бұл біздің ісіміз емес, енді нарықтық экономика келді, өз қалауларыңша өмір сүре беріңдер" деп айта алмаймыз.

Бұлар қазір жоқ мемлекеттің қарыздары болғанымен, біз аға ұрпаққа оны беруге тиіспіз. Ол үшін жекешелендіруден түскен қаржыларды жұмсау, мүлікке салынатын салықтан алынған сомаларды аудару қажет. Осының есебінен халықтық жинақ кассаларындағы шығындарын өтеу, пайданың есебінен қаржы аудару жолымен тұрғын үй салуға қажетті жеңілдетілген несиелер үшін арнайы қор жасау қажет. Бұл бағыттағы жұмыс қазірдің өзінде басталды – Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен соғысқа қатысушылардың жинақ ақшаларының шығынын өтеу қолға алынды.

Өздеріңіз білесіздер, мен "ИЗМ" атаулыға қарсымын. Дүниені көп аралаған кезде капитализм деп аталатын жүйенің де шегіне жеткен өзіншілдіктен бастап, миллиондаған адамдардың әлеуметтік жағдайының нашарлығына дейінгі көптеген өз проблемалары мен аурулары бар екеніне көзім жетті. Сондықтан ешқандай идеяландыру болмауға тиіс. Біздің көзқарасымыз идеологиялық айтысқа емес, халықтың әлеуметтік мүдделерін мейлінше ескеруге құрылған.

Алайда, бұл үшін алдын ала елеулі экономикалық ресурстар жинақтау қажет. Олар тек біздің әрқайсысымыз жұмыс істеген, өзіне және мемлекетке игілік жасаған кезде ғана болады. Сондықтан бүкіл нарықтық реформалар жеке-дара көзделген мақсат емес, нақты әлеуметтік бағыты бар тиімді экономика құрудың құралы.

Әлеуметтік бірдейліктің дағдарысы туралы айтқанда, біз әлеуметтік құрылымның мейлінше сырқаулы өзгерісін, түрлі топтардың әлеуметтік статусының өзгеруін ескеруге тиіспіз. Бұл дағдарыстың күрделілігі мен қоғамдық маңыздылығы оның зиялы қауымның бет қаймағының мүдделеріне



тиетінімен анықталды. Өлемдік тәжірибе бұл проблеманы шешудің екі ғана сыпайы тәсілін біледі.

Біріншісі – мәдени, ғылыми, білімді таңдаулы топ қалай дегенмен де нарықтық жүйенің қисынына бейімделуі, демек, өз еңбегімен тапқанына өмір сүруі керек деген сөз.

Екіншісі – ұлттың бетке ұстар топтарына демеушілік жасау. Жебеу немесе оларды мемлекеттің пәрменді қамқорлығына алу. Бірінші тәсілдің ауыртпалығы мәдениет жаратушыларды сөзбен емес, іс жүзінде қолдаумен жойылуға тиіс. Мен бұл жерде ғылым мен мәдениеттің нағыз жасампаздары мен талантты өкілдері туралы айтып отырмын.

Бұл орайда өзара кінәласу мен қарсыласу емес, Үкіметпен және Парламентпен бірге осы мәселені шешудің біртұтас бағдарламасын жасау үшін бірлесіп жұмыс істеу қажет. Мәдениеттің таңдаулы өкілдерін тікелей қолдаудың бағдарламасын Үкімет 1996 жылдың өзінде жасап, жүзеге асыруға тиіс.

Мына мәселені де атап өткім келеді. Біздің егеменді республикамыздың аса маңызды ресурстары – ғылым болып табылады. Оның үстіне бұл ресурс өзіне тән ерекшелігімен және бұл сөздің дұрыс мағынасында алғанда, ғылым деп аталатын аса күрделі организмнің консервативтілігіне орай, мемлекет тарапынан ерекше көзқарасты талап етеді. Оның біздің мемлекеттілігіміздің қалыптасу мен нығаюындағы, әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынастардың өзгеру процестеріндегі, елдің интеллектуалдық әлеуетін қалыптастырудағы, экономиканы дамытудағы рөлі мен маңызын түсіну ғылымды басқару құрылымын жетілдіру және оны нығайту жөніндегі шешімдер қабылдауға алып келді.

Осы шешімді жүзеге асыру тетіктерін жасау мақсатымен биылғы мамыр айында Қазақстанның ғылыми-техникалық дамуы проблемалары бойынша республикалық кеңес өткізіледі. Оған жетекші ғалымдар мен мамандар, министрліктер мен ведомстволардың, аса ірі өнеркәсіп кәсіпорындары мен компаниялардың, сондай-ақ облыстардың басшылары қатысады.

Қазақстандағы саяси қалыпқа келудің жалпы қисынын да ескеру қажет. Өтпелі кезеңдегі елдердің қазіргі міндеті шынында да бірегей – мемлекеттік құрылыстың тоталитарлық жүйесінен кейінгі нысандарды мұра етіп алған олар, дамымаған азаматтық қоғамның негізінде демократиялық процестерді қалыптастыруға тиіс. Біз үшін бұл міндет оны көп ұлтты және көп дінді елде шешуге тура келетінімен де қиындай түседі.

Күрделіліктің бұл деңгейін түсінетіндер аз, ал оны түсінетіндердің өзі мәселені шешудің ең қарапайым екі тәсілін іздестіреді. Біріншісі – белді тас буынып, ешқандай "демократиялық ойындарсыз" классикалық авторитарлық тәртіпке "өріс беру" болып табылады. Мен бұл көзқарасты екі принципті себеп тұрғысынан теріске шығарамын.

Біріншіден, ХХІ ғасырдың табалдырығында тұрған кезде тұйық авторитарлық тәртіп орнату дегеніңіз экономикалық, коммуникациялық, ақпарат-

тық қана емес, геосаяси себептерге де байланысты ерте ме, кеш пе бір күйреуге алып келеді. Өзінің геосаяси жағдайына орай, бұған балама орынды авторитарлық емес, тек демократиялық Қазақстан ғана таба алатынына терең сенімдімін.

Екінші себеп мұнан да елеулі. Мен авторитарлық билік технологиясының тәжірибесін жақсы игергенімізді, сол арқылы оппозицияның кез келген өскіндерін ә дегенше-ақ көктей солдырудың қиын еместігін талай рет атап көрсеткенмін. Бірақ біздің алдымызда экономиканы, саясатты, ғылым мен мәдениетті шыңдап жетілдіру міндеті тұр. Адамдарды қай жерде болса да өкіметтің бақылауынан, ең алдымен жеке өміріндегі, рухани саладағы бақылаудан азат етпейінше және қоғамдағы жариялылықсыз ешқандай жаңғыртулар жүзеге аспайды. Халықтың көптеген ұрпақтары бостандықты тәуелсіз мемлекеттегі авторитаризм деген сияқты әдемі сөзбен ауыстыру үшін қан төккен жоқ. Бұл сөздің астарында тек өзінің ұлттық киімін кигізген еріксіздік жасырынып жатыр.

Аталған міндетті шешудің тағы бір қарапайым әдісі – өкіметпен қарсылыққа келу. Иә, жиырмасыншы ғасырдың тарихында өкіметті басып алудың жанжалды үлгісі әлденеше рет жүзеге асырылды. Барлық саяси революциялар осы үлгіде құрылды.

Соңғы бес жылдың ішінде ТМД елдерінде де әлденеше рет осындай оқиғалар болды. Мұның бәрі де қантөгіспен, күш қолданумен және мейлінше дәрекі популизммен жүргізілуде. Ал ең бастысы – бұл еш жерде де жаңа билеушілердің әдемі уәделерінің орындалуына және адамдар тұрмысының жақсаруына жеткізген жоқ. Әдетте, басқалардың қатесінен үйренбейді деседі. Алайда, саясатшы үйренуге міндетті, өйткені оның жеке қателері миллиондардың қасіретіне айналады.

Мен көп реттерде "алғашқы қолдардан" дәл ақпараттар ала отырып, ТМД-ның түрлі аймақтарындағы қантөгісті саяси жанжалдардың болмысы туралы көп ойландым. Менің берік сенімім мынадай: жекелеген топтардың саяси және экономикалық мүддесі халықтың мүдделерін қорғаумен бүркемеленген жерде, этникалық немесе діни белгілері бойынша бұқаралық толқуларға бағыт берілген, халықты саяси агрессияға итермелеген жерде, ерте ме, кеш пе, қан төгіледі.

Мұнан алынатын екінші сабақ – жанжал отын тұтатушылар, әдетте, судан таза, сүттен ақ болып шығады. Алайда, нақ солар алдымен қантөгіске жол ашады. Сондықтан да мен Қоғамды тұрақсыздандыруға бағытталған қауіпсіздік туралы Заңның жобасын Парламенттің қарауына енгізуді Үкіметке тапсырып отырмын. Ассамблея бұл ұсынысты қолдайды деп сенемін. Біз экономиканы түзетуді енді ғана бастадық, әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыруға кірістік. Бізге бос саясатшылдық емес, халықтың бірлігі, достығы, тұрақтылық қажет.

Мен Қазақстандағы партиялық плюрализмді жақтаймын. Бүгінгі таңда бізде іс жүзінде саяси бірлестіктердің күллі шоғыры бар. Алайда, Конституция мен заңда тыйым салынған қауымдық, діни, рулық, тағы басқа кез келген партияларға Қазақстанда жол берілмейді.

Біз өзіміз жинақтаған көп емес болса да, төтенше маңызды демократиялық өзгерістердің тәжірибесін сақтауға және өкімет пен саяси қозғалыстардың пікір алысуларын іс жүзінде дамытуға тиіспіз.

Саяси қозғалыстардың өз арасында тұрақтылық шартын жасасып, барлығы бірге өкіметпен шарт бекітуі ең байыпты іс болған болар еді. Бір кезде либералдық ойдың классиктерінің бірі Джон Стюарт Милль құқық жүйесін халыққа да, Үкіметке де бірдей дәрежеде жүген салу ретінде анықтаған болатын. Егер бюрократия заңды ашық бұзатын болса, адамдардың жаңаша азаматтық құқықтық санасы туындайды деп ойлау байыптылыққа жатпайды. Бұл қарапайым ғана тұжырым, алайда бүгінгі таңда ол біз үшін, өкінішке орай, өте маңызды болып отыр.

Сіздерге жақсы мәлім, Қазақстанның көптеген аймақтарында кадр жөніндегі бірқатар шешімдер негізінен қолданылып жүрген заңдардың, Президенттің актілерінің орындалмауы себепті қабылданды. Осы орайда барлық дәрежедегі басшыларға заңдарды сақтау үшін бақылаудың одан әрі қатаңдай түсетінін ескертемін. Бұл ел заңдарын бұзғандардың бәріне де қолданылады.

Алайда, ең іргелі және күрделі міндет – азаматтардың құқықтық сана-сезімін өзгерту. Мемлекеттік жазалауларға арқа сүйеген заңдардан қорқу және заңнан жеңіл құтылып кетуге мүмкіндік беретін екіжүзді мораль – өткендегі құқықтық жалған сана-сезімнің екі жағы, міне, осындай. Мемлекеттің адамның жеке өміріне билеп-төстеушілікпен араласуы жағдайында заңды жаппай құрметтемеу де содан қалған мұра.

Бұл қондырғыны бірер жылда өзгерту де мүмкін емес. Иә, біз прогресшіл заң базасын құрдық, алайда оны жүзеге асырудағы бұрмалаушылық, шенеуніктердің жемқорлығы мен түрлі деңгейдегі өкімет орындарында қызмет бабын пайдаланушылық, кез келген тоталитаризмнің бұлжымас серігіне айналатын, халыққа мұра болып қалған құқықтық нигилизмге қосыла келе, реформаларға деген сенімді азайтуда. Проблеманы анық көре білу қажет, одан түйеқұс секілді "құтылуға" болмайды. Әңгіме халықтың өз мемлекеттігіміздің тағдырына сенімі туралы да болып отыр.

Қандай лауазымда отырған шенеунік болса да, жемқорлыққа араласса, заңдарды бұзса, сеніп тапсырылған билікті жеке басының қамы үшін пайдаланса, халықтың мүддесін ойламаса, онда ол жүргізіліп жатқан реформаларға қарсы жұмыс істейді, елді бүлдіреді, мемлекеттің мүдделерін сатып кетеді. Сондықтан да одан тиісінше қатаң талап етіледі.

Өзіміздің зиялы қауым туралы әңгімеге айрықша тоқталғым келеді. Өтіп бара жатқан ғасырдың 90-шы жылдары Еуразия кеңістігіндегі зиялы қауым-

ның атқарған қызметінің тек жақсы жағын ғана емес, нашар жағын да көрсетті. Біз бәріміз де Кеңес өкіметінен кейінгі бірнеше елде жалаң қылыш зиялы қауымдардың өз халқын өздері қасіретке ұшыратқанына куә болдық.

Бақытымызға қарай, біздің зиялы қауым әр түрлі ат шығарғыштардың алдауына көнбей, өздерін жақсы жағынан көрсете білді. Олардың бұл еңбегін халық дұрыс бағалады, Үкімет те бағалауға тиісті.

Қоғамда тарихи, рухани және мәдени байланысты қамтамасыз ететін басқа топ жоқ. Мәдениет – ең алдымен жәдігерлік, оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші – біздің зиялы қауым.

Айтыла беретін екі тақырып бар: ол – "Зиялы қауым мен халық", "Зиялы қауым мен Үкімет". Зиялы қауым мен Үкімет арасындағы қарым-қатынас жайында мен барлық деңгейдегі шенеуніктерге мынаны айтқым келеді. Қоғамдық ой-пікірдегі сыншылдық, оппозициялық бағыт, негізінен, зиялы қауымға төн нәрсе.

Француз Президенті де Голль туралы мына бір оқиғаны естеріңізге сала кетейін. Париждегі жаппай наразылық-толқу кезінде француздың ұлы философы Сартр тұтқынға алынғанда, де Голль "зиялы қауымның мұраты – билік ашындырған халық арасынан табылу" деп, өзіне қарсы шыққан философты дереу босату туралы бұйрық берген.

Егер демократиялық негізде, заңды түрде болса, зиялы қауымның саяси ұйымдастыру ісіндегі әр түрлі тәсілдерін тек қолдау керек. Осы залда отырғандардың ішінде, тіпті бүкіл Қазақстанда бізде саяси өзгеше көзқарас үшін қудалау бар деп ешкім Үкіметті жазғыра алмас деп ойлаймын. Үкіметтің міндеті – демократияның құқықтық институттарын жасау және соңғы жылдары біздің қоғамымыздағы саяси-құқықтық реформа бойынша жасалған қыруар жұмыс, шынын айту керек, сыннан көз ашпайтын мемлекеттік бюрократияның еңбегі.

Біз бүгін кез келген диалогқа дайынбыз, зиялы қауым құрып жатқан қоғамдық-саяси қозғалыстарды көргенде зәрулері ұшатын кейбір жоғары қызметтегі мемлекеттік шенеуніктер секілді мен олардан ат-тонымды ала қашпаймын. Егер ұйымдастырушылардың көкейінде жалған намыстың шамшылдығы емес, жалпы ұлттық болашақтың ұтымды ізденістері болса, онда бұл әдеттегі қалыпты процесс. Біздің интеллигенцияға халықты отансүйгіштікке, жалпы патриотизмге бағыттайтын уақыт жетті.

Алайда, екінші бір айтылатын нәрсе – "зиялы қауым мен халықтың арасындағы қарым-қатынас". Бұл арада зиялы қауымның жауапкершілігі жоғарырақ болуға тиісті.

Бұл жауапкершілік жұртқа білім беру міндетімен шектелмейді. Қазақстан секілді бүгінгі өтпелі қоғамда зиялы қауымның міндеті әлдеқайда үлкен. Олардың бірлескен жұмысы, атап айтқанда, жалпыұлттық идеяны – тарихтағы өз орнын жаңаша белгілеудің негізін, барлық қазақстандықтардың соған сәйкес болуын тұжырымдау. Біздің көп этникалық қоғам үшін мәні өте

зор міндет – ұлтаралық сананы қалыптастыру. Кез келген елде ұлтаралық қарым-қатынас сипаты, сол зиялы қауым қалыптастыратын ұлттық мүддені айту мен оны іске асырудың тәсілдеріне тікелей байланысты.

Біздің зиялы қауым жеке кездесу кездерінде ұлттық тіл мен ұлттық мәдениетті қалпына келтіру мәселесін жиі қояды. Өте дұрыс. Бірақ бұл тек Үкімет алдында ғана тұрған міндет емес қой. Біздің ақын-жазушыларымыз, композиторларымыз, суретшілеріміз қайда?

Неге көптеген азиялық, еуропалық елдердегі жазушылар, ғалымдар, композиторлар мектептерде жұмыс жүргізу, кездесулер өткізуді өздеріне міндет етіп санайды. Біз төрт жылдың ішінде жүздеген қазақ мектептерін аштық, қазір олар 4200, бұрын 1800 болған, бірақ олардағы сабақ беру сапасының қандай екенін көрдіңіздер ме? Егемен Қазақстанда өмір сүргенімізге бес жыл болды, ал біздің балаларымыз большевик көсемдер мен бұрынғы Үкімет туралы өлеңдерді жаттап жүр.

Білім беру жүйесі барлық пәндер бойынша қазақ тілінде оқытатын мамандарды жеткілікті дайындауға үлгере алмайды. Ал сонда біздің зиялы қауымымыз қайда? Мереке мен мерейтойлардан басқа кезде мектепке баратын ақын-жазушыларымыз қанша? Жазушылар одағының астанада тұратын төрт жүзден астам мүшесі, ең болмаса, Алматыдағы мектептерде әдеби-тәрбие жұмысын жүргізуді неге мойындарына алмайды?

Әрі қуанатын, әрі ренжітетін бір фактіні мысалға келтірейін. Музыкатанушы Юрий Петрович Аравин радио мен теледидардан қазақ музыкасы, халық композиторлары мен ақындары туралы тамаша хабарлар жүргізеді. Ал қазақ музыкатанушыларының осындай хабарлар циклы неге жоқ?

Қайсы бір рулық психологияның да бой көрсетіп жүргенін жасыра алмаймыз.

Бүгінгі қазақ баспасөзінің бетінен қазақ халқының тарихынан айрықша орын алатын, айрықша міндет атқаратын әлдебір рулар туралы әр түрлі толғаныстарды кездестіруге болады. Және мұны жазып жүргендер жұмысшы, шаруа, шенеунік, іскерлер емес, кәдімгі дардай атақ-дәрежесі бар өзіміздің зиялы қауым өкілдері. Тарихтың талқысымен XX ғасырда әлемдік технологиялық, информациялық дамудан шеткерілеу қалған, өз дәрежесінде өсе алмаған халқымызды енді қазір ортағасырлық жікке бөлу кімге болса да, әсіресе көзі ашық азаматтарға кешірілмейтін нәрсе. Бұл өз халқын жарға итерумен бірдей.

Тағы бір мәселе туралы айтқым келеді. Кеңестік кезеңнің өн бойында ұлттарды әр түрлі экономикалық орындарға бөлу саясаты жүргізілді, тәуелсіздік алған сәтке дейін қазақ халқының шамамен 70 пайызы аграрлық салада болды. Нарықтық өзгерістер әсіресе аграрлық секторда ауыр жағдайда өтіп жатыр. Бұл жағдай зиялы қауым тарапынан әр түрлі реніштер тудыруда. Мұның бәрін түсіне отырып, біз мынадай сұрақ қоюға тиістіміз: "Нарықты мүлде қабылдамайтын халық бар ма?" Ондай халық жоқ және

соңғы жылдары ондаған халықтар нарық жағдайына төп-төуір бейімделіп келеді. Ендеше неге біздің зиялы қауымның бір бөлігі болашақты нарықпен байланыстырады да, екінші бөлігі оны жоққа шығарады? Сонда олар өз халқына бұдан басқа қандай жол сілтейді? Оңай сауал емес. Және бұл сауал ұлттық дәстүр мен нарықтық психологияның үйлесіміне тікелей байланысты. Сондықтан зиялы қауым үшін ең үлкен мәселе бәрі құрыды, бәрі қирады дейтін, ешкімге пайдасы жоқ әрі елді мезі қылған жылап-сықтауда емес, кертартпалықта емес, әлгі айтылған қайшылықтарды үйлестірудің жолын табуда, елді алға ұмтылдыруда.

Мәселе өте қатты қойылып отыр: біз не бүкіл әлемдік үрдіске қалыптасамыз немесе басы бүтін халықтық сипатымыздан айырыламыз. Үшінші мыңжылдықтың табалдырығында тұрған уақыт өте қатал заман, ол ешкімнің көз жасына қарамайды, бұл дәл әрі шынайы жол таңдайтын кез. Ал мұндай таңдау біздің зиялы қауым ұстанар бағытқа тікелей байланысты. Осыдан бір ғана жыл бұрын ұлтаралық келісімге жетудің бірегей институты – Қазақстан халықтарының Ассамблеясы құрылды. Бұл уақытта ол қоғамдағы саяси және этникалық тұрақтылық факторларының бірі ретіндегі өзінің мәніс-маңызын нақты істерімен қуаттады.

Республика халықтары мәдениетінің қайта өркендеуі мен дамуына елеулі үлес қосылды, ұлттық мәдениет орталықтарының жұмысы айтарлықтай жандана түсті. Наурыз мейрамы, корей, неміс мәдениеттерінің фестивалдары, татардың сабантойы бүкілхалықтық мерекелерге айналып, дүнгендер мен күрдтердің той-жиындары тұңғыш рет республикалық деңгейде өтті. Сөз орайы келгенде айта кетейін, былтыр қазан айының соңында Алматыда өткізілген ұйғыр жастарының дүниежүзілік фестивалі де, Ақмолада ұымдастырылған неміс балалары шығармашылығының республикалық фестивалі де, Қазақстан түріктерінің өмірі туралы әңгімелейтін "Халық жадының кітабы" да, тағы басқа көптеген мәдени шаралар да алғаш рет өткізілді.

Этностардың мәдени тұрмысы толымды болып, ұлттық-мәдени орталықтардың бастамалары шын мәнінде барлық жерлерде мемлекеттік құрылымдар тарапынан қолдау тауып отыр. Мәселен, Павлодарда, Семейде, Жамбылда, Өскеменде, Петропавлда, Көкшетауда және басқа қалаларда шағын ассамблеялар мен ұлттық-мәдени орталықтар үшін ғимараттар бөлінген.

Менің пікірім бойынша, ассамблея диаспоралармен жұмысты ұымдастырудың орталығына айналды. Оның жұмыс органдарына мемлекеттік мәртебе берудің арқасында ұлттық-мәдени орталықтардың проблемалары жедел шешіліп, бұлардың бірқатары бойынша үкіметтік деңгейде шешімдер қабылданды.

Президент ассамблея мүшелерінің, армян және дүнген мәдени орталықтары төрағаларының қазақстандық көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері Левон Мирзоян мен Мағазы Масанчидің есімімен байланысты ме-

рейтойлық күндерді атап өту туралы ұсынысын қолдады. Ассамблея кеңесінің шешімімен оның республикалық қоры құрылғаны белгілі. Бұл қор ұлттық-мәдени орталықтарға қаржы және ұйымдық көмек көрсетуге арналған. Оның филиалдары барлық облыстарда бар.

Осы қор республикалық мәдени орталықтарға алғашқы қаржы көмегін көрсетті. Осындай жұмыстың облыстарда да атқарылатынына сенімдімін. Алматыда ассамблеяның бас шаңырағына айналатын Қазақстан халықтары Ассамблеясының үйін ашу туралы мәселе шешілді. Мұнда барлық республикалық ұлттық-мәдени орталықтар мен қауымдастықтар жұмыс істейтін болады.

Ассамблея іс жүзінде халықтық елшіліктің органына айналды. Мұның өзі Алматыдағы елшіліктермен нығайып келе жатқан байланыстың ғана емес, сонымен бірге диаспоралардың тарихи отанымен түрлі байланыстарының да көрінісі. Осы күш-жігердің арқасында қазақстандық студенттердің Ресей мен Беларусьсиядағы саны көбейеді, астанада корей театрының жаңа ғимаратын салу үшін жер бөлінді.

Біздің нығая түскен байланыстарымыздың тағы бір ескерткіші Көкшетау облысында тұрғызылмақ. Мұнда поляктардың Қазақстанға алғаш рет еріксіз көшірілуінің 60 жылдығын мәңгі есте қалдыруға орай жұмысшы тәрбиесін беру орталығының құрылысы басталады.

Ассамблея мүшелері – мәдени орталықтардың басшылары осы мәселелерде белсенді рөл атқаратынын атап көрсетпекпін. Ассамблеяның көмегімен ұлттық диаспоралар өздерінің тарихи отанымен байланыстарын қалпына келтіруде. Мәселен, таяуда "Қазақстан – Украина" ұйымы құрылды, Қазақстан мен Ресей Достық және ынтымақтастық қоғамы өзінің жұмысын бастайды. Біздің Ассамблея көрші мемлекеттің қоғамдық ұйымымен – Қырғызстан халықтары ассамблеясымен тығыз байланыс орнатты. Таяуда ғана Ассамблея "Ақиқат" және "Мысль" республикалық журналдарының тең құрылтайшысы болды. Оның кеңесінің, ұлттық-мәдени орталықтар мен қауымдастықтардың ұсынысы бойынша осы басылымдардың редакциялық алқаларының құрамына белгілі саяси және қоғамдық қайраткерлер енетін болады. Олар жарияланымдардың тақырыптық бағытын бірлесіп айқындайды. Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттікпен бірлесе отырып ассамблея Алматыда біздің республикада тұратын диаспоралардың тілінде шығатын әдебиеттер сату жөнінде "Отан" кітап дүкенінің жұмысын қайта бастау мәселесін шешті. Қазақстан халықтарының Ассамблеясы облыс әкімдері жанындағы шағын ассамблеяларымен тығыз өзара іс-қимыл жасай отырып, ұлттық диаспоралар туралы кеңбайтақ материал жинақтады.

Осындай жұмыстың нәтижесі бірегей басылымды – Қазақстан халықтарының энциклопедиясын шығару болмақ. Ассамблея сондай-ақ, ұлтара-

лық қатынастар проблемалары бойынша бірқатар халықаралық конференциялардың жұмысына қатысты және өзі де жаңа тәуелсіз мемлекеттердегі (Қазақстан мысалы бойынша) этникааралық қатынастарды үйлесімді ету проблемалары бойынша халықаралық конференцияны ұйымдастырды. Бұл конференция биылғы жылы ақпан айында Алматыда Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйыммен бірлесіп өткізілді.

Біздің елімізде ғана кеңестік кезеңнен кейін жоғары оқу орындарына аз ұлттардың өкілдерін жіберу туралы ассамблеяға квота беру жөніндегі бірегей идея жүзеге асырылды. Биылғы оқу жылында 2682 адам бірінші курс студенті атанды. Олардың бәрі де ассамблеяның квотасы бойынша оқуға түсті. Саны аз ұлттардың жастарына деген осындай ілтипат бұдан әрі де жалғасатын болады. Менің тарапымнан Үкіметке оқу орны ретінде ғана емес, сондай-ақ ұлтаралық проблемаларды, адамдарды жақындастыру мәселелерін зерттеу жөніндегі Қазақстан халықтары Ассамблеясының орталығы ретінде Еуразиялық университет ашу туралы тапсырма берілді.

Ассамблея өзінің қызметінде алғашқы жылдың өзінде-ақ оның алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерді табысты орындай алды деп айтуға болады. Әрине, шешілмеген мәселелер бар, бірақ жалпы алғанда ассамблея қоғамдық институт ретінде әбден қалыптасты. Оның рөлі уақыт өткен сайын арта түседі, өйткені ол республика халқын азаматтық біріктірудің түйінді құралдарының бірі ретінде көрініп отыр. Біздің мемлекеттігіміздің және біздің балаларымыздың болашағы осыған байланысты болмақ.

Биыл тұңғыш рет мамырдың 1-ін Қазақстан халықтарының бірлігі мерекесі ретінде атап өтпекпіз. Бұл орайда да ассамблея көп іс тындырды, өйткені осы мерекенің идеясы ассамблеяда туған болатын. Ал мереке тартусыз болмақ емес. Мен, ассамблеяның төрағасы ретінде осы жарқын азаматтық мерекемен баршаңызды құттықтап, бәріңізге "Ғасырлар тоғысында" деген өз кітабымды сыйға ұсынбақпын. Онда менің таяудағы өткен жылдар мен болашақ туралы ой-пікірлерім айтылған.



# **ВЫСТУПЛЕНИЕ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА НА III СЕССИИ АССАМБЛЕИ НАРОДОВ КАЗАХСТАНА\***

---

*Алматы, 29 апреля 1996 года*

## **ОБЩЕСТВЕННОЕ СОГЛАСИЕ – ОСНОВА ДЕМОКРАТИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА**

**Уважаемые участники сессии  
Ассамблеи народов Казахстана!**

Сегодня исполнился ровно год после проведения общенародного референдума по продлению полномочий Президента. А через 4 месяца прошел референдум по принятию новой Конституции страны. Оба этих исторических события были поддержаны решениями Ассамблеи народов Казахстана.

Поэтому прежде чем начать обсуждение очень важных вопросов сегодняшнего дня, хотел бы искренне поблагодарить всех казахстанцев, представителей Ассамблеи народов Казахстана, как присутствующих на нынешней сессии, так и работающих во всех уголках республики, за поддержку, оказанную в те дни непростого 1995 года, которые изменили политическую и правовую ситуацию в стране.

Обычно мы ценим только то, что теряем. Конечно, политика не знает сослагательного наклонения, но давайте представим себе, что было бы сегодня, если бы год назад в Казахстане не прошел первый референдум.

Во-первых, нас ожидали бы 2 года предвыборных баталий, да еще в отсутствии Парламента. Нам всем было бы не до экономических реформ и социальных проблем. Страна просто погрузилась бы в длительный предвыборный марафон, в ходе которого лишь раздавались бы невыполнимые обещания.

Во-вторых, мы бы не смогли принять новую Конституцию, потому что без поддержки народом курса Президента было бы политически неправильным предлагать фундаментальные изменения во всей государственной-правовой системе.

В-третьих, невозможны были бы четкие и последовательные интеграционистские инициативы Казахстана.

---

\* Назарбаев Н. А. Избранные речи. Том III. 1995-1998 гг. - Астана: ИД "Сарыарка", 2009. - 582 с.

Наша твердая позиция по проблемам интеграционизма стала возможной благодаря внутривластной стабильности в стране. Именно поэтому Казахстан не впадает ни в интеграционные утопии, ни в дезинтеграционные амбиции, а спокойно и прагматически подходит к любым соглашениям.

Наконец, нельзя не учитывать и внешние обстоятельства. В силу разных причин предвыборные баталии в России и нацеленные на выборы Президента решения, принимаемые на высоком уровне, в том числе и на уровне Государственной думы, влияют на общественные настроения и в Казахстане.

Ясно, что если бы сегодня и наша республика находилась в разгаре выборного марафона, то радители реставрации СССР максимально использовали бы ситуацию, чтобы до предела накалить страсти.

Поэтому смело заверяю всех, что мной двигали далеко не личностные соображения, когда принималось это решение. Теперь, по-моему, это понятно многим.

Что касается референдума по Конституции, то он имел фундаментальные последствия для страны. Прежняя Конституция была крайне противоречивой. При декларировании целого ряда вполне цивилизованных принципов она в то же время фактически консервировала советскую конструкцию экономических и политических отношений. Новая же Конституция, по сути, привела всю государственно-правовую систему в ее узловых параметрах в соответствие с реальным состоянием общества. Сегодня мы имеем четкие процедуры по разрешению любых противоречий в структурах государственной власти. Не нужно забывать, что первые четыре года независимости общество было расколото по вопросам языка, характера государственности, собственности на землю. В новом Основном законе страны предельно корректно решены все эти вопросы, и благодаря этому исчезло напряжение в обществе по названным проблемам.

Конституция практически заложила современные основы взаимоотношений всех ветвей власти, институтов гражданского общества и государства.

Все это – вопросы огромного значения, но самое главное в том, что мы сумели своевременно заложить правовой фундамент под строительство рыночного и правового государства. Потеря темпов в этом продвижении государственно-правовой реформы сказалась бы сегодня очень тяжело.

Если изменения в правовой сфере сказываются опосредованно и не сразу, то положение в экономике мгновенно отражается на миллионах наших сограждан.

Сегодня нередко раздаются ностальгические голоса о возврате к социализму. Давайте вспомним, что же мы имели к началу 1990-х годов, когда только обрели суверенитет. Чтобы сравнение было достаточно понятным, вспомним, что происходило в конце 1991-х – в начале 1992-х годов в экономике, которую метко охарактеризовали "экономикой пустых прилавков".

Это уже была хронически больная, донельзя иррациональная экономика, в которой деньги практически ничего не означали, инфляция прорывалась из скрытой формы в открытую, цены выходили из-под административного контроля, несмотря на все принимаемые меры. Население, предприятия, обладая деньгами, не могли приобрести необходимые товары и продукцию.

Другая проблема, которую я хочу затронуть, заключается в выборе оптимальной модели сотрудничества, которая была бы приемлема как для государств ОЭС, так и для мирового сообщества. В ходе подготовки документов к настоящей встрече внимательно изучались модели экономического сближения Европейского союза, АСЕАН, других объединений государств. Должен заметить, что, помимо указанных моделей сотрудничества, некоторый опыт межгосударственных отношений СНГ также может принести определенную пользу для ОЭС. Это будет поучительно для понимания и исследования возможностей более эффективного взаимодействия и развития экономических связей. Мы, новые независимые государства, должны более взвешенно, в чем-то критически рассматривать модели внешнеэкономического сотрудничества.

Я не случайно затронул эти проблемы. Вам хорошо известно, что некоторые проекты и программы ОЭС оказались нереализованными по причине серьезных трудностей с финансированием. Следовательно, выход – в привлечении международных финансовых институтов, частного бизнеса. Думаю, наша совместная задача в том, чтобы создать для них максимум благоприятных условий. А ее решение невозможно без создания привлекательного имиджа Организации.

В этой связи должен сказать, что нас радует тот факт, что ОЭС успешно сотрудничает с ООН. Насколько нам известно, имеются также конкретные результаты контактов между ОЭС и Европейским союзом, ОЭС и Организацией «Исламская конференция». Наряду с этим при спонсорстве ЭС-КАТО начало развиваться сотрудничество между субрегиональными организациями Азиатско-Тихоокеанского региона.

Все это работает на формирование позитивного представления в мировом сообществе об Организации экономического сотрудничества.

Следует подчеркнуть, что большинство проблем развития региона имеет глобальное значение. Это относится к транспортировке нефтяных ресурсов региона, созданию эффективной транспортной схемы на территории государств ОЭС, объединению усилий мирового сообщества по предотвращению экологических катастроф, связанных с проблемами Аральского и Каспийского морей, угрожающими принять глобальный характер. И в этих вопросах нам не обойтись без эффективной помощи мирового сообщества.

Чтобы придать нашему экономическому взаимодействию более масштабный характер, мы должны превентивно работать на стабильность политической ситуации в регионе.

Ввиду этого мы видим необходимость создания стройной системы безопасности в Азии, включая и наш регион. Этой цели посвящена инициатива Казахстана о созыве Совещания по взаимодействию и мерам доверия в Азии (СВМДА). В ее осуществлении уже принимают участие свыше 20 азиатских государств, включая практически все страны ОЭС. Мы благодарны за поддержку этой инициативы, реализация которой необходима всем нам.

Подтверждая приверженность принципам интеграции, я искренне желаю, чтобы приложенные нами усилия способствовали плодотворной деятельности ОЭС, развитию регионального сотрудничества, основанного на принципах партнерства и доверия к друг другу, служили делу экономического роста и процветания наших государств и народов.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ**  
**Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ**  
**М. В. ЛОМОНОСОВ АТЫНДАҒЫ МӘСКЕУ МЕМЛЕКЕТТІК**  
**УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСІНІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН**  
**МӘЖІЛІСІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ\***

---

*Мәскеу, 15 мамыр 1996 жыл*

**ҒЫЛЫМ МЕН САЯСАТТЫҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ ҚАЛПЫНА**  
**КЕЛТІРІЛУГЕ ТИІС**

Ғылым мен қоғамның өзара әрекеті процесін оңайлатқым келмейді, бүгінгі таңда ғылым проблемаларын шектен тыс саясаттандыру оның мемлекеттік басқару органдарымен өзара әрекетін білдіреді. Сондай-ақ, бұл институттар мен университеттерді қаржыландырумен және құрылымдарын құрумен тікелей байланысты басқару шешімдерін қабылдау саласының өте маңызды екені де айқын. Алайда таза прагматикалық өлшемдерді негізге ала отырып, ғылыми проблемалардың түйінін шешу мүмкін емес. Бір кезде ұлы Вольтер: "Қолында билігі барлардың қия басқан мәселесінде дұрыс болып шығудың өзі өте қауіпті", деген болатын. Шынында да саясаткерлердің прагматизмі ғылым мен білім берудің мәдени және институттық рөлдерін көруге мүмкіндік бере бермейді.

Сонымен бірге ғылым мен саясаттың бірқалыпты өзара байланысы қалпына келтірілуге тиіс. Және ғылым "мақсатқа жету жөніндегі құралдарды тиімді ету тәсілі ретінде" тұрақты қоғамдардың қалыпты құбылысы болып табылады. Ал ғылым – білім беру – саясат тепе-теңдігі тек соңғы жылдары ғана бұзылды. Бұл шынында да тепе-теңдіктің бұзылуы және ғылыми жүйені дамытудың саяси мақсаттарын нақты тұжырымдаудың ешбір айыбы жоқ, қайта дүние жүзінде істің мәні басқаша болып отыр деп пайымдау қате болар еді.

Мемлекет есебінен жеке қызығушылықты қанағаттандыру заманы келмеске кетті. Біздің елдеріміздің алдында өзіміздің ғылыми-білім беру жүйелеріміздің бәсекелестікке қабілеттілігі туралы мәселе өте өткір тұр.

XX ғасырдың бірталай аса ұлы жетістіктерін дүние жүзіне берген үлкен ғылымның күре тамыры осында, Ресейде. Және ол Еуразияның мәдени кеңістігінің түрлі нүктелерінде бұрынғысынша өз жемісін беруге тиіс.

Ғылым сияқты неғұрлым интернационалды институт жоқ. Сондықтан интеграцияны жақтаушылардың біздің халықтарымызды жақындастыру үшін осы тұтқаны пайдалана алмауы күнә болар еді.

---

\* "Егемен Қазақстан" газеті, 21 мамыр 1996 жыл.



ММУ-дің көптеген бұрынғы түлектері қазір республикада мемлекетті басқару орындарында басшы қызметтерде істейді, қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық салаларда реформаны нақты жүзеге асырумен айналысуда.

Сонымен, Мәскеу Мемлекеттік университеті өзінің негізгі қызметінен басқа көптеген жылдар бойы басқа да бір аса маңызды істі атқарып келеді – халықтар достығын нығайтуға, ұлтаралық және мемлекетаралық қатынастарды үйлестіруге көмек көрсетуде. Мен үшін, саясат пен күнделікті өмірде ғылыми этностың жоғары принциптерін неғұрлым кеңінен таратудың принципті маңызы бар.

Ауқымы бойынша орасан зор ғылыми-білім беру жүйесін құру үлкен қоғамнан тәуелсіздік елесін туғыза отырып, ғылыми қоғамдастықта автономиялы мәдени ортаны едәуір кеңейте түсті. Бірақ бұл жабық қоғам жағдайында ішінара жемісті болғанымен, ашық қоғамның өзгерген жағдайында өзіне-өзі жеткілікті болу қауіпті адасу болып табылар еді.

Үлкен қоғамның мәдени ресурстары көп ретте жоғалған мән-мағынаның, сары уайымға салынған көрегенділік пен тұрпайы жұбанышты жалбарынулардың иррационалдық қойыртпағын білдіреді. Бұрынғы қай кездегіге қарағанда қазір кеңестік кезеңнен кейінгі төтті үміттер мен қиялдардың қайта оянған және тәнті дүниесіне ғылымның қатаң да рационалды өлшемдерін енгізу қажет.

Әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде ғылым, жаңа Тәуелсіз Мемлекеттердегі басқа да көптеген салалар сияқты, ашық қоғамға бейімделудің аса қиын кезеңін бастан өткізуде. Алайда еркін ғылым мен ашық қоғамның тегі жағынан түп тамыры бір екені айқын. Және де әңгіме өзгенің тәжірибесін сәнді етіп көшіріп алу туралы, "жаңа көзқарасты ескі саңылау арқылы өткізу керек" дейтін таптаурын болған нақылға байыпсыз ілесу туралы болып отырған жоқ. Иә, постмодерндік лексика түрлі басылымдар мен телеэкранға толып кетті. Бірақ жаңағы саңылау әлі де ескі. Сөйтіп осы саңылау арқылы антагонизмге толы ашынған көздер қарайды. Әсіресе осы жек көру ұлттық реңкке ие болса өте қауіпті.

Мен пікірлердің сан алуандығын жақтаймын. Қазақстанда қазір заңды негізде шын мәнінде барлық саяси спектр – коммунистік және социалистік партиялардан ұлттық партияларға дейін орын алып отыр. Алайда заң тыйым салған кез келген тектік, діни және басқа да сондай партияларға бізде жол берілмейді.

Фашистік партиялардың бар болып отырғанын демократияның белгісі деп есептеуге болмайды. Олар ТМД-ның бірқатар елдерінің аумағында классикалық, антисемиттік, ал бірқатар жағдайларда мұсылмандарға қарсы сипатқа ие болуда. Сондықтан барлық конституциялық құралдар арқылы бұған Қазақстанда жол бермеймін.

Толеранттық, идеологиялық шыдамдылық – кеңестік кезеңнен кейінгі кеңістікте әлі де аса тапшы дүние. Ұлттық діни немесе саяси диалогтың

базалық шарты ретінде толерантсыз бәрі де тек күшке сүйенген тепе-теңдікке құрылатын болады. Бірақ сырттай қарағанда берік көрінгенімен, саясаттағы күшке сүйенген тепе-теңдік іс жүзінде өте әлсіз нәрсе. Бұл тепе-теңдікті ғасырлар бойы ғалымдар көрсетіп келе жатқанындай, парасатты диалог жолымен құрған дұрыс.

Менің саяси тәжірибем Батыстағы қоғамдық өмірдің өзгеше онтологиясы өзіндік талдамалы және терминдік құралдардың жасалуын талап еткенін көрсетіп отыр. Осы әдістеме тор тәрізді кеңестік кезеңнен кейінгі үлгідегі аса әдеттен тыс қоғамға шырматылады. Және мұндай тор ең басты нәрсені түсінуге – осы қоғамдардың институттық өзіндік ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік бермейді.

Біздің транзитті қоғамымызды одан тыс бола отырып дәл сипаттау мүмкін емес. Ғылым өкілдерінің, оның зиялы бөлігі осында, ММУ-ге жинақталған, биік міндеті біздің өте вариативті болашағымызды шынайы сипаттауға ғана емес, сонымен бірге оны жасаудың процесін тиімді ете білуіне де байланысты.

Тарихтағы аса ұлы оқиғалардың қолдан жасалмайтыны, қайта олардың өздігінен өтетіні белгілі. Бұдан екі ғасыр бұрын айтылған осы ойда салауатты түңілу де бар. Біздің аңыз әбден сіңіп кеткен санамыздың проблемаларының бірі мынада: біз барлық істен ізгі немесе жымысқы ерік-жігерді көруге дағдыланып кеткенбіз. Дағдыланғанымыз соншалықты, әбден айқын нәрсенің өзін естен шығарып аламыз – көптеген заманалық оқиғалар жоспарланбайды, қайта олар өздігінен өтеді. Таяудағы біздің соңғы кеңестік тарихымыздың оқиғаларын зерттеу кезінде тәсілдемелік әдісті елеулі түрде өзгерту керек. Біздің таяудағы тарихымызды жамандай берудің де қажеті шамалы. Әйтпесе алдағы болашағымызды түсінуіміз қиын болмақ. Ал көп айтылып жүрген "көзге көрінбейтін тарихтың көртышқаны" саяси тұлғаларға қарамастан, өзінің ешкімге біліне бермейтін жұмысын жүргізіп жатыр.

Сонымен, универсиализмнен, шынайылықтан және ұымдасқан сенімсіздіктен көрінетін ғылыми қызметтің нормативтік принциптері тіпті өзіне-өзі жеткіліктілік мағынасында ғана емес, сонымен бірге саясатқа және саяси іс-қимылға әсер ету тұрғысынан да маңызды.

Бұдан екі жыл бұрын осы мінберді Еуразия одағын құру туралы интеграциялық бастаманы айту үшін, мен ММУ-дің кафедрасын кездейсоқ таңдаған жоқпын. Интеграцияны бұзу жөніндегі айқын көңіл-күйдің басым түсуі кезінде Ресей ғалымдарының интеллектуалдық қолдауының зор маңызы бар еді. Бүгінгі таңда интеграция идеясы сәнге айналды, бірақ мен саясаттағы реализмді жақтаймын және саяси әсіре сөздерге бой ұрмайтыным да сондықтан. Алайда кейбір нақты нәтижелер көз алдымызда.

Әрине, бұдан екі жыл бұрын ұсынылған саяси идеялардың Кедендік одақтан да, азаматтық проблемаларды шешуден де, жылдамдығы әртүрлі, көп қабатты интеграциядан да өзінің нақты жүзеге асырылып жатқанын көру қанағаттандырады. Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан және Ресей арасын-

дағы экономиканы және гуманитарлық салалардағы интеграцияны тереңдету туралы шарт сапалық кезең болып табылады.

Біз өзімізге реформаларды жүзеге асыру, тауарлардың, қызметтердің, капитал мен жұмыс күшінің ортақ нарығының жұмыс істеуі үшін міндеттеме алдық.

Азаматтық заңдарды шығару және экономиканы реформалау үшін біртұтас үлгі нормативтік база кеңістігі құрылады. Биылғы жылдың өзінде-ақ біртұтас кеден кеңістігі жасалады. Біз үшін әлеуметтік саясатты үйлестіру, ортақ мәдени кеңістікті сақтау және нығайту жөніндегі ынтымақтастық та өте маңызды.

Шарттың ТМД-ның барлық елдері үшін ашық болуы да аса маңызды. Және шарттың сипатының өзі – "4+N" осыны көрсетеді. Біздің шартымызға басқа мемлекеттердің қосылуы достастықтағы экономикалық реформалардың табысты барысын білдіретін болады.

Интеграцияның қазіргі заманғы үлгілері тозығы жеткен отаршыл-державалық өктемдіктен гөрі рационалды негізде құрылуға тиіс.

Осы рационалдық бүкіл кеңестік кезеңнен кейінгі аймақтың тарихи артта қалуы мен өскелең белесін айқын түсінуге негізделген. Осы рационалдық мәдени өркениетті бағдарлардың тұтастығын арттыра түсуге негізделеді. Нақ осы мәдени-өркениеттегі шиеленіс Еуразияның ХХІ ғасырдың қарсаңындағы интеграциясындағы басты кедергі болып отыр. Дегенмен ол ТМД-ның барлық елдеріндегі геосаясылықты жақсы көретіндердің мән-мағынасыз аты-шулы тайталастары кезінде онша көзге ұрынбайды да.

Саяси қайраткерлердің шындық ағымын ой елегінен өткізуге уақыты жете бермеуі мүмкін, бірақ ақпараттық биіктік, кез келген мемлекет басшысында шынайы түрде жоғары.

Жеке әсерлердің бүкіл жиынтығы кеңестік кезеңнен кейінгі кеңістіктегі өркениетті шиеленістің өте күрделі, әрі көп бағытты көрінісін айғақтайды. Және сыртқы ғана емес, сонымен бірге ішкі шиеленісті көрсетеді.

Сондықтан интеграцияны парасатты түрде түсіну дегеніміз өткенге деген сөзсіз тамсандыратын көзқарас қана емес, сонымен бірге болашаққа және де аса проблемалы болашаққа деген де көзқарас.

Және осы болашақтың барған сайын вариативті болып отырғаны жөн. Көкжиектен барған сайын көптеген баламалар пайда болуда. Бір ғана нәрсе айқын: бүгінгі таңда елесті кезеңнен кейінгі кеңістікте байсалды саясаткердің шексіз оптимизмге, сондай-ақ түңілген эсхатологиялық сипаттағы сәуегейліктің орын алмайтынына кепілдік бере алады.

Интеграция – бұл менің пікірімше, бірнеше негіз қалаушы принциптерге сүйенеді.

Біріншіден, әңгіме қайта интеграциялану туралы емес, қайта керісінше жаңа интеграция туралы болып отыр. Айтқандайын, қайта интеграциялаудың радикалды қарсыластары мен жақтаушылары өзара айтысқанымен,

саналы немесе құйтұрқы түрде іс жүзінде не болып жатқаны туралы мүлдем айтпайды. Ал іс жүзінде КСРО-ны қалпына келтіру емес, қайта жаңа интеграцияның құрылымдары мен тұтқаларын іздестіру жүріп жатыр.

Екіншіден, табысты интеграцияның көпілі институттарды, оның арналарын эволюциялық жолмен арттыра түсу болмақ. Интеграцияның экономика, мәдени, ғылым, білім беру саласындағы қуатты институттық базасын жасау уақыт пен елеулі инвестицияларды қажет етеді. Нақты жұмысты, мәселен, ММУ-дың ұжымы көрсетіп отырғандай нақты жұмысты қажет етеді.

Үшіншіден, интеграция этностардың мәдени-өркениетті ерекшеліктері ескерілген кезде және мемлекеттік егемендікті құрметтеу кезінде ғана жүзеге асады.

Этникалық артықшылықтың принциптеріне құрылған көптеген "зымиандық сәрелері" ұлтаралық және мемлекетаралық қатынастарды елеулі түрде бұрмалайды және шиеленістіре түседі. Бұқаралық басылымдардың ксенофобияны халық үні ретінде көрсететіні жөнсіз-ақ. Еуразияда еуропалық орталықшылдық аңғырт әрі қауіпті, біздің біршама эклектикалық өркениетті ресурсымыздың нақ осы бірегейлігі бұл орасан зор кеңістікті бір мемлекеттің күйрегенінен кейін "бірге құрауында" жатыр. Оны күш арқылы "бірге құраудың өзі" қасіретті сипаты бар өктемдік болар еді. Мұның өзі мемлекетаралық проблемаларға қатысты ерекше әдептілікті қажет етеді. Бұл ғылымға да қатысты.

Кейбір ғылыми басылымдардан қазіргі шекараларды қайта бөлу туралы ұзын-сонар ой-пікірлерді көрген кезде ағылшындардың ескі нақылын еске аласың, онда табиғат интеллектіні үнемдеп беретіні айтылған. Өйткені интеллект – бұл ең алдымен шындықтың құрылымын түсіну қабілеті.

Немістің ағартушысы Гуго Лихтенберг: "Егер де құдай адамды бір кездері профессорлардың түсінігіндегідей етіп жаратқысы келсе, онда бұл адамды сол күні-ақ жындыханаға жіберуге тура келер еді", деген екен.

Мен бұл пікірді, профессорларды шенеу үшін айтып отырған жоқпын. Өйткені олардың жеңіл қолымен мен де осы құрметті цехтың мүшесімін. Мен мұны әлеуметтік құрылыстың қазіргі өтпелі жағдайда мүмкін болатын біздің түсініктерімізді идеяландыруға байланысты айтып тұрмын.

Саясаткердің "күн қаласының" тамаша әлеуметтік табиғат көріністерімен емес, қайта нақты шындықпен жұмыс істеуіне тура келеді. Сондықтан Мәскеу Мемлекеттік университетінің ұжымына нақ осы шындықты және табысты тілегім келеді.

**ВЫСТУПЛЕНИЕ  
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА  
НА РАСШИРЕННОМ ЗАСЕДАНИИ УЧЕНОГО СОВЕТА  
МОСКОВСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО УНИВЕРСИТЕТА  
ИМЕНИ М. В. ЛОМОНОСОВА\***

---

*Москва, 15 мая 1996 года*

Не хотелось бы упрощать процесс взаимодействия науки и общества. Сегодня предельная политизация проблемы науки отражает, скорее, ее взаимодействие с органами государственного управления. Очевидно: эта область принятия управленческих решений, напрямую связанная с финансированием и структурированием институтов и университетов, очень важна. Но, исходя из чисто прагматических критериев, узел научных проблем не развязать. Когда-то великий Вольтер говорил: "Весьма опасно быть правым в тех вопросах, в которых неправы сильные мира сего". И действительно, прагматизм политиков часто не позволяет им увидеть культурную и институциональную роль науки и образования.

Вместе с тем нормальное взаимодействие науки и политики должно быть восстановлено, и наука "как способ рационализации средств по отношению к целям" есть нормальное явление стабильных обществ. Та разбалансировка системы "наука – образование – политика", что произошла за последние годы, – это именно разбалансировка, и нет ничего зазорного в четком формулировании политических целей развития научной системы. Было бы ошибочным полагать, что в мире дело обстоит иначе.

Эпоха удовлетворения личного любопытства за счет государства канула в Лету, и перед всеми нашими странами встал очень остро вопрос о конкурентоспособности собственных научно-образовательных систем.

Корневая система большой науки, которая дала миру немало величайших достижений XX столетия, осталась здесь, в России, и она должна по-прежнему приносить плоды в разных точках евразийского культурного пространства.

Нет института более интернационального, нежели наука, и грешно было бы сторонникам интеграции не использовать этот рычаг для сближения наших народов.

---

\* Газета "Казахстанская правда", 21 мая 1996 года.

Немало бывших выпускников МГУ успешно работают сейчас на руководящих должностях в органах государственного управления республики, занимаются практической реализацией реформ в общественно-политической и социально-экономической сферах.

Таким образом, многие годы Мосгосуниверситет, помимо своей основной функции, делал и другое крайне важное дело – способствовал укреплению дружбы народов, гармонизации межнациональных и межгосударственных отношений.

Мне представляется принципиально важным более широкое распространение высоких принципов научного этноса в политике и обыденной жизни.

Формирование колоссальной по масштабам научно-образовательной системы значительно расширило автономную культурную среду научного сообщества, создав иллюзию независимости от большого общества. Но эта отчасти плодотворная, в условиях закрытого общества, самодостаточность в изменившихся условиях открытого общества является опасным заблуждением.

Культурные ресурсы большого общества во многом представляют собой иррациональную смесь утраченного смысла, апокалиптических пророчеств и примитивно-успокоительных заклинаний. Сейчас, как никогда, необходимо привнесение строгих и рациональных эталонов науки в этот разбуженный и разочарованный мир постсоветских иллюзий и утопий.

Наука, как социокультурное явление, переживает драматический период адаптации к открытому обществу, впрочем, как и многое другое в новых независимых государствах, хотя глубокое генетическое родство свободной науки и открытого общества очевидно.

И речь идет не о модном калькировании чужого опыта. Неразумно следовать банальному изречению "Новые взгляды сквозь старые щели". Да, постмодернистская лексика наполнила страницы различных изданий и телеэкраны, но щели-то старые. И смотрят сквозь эти щели горящие антагонизмом глаза. Особенно страшно, когда эта ненависть окрашена в национальные краски.

Я за плюрализм. В Казахстане сегодня представлен на законной основе практически весь политический спектр – от коммунистических и социалистических до национальных партий. Однако любые сословные, религиозные и иные запрещенные законом партии у нас не пройдут.

Нельзя считать признаком демократии наличие фашистских партий, которые на территории ряда стран СНГ имеют классический антисемитский душок, а в ряде случаев – антимусульманский характер. И всеми конституционными средствами не допуску этого в Казахстане.

Толерантность, идеологическая терпимость – товар все еще остродефицитный на постсоветском пространстве. А без толерантности как базового условия национального, конфессионального или политического диалога все будет строиться только на силовом балансе. Но силовым балансом

политике, при внешней прочности, на деле – вещь довольно хрупкая. Лучше этот баланс создавать путем рационального диалога, как это веками демонстрируют ученые.

Мой политический опыт подсказывает, что иная антология общественной жизни на Западе продиктовала и своеобразный аналитический и терминологический инструмент. Эта методология, как сеть, набрасывается на весьма необычные общества постсоветского типа. И такая сеть не позволяет поймать главное – институциональное своеобразие этих обществ.

Нельзя адекватно описать наше транзитное общество, пребывая вне его. И высокая задача представителей науки, элитная часть которой собрана здесь, в МГУ, – не только в объективном описании, но и в рационализации процесса созидания нашего очень вариативного будущего.

Как известно, величайшие события в истории не делаются, а происходят. В этом замечании двухвековой давности сквозит здоровый скептицизм. Одна из проблем нашего донельзя мифологизированного сознания состоит в том, что мы привыкли видеть во всем добрую или злую волю. Привыкли настолько, что упускаем из виду очевидное – многие эпохальные события именно происходят, а не планируются.

События нашей недавней позднесоветской истории требуют при изучении значительного смещения методологической перспективы. Нет нужды демонизировать нашу недавнюю историю, иначе трудно понять наши ближайшие перспективы. Пресловутый "невидимый крот истории" ведет свою неслышную работу, независимую от политических персоналий.

Таким образом, нормативные принципы научной деятельности, воплощенные в универсализме, объективности и организованном скептицизме, важны даже не в самодостаточном смысле, но в плане воздействия на политику и политическое действие.

Выбирая два года назад трибуну для озвучивания интеграционной инициативы по созданию Евразийского союза, я отнюдь не случайно остановился на кафедре МГУ. В тот момент доминирования явно дезинтеграционных настроений интеллектуальная поддержка российских ученых имела большое значение. Сегодня интеграционизм в моде, но я сторонник реализма в политике и нисколько не обольщаюсь политической патетикой. В то же время некоторые реальные достижения налицо.

Конечно, приносит удовлетворение то, что политические идеи, выдвинутые два года назад, находят свое практическое воплощение и в Таможенном союзе, и в решении проблемы гражданства, и в разносторонней, многоярусной интеграции. Договор между Беларусью, Казахстаном, Кыргызстаном и Россией об углублении интеграции в экономической и гуманитарной областях стал качественным этапом в этом процессе.

Мы взяли на себя обязательство координировать осуществляемые реформы, создавать благоприятные условия для функционирования общего рынка товаров, услуг, капиталов и рабочей силы.

Создается единая модельная нормативная база гражданского законодательства и реформирования экономики, в этом же году будет создано единое таможенное пространство. Для нас не менее важно сотрудничество в координации социальной политики, сохранении и укреплении общего культурного пространства.

Чрезвычайно важно, что договор открыт для всех стран СНГ. И об этом говорит сама за себя характеристика договора – "4 плюс N". И присоединение к нашему договору других государств будет говорить об успешном ходе экономических реформ в Содружестве.

Руководитель Казахстана коснулся затем культурного контекста евразийской интеграции. Современные типы интеграции в отличие от архаических колониально-державных сантиментов, считает он, должны строиться на рациональных основаниях.

Рациональность эта базируется на четком понимании растущей полосы исторического отставания всей постсоветской зоны.

Рациональность эта базируется на сохранении политической независимости государств интеграционного объединения.

Рациональность эта базируется на наращивании единства культурно-цивилизированных ориентаций. Именно культурно-цивилизированное напряжение представляет главный вызов евразийской интеграции на пороге XXI века, хотя оно и не столь заметно в бессмысленно громких баталиях геополитических любителей во всех странах СНГ.

Практическим политикам, может быть, не хватает времени на осмысление потока реальности, но информационный потолок у любого главы государства объективно высок.

И мозаика личных впечатлений складывается в очень сложную и многовекторную картину цивилизационного напряжения на постсоветском пространстве. Напряжения не только внешнего, но и внутреннего.

Поэтому разумнее понимание интеграции – это не столько взгляд, обращенный в прошлое, безусловно, впечатляющее, сколько взгляд в будущее. И весьма проблемное будущее.

Надо признать и то, что это будущее становится все более вариативным, и все больше альтернатив появляется на горизонте. Единственное, что может гарантировать трезвый политик сегодня на постсоветском пространстве, это отсутствие фатальности как для безудержного оптимизма, так и для порицаний мрачно-эсхатологического толка.

Интеграция базируется на нескольких основополагающих принципах.

Во-первых, речь идет не о реинтеграции, но именно о новой интеграции. Кстати, радикально настроенные противники и сторонники реинтеграции спорят, сознательно или лукаво, совсем не о том, что происходит на деле. На деле же идет поиск структур и механизмов новой интеграции, а не воссоздание СССР.



Во-вторых, залогом успешной интеграции может стать эволюционное наращивание институтов, ее каналов. Создание мощной институциональной базы интеграции в сфере экономики, культуры, науки, образования потребует времени и серьезных инвестиций. Потребуется той реальной работы, которую демонстрирует, например, коллектив МГУ.

В-третьих, интеграция состоится только при учете культурно-цивилизованных особенностей этносов и уважения государственных суверенитетов.

Многочисленные "лавочки мракобесия", построенные на принципах этнического превосходства, серьезно искажают и обостряют межнациональные и межгосударственные отношения.

Неловко, когда массовые издания выдают ксенофобию за глас народа. В Евразии европоцентризм наивен и опасен. Именно уникальность нашего несколько эклектичного цивилизованного ресурса "склеивает" это огромное пространство после развала одного государства. Было бы пагубной самонадеянностью "склеить" его силовым образом. Это диктует необходимость особой деликатности в отношении межгосударственных проблем. В том числе и со стороны науки.

Когда видишь в некоторых научных изданиях пространные рассуждения о том, как переокроить существующие границы, вспоминаешь старое английское выражение о джентльменах, которых природа экономно наделила интеллектом. Ибо интеллект – это прежде всего способность понять структуру реальности.

Немецкий просветитель Гуго Лихтенберг сказал: "Если бы Бог когда-нибудь захотел создать такого человека, каким его представляют себе профессора, то этого человека пришлось бы в тот же день отправить в сумасшедший дом".

Я привел это высказывание вовсе не в упрек профессорам, тем более что с их легкой руки сам принадлежу к этому уважаемому цеху, но в связи с идеализацией наших представлений о том проекте социального устройства, что возможен в нынешнем переходном состоянии.

Политику приходится работать с реальностью, а не с прекрасными социальными пейзажами "Города солнца". Именно реализма и успеха хотелось бы пожелать коллективу Московского государственного университета.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ  
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ РЕСПУБЛИКА ҒЫЛЫМ  
АКАДЕМИЯСЫНЫҢ 50 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН ЖИНАЛЫСТА  
СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ\***

---

*Алматы, 7 маусым 1996 жыл*

**ҒЫЛЫМ – ҚОҒАМДЫҚ ПРОГРЕСТІҢ ҚОЗҒАУШЫСЫ ҒАНА  
ЕМЕС, СОНЫМЕН БІРГЕ ҚУАТТЫ ЖҰМЫЛДЫРУШЫ КҮШ**

Республика ғылым академиясы өзінің жартығасырлық тойын атап өтуде. Осы мерейлі мерекелеріңізбен сіздерді, әріптестерімді шын жүректен құттықтаймын. Осыған орай республика ғылыми мектебінің қалыптасуына елеулі үлес қосқан Қазақстан ғалымдарының көптеген ұрпақтарының еңбегіне лайықты баға беруге, еліміздің ғылыми-техникалық саласын реформалаудағы көкейкесті проблемаларды бірлесіп талқылауға және осы саладағы тиімді мемлекеттік саясатты таразылауға оңтайлы мүмкіндіктер туып отыр деп ойлаймын.

Жуырда сіздер осы мәселелер бойынша ірі республикалық кеңес өткіздіңіздер. Менің білуімше, онда өткір әрі салиқалы пікір алысулар болды. Бүгін де, мәжілістің мерейтойлық сипатына қарамастан, егемен Қазақстан ғылымының даму барысына барлау жасап, ғылым көкжиегін айқындап алу артық болмас деген ойдамын.

Қазақстан ғылымының қалыптасуы туралы айта отырып, академияның өмірге келуі еліміздің дамуымен, оның мәдениетімен, талап деңгейінің өсуімен, жаңа экономикалық, техникалық және ұйымдық міндеттерді шешумен байланысты болғанын естен шығармаймыз.

Әл-Фарабидің, Ибн-Синаның, Яссауидің, Бирунидің, Хорезмидің және басқалардың ұлы бастамаларынан нәр алған біздің халқымыздың ғасырлар бойғы рухани өмірін биік шығармашылық табыстарсыз көзге елестету мүмкін емес.

Біздің отандық ғылымымыздың мөлдір бастауында ақыл-ойдың алыбы – Шоқан Уәлиханов, Абай, аса көрнекті ғалымдарымыз Ыбырай Алтынсарин, Әлихан Бөкейханов, 20-шы жылдары қазіргі академиямыздың негізі – Қазақстан Академиялық орталықтың төрағасы Ахмет Байтұрсынов, заманымыздың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов сынды тұлғалар тұрды.

Республика ғылымының қалыптасуы аса ірі Ресей және шетел ғалымдары – В. Н. Татищев, Б. С. Паллас, Г. Н. Потанин, Ә. Диваев, Н. И. Весе-

---

\* "Егемен Қазақстан" газеті, 8 маусым 1996 жыл.

ловский, одан кейінгі – И. М. Губкин, В. Л. Комаров, Д. Н. Прянишников, С. Г. Струмилин, К. В. Островитянов, Н. В. Цицин, тағы басқа көптеген ғалымдардың есімдерімен байланысты.

Үстіміздегі ғасырда Қазақстанда ғылым зиялыларының қуатты үлкен шоғыры қалыптасты.

Біздің ғылымымыз ө дегеннен жаратылыстану-математикалық және техникалық салаларға бағыт алды. Ондаған жылдар бойы, тіпті күні бүгінге дейін сол бағыттан көп ауытқымай келе жатқан Қазақстан ғылымының дәстүрлі және төтенше сипаты осындай. Сонау 20-шы жылдардың өзінде республиканың табиғат ресурстарын зерттеу жөніндегі геологиялық Қазақстан экспедициясының жасақталғанын еске алайық. Міне, енді бүгін республика Ғылым академиясына 50 жыл толып отыр. Біз бүгін президиумның алғашқы құрамын ерекше құрмет сезіммен еске аламыз, бүгін арамызда осы залда, сол республика ғылым корпусының ардақты өкілдері, елімізге кеңінен танымал ірі ғалымдар Араб Махич Ғаббасов пен Ағжан Жақсыбекұлы Машанов, Қазақстан ғылымының басқа да белді өкілдері отыр. Сіздерге тағзым ете отырып, зор денсаулық тілейміз.

Өрине, отандық ғылымымызды дамытуға баға жетпес үлес қосқан, өзінің ерен еңбегімен, ғаламат зор ғылыми өресімен, азаматтық айбынымен академияның іргетасын қалап, соның тұңғыш президенті болған, қазақ халқының ғұлама ғалымы Қаныш Имантайұлы Сәтпаевты айырықша ыстық ықыласпен және мақтанышпен еске аламыз. Қаныш Имантайұлының идеялары, жоспарлары мен жасампаз істері нәтижесінде академия көп жыл қатарынан жемісті нәтижелерге қол жеткізіп келді.

Мемлекеттік құрылыстың өскелең көлемдері, ғылыми ойдың даму дәрежесі Қазақстанда бірыңғай ғылыми орталықты құру қажеттігін туғызды. Бұл орталық ғылымның барлық салаларындағы дамуын басқарып, ғылыми мекемелер мен ғалымдардың күш-жігерін жұмылдыруға, олардың зерттеулерін принципті теориялық және аса маңызды шаруашылық маңызы бар мәселелерді шешуге бағыттауға тиіс болатын.

Қысқасы, Ұлттық Ғылым академиясын құру республикадағы ғылыми ойдың дамуынан етене өрістеп, қоғамның қажеттеріне сай болған.

Республика Ғылым академиясының жарты ғасыр бұрынғы қалыптасу кезеңі туралы айтқанда – мен сіздермен бірге ұшқарылыққа бармай, тарихи шындықтан ауытқымай, оның қызметіне шынайы баға беру керек екенін айтпақпын.

Біз мынаны ашық айтуымыз керек. Қазақстанның алғашқы ғылыми ұйытқысын қалыптастырған аса көрнекті Ресейдің көптеген ғалымдарының көмегінсіз біздің Ұлттық академиямыздың бірден аяғынан қаз тұрып кетуі мүмкін емес еді.

Егер майдан қажеттерінен туындаған проблемаларды табысты түрде шешіп келген біздің ғылымның соғыс жылдарындағы кезін еске алатын болсақ, онда осының өзі республикаға сырттан әкелінген ғылыми мекемелердің,

Мәскеу, Ленинград, Киев басқа қалалардың ғылым мен техника саласындағы таңдаулы өкілдерінің көп ретте игі еңбегінің ықпалы болғанын аңғармау мүмкін емес.

Сонымен бірге академия бұрынғы КСРО-ның таңдаулы ғылыми орталықтарында кадрларды даярлай отырып, көптеген жылдар бойы табысты еңбек еткенін де ұмытпаған жөн. Ал республикалық ғылыми-зерттеулер ғылыми қоғамдастықта өз бейнесінен және өзіндік үлесінен айырылған емес.

Алматыға аса көрнекті ғалымдар – М. В. Келдыш, А. П. Александров, Б. Е. Быховский, А. П. Виноградов, Ю. А. Овчинников және басқалары жиі келетін.

Ғылымның шынайы жанашырлары, аса көрнекті ғалымдар, академиктер Сергей Иванович Вавиловты, Владимир Афанасьевич Обручевті, Иван Павлович Баранинді, Иван Иванович Мещанниковты біздің академияның бұрынғы құрылтайшылары және оның алғашқы құрметті мүшелері болғанын еске ала отырып, оларды өз өмірінде тоталитарлық орталықтың саясатын жүзеге асырды деп қалай ғана айта аларсың.

Өткеннің жақсылығын ажыратып алу қажет, өйткені дамудың барысы өткенді тәркі етуге емес, қайта керісінше болашаққа сол өткеннің өзінен нені алып баратынымызға байланысты емес пе? Ал бұл орайда шынында да басы артық жүгіміздің бары рас.

Егер біздің ғылымымыз дербес тұрып кете алмады десек, ол ең алдымен соның өзін басқаруға байланысты. Осы салаға өктем басқарылып келген экономика жағдайында ғылыми-техникалық қабылданған шешімдер үшін экономикалық жауапкершілігі болмайтын институттарды құру мүмкін болған жағдайда, сондай-ақ, өкімшілік жауапкершілік көбіне субъективті пікірлерге байланысты болған жағдайда сондай өрескел шешімдердің қабылданғаны да жасырын емес.

Дегенмен, Ғылым академиясының жинақтаған орасан зор тәжірибесі мен дәстүрлерінен болашаққа алып баратын нәрселер аз емес. Оның жарты ғасырлық қызметінің өзі ғылым ғимаратының іргетасы терең әрі берік қаланғанын, ал біздің академияның алғашқы басшылары ірі ғалымдар ғана емес, сонымен бірге алыстағыны көре білетін саясаткерлер екенін де көрсетті.

Бүгінгі таңда біз академияның негізін қалаған барлық адамдарға, Қазақстан ғылымының дамуына лайықты үлес қосқан және қосып келе жатқан барлық ғалымдарға алғысымызды білдіреміз. Олардың ғылыми қызметінің жемістерін біздің бәріміз қазір де пайдаланып, алдағы талай жылдарда да пайдалана беретініміз анық.

Олардың жарқын өкілдерінің бірі Шапық Шәкіұлы Шокин. Академия қабырғасында ол 1943-інші жылдан бері жұмыс істеп келеді. Ол – біздің еліміздің аса ірі ғалымы, республика Ғылым академиясының бұрынғы президенті, ғылымның жетік ұйымдастырушысы, Қазақстан энергетикасын дамытуға аса көрнекті үлес қосқан адам. Екібастұз отын-энергетика кешені, елдің басқа да су, жылу-электр стансалары сияқты жобаларда нақ

соның зерттеулері жүзеге асырылды. Оның энергетиканы дамыту болжамдары бүгінгі таңда да көкейкесті күйінде қалып отыр. Ол өзінің адам және ғылымға адал ғалым ретіндегі ерлігін қазір де жалғастырып келеді. Менің жарлығыммен Ш. Шокинге "Халық Қаһарманы" атағы берілді.

Бүгін отандық ғылымның одан арғы дамуы тақырыбынан біз аттап өте алмаймыз. Бұл туралы айта келгенде, біздің бәріміз өз мемлекетіміздің дамуының қазіргі кезеңі ғылымның қоғам өміріндегі рөлінің күрт артуымен дөп келіп отырғанымен ғана емес, сонымен бірге біз бұдан бұрын білмей келген салаларға оның араласуына да байланысты. Американың аса ірі ғалымы Элвин Тоффлер өзінің "XXI ғасыр қарсаңындағы өзгермелі әлемдегі білімнің билігі" деп аталатын еңбегінде ғылымның осы бір тұғыры жайында былай дейді: "Білімге бақылау жасап, оны шебер пайдалана білген адам өзіне билік пен ықпалдың аса қуатты құралын қолына алып, өркениеттіліктің көшбасшысы рөліне әбден үміткер бола алады", – деген екен.

Бүгінгі таңда ғылым қоғамның ірі өндіргіш күшіне және кез келген мемлекеттің қуатты әлеуметтік-экономикалық және саяси ресурсына барған сайын шын мәнінде айналып отырғаны рас.

Дамыған елдерде қоғамдық қайта өндірудің интеллектуалдық әлеуетінің деңгейін қолдау үшін материалдық-заттық қайта өңдеуге жұмсалатын шығыннан көп жұмсалатыны тегін болмаса керек.

Ғылым адамның негізгі рухани және моральдық құндылықтарын қалыптастыратын мәдениеттің ажырағысыз бөлігі болып табылады.

Осы шындықтарды ескере отырып, көптеген елдер экономикалық және әлеуметтік дамуында елеулі табыстарға жетті. Бұл орайда дәстүрлерінің сан алуандығына, ресурстық қамтамасыз етілуіне және өзіндік тарихына қарамастан осындай биіктерге жеткені рас. АҚШ-тың, Ұлыбританияның, Францияның, Жапонияның, Батыс пен Шығыс басқа да дамыған елдерінің тәжірибесі технологиялық ілгерілеуді жеделдетудің аса маңызды шарты ғылым мен техниканы қолдау жөніндегі мемлекеттік саясат болып табылатынын көрсетіп отыр. Мұның өзі экономикалық жағынан гүлденген, адами тұрғыдан бағдарлы, әлеуметтік жағынан жауапты, әрі қауіпсіз қоғамды құруға бағытталуға тиіс.

Бірақ осының бәрі дамыған немесе күрт дамып келе жатқан елдерге тән. Өтпелі кезеңдегі елдердегі ғылымның орны мен рөлі әзірге басқаша көрініп отыр. Мұның өзі, біріншіден, алғашқы кезеңдегі экономиканың дағдарысты жағдайына байланысты. Барлық нарық субъектілерінің қаржы-қаражатының шектеулі екеніне орай олар көбіне ағымдағы міндеттерді шешуге бағытталған. Ғылыми талдамаларға деген қажеттілік кеми түскенімен, соған қарамастан, ғылыми зерттеулердің сапасына деген талап күрт арта түсіп отыр.

Екіншіден, зерттеу институттары мен орталықтары жұмыс істейтін түбегейлі өзгеріп жатқан экономикалық ортаға орай ғылымның өзінің терең са-

ралануын, оның мекемелер мен басқару желілерін жаңа шындықтарға орайластыруын да қажет етеді.

Өкінішке орай, ғылымды өздігінен реформалаудың өткен кезеңі аса сылбыр жүргізілгенін айтқан жөн. Оның құрылымдарын қайта құру және бейімдеу кезеңі әлі де аяқталған жоқ. Оның үстіне, ғылыми ойдың өзі қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді жүзеге асыруға, өтпелі кезеңдегі аса қажетті тәсілдемеге өз талдамаларын жасауға ерекше үлес қоса алған жоқ.

Жас ғалымдардың кәсіпкерлікке және басқа да осындай құрылымдарға кетіп жатқаны туралы әр кез айтып қалу дәстүрге айналып кеткен тәрізді. Ал ендеше бәріміз болашақты ойлайық. Біздің сүйенер жастарымыз жоқ па? Ал ғылымға апарар жол мектептерден, бүкіл білім беру жүйесінен басталмай ма? Таяуда мен республиканың түрлі аймақтарының мектептерінен шыққан талантты түлектердің тобымен кездестім. Осыған орай менің былай дегім келеді: "Қандай тамаша балалар өсіп келе жатыр, олардың жүздерінен имандылық пен парасат өсіп тұрған жоқ па?!" Ендеше жастар біздің осы заманымызда білімнен алшақ кетті деген әуейі пікірлерге қосылмастан, мен тағы да балалардың білімге деген құштарлығын сезінгенімді айтпақпын. Біздің орнымызды басар жақсы ұрпақ өсіп келе жатыр!

Қолымдағы бар деректерді келтіре отырып, бүкіл жұртшылыққа Қазақстанда мектептер мен жоғары оқу орындары жаппай жабылып жатыр, ал білім беру жүйесі тығырыққа тірелді дейтін сыбыстарға қарсы екенімді айтпақпын. Қазір бізде сегіз жарым мыңнан астам мектеп жұмыс істейді. Соңғы бес жылдың ішінде орта мектептердің саны 264-ке, жалпы білім беретін мектептер – 119-ға, ал қазақ мектептері 459-ға өсті.

Мектептегі, сондай-ақ, жоғары оқу орындарындағы білім беруді дамыту туралы қамқорлық әрдайым жасала береді. Бұл мақсатқа ешқандай қаржыны аямаймыз.

Білім берудің қазіргі заманғы тәсілдерін енгізуге, мектептерді компьютерлендіруге, сапалық жағынан соны қазіргі заманғы оқулықтарды әзірлеу және шығаруға, мектеп оқытушыларын қайта дайындауға биыл 1,5 миллиард теңгеге жуық қаржы бөлініп отыр.

Республикада шетелдік білім беру жөніндегі орталықтармен бірлесіп, қазір бірталай білім беру бағдарламалары жүзеге асырылуда. Оның үстіне, келесі жылдан бастап Президенттің білім беру жүйесіндегі компьютерлендіру бағдарламасы іске асырыла бастайды.

Жоғары оқу орындарындағы мамандарды дайындау ісі де біздің назарымыздан тыс қалған емес. Иә, бізде жоғары оқу орындарында білім алып жатқан жастардың санын қысқарту жүріп жатыр, бірақ мұның өзі мамандарға деген сұраныстан, оларға деген қоғамның нақты талабынан туындап отыр. Сонымен бірге жастардың оқып жатқан мамандықтарының саны едәуір өскенін – олар қазіргі күнде бұрынғыға қарағанда 180-нен 225-ке жеткенін

атап өткеніміз де жөн. Және жоғары оқу орындарындағы қазақ топтары соңғы кезде екі есе өсті.

Бұл істің сырт бейнесі ғана. Бірақ менің байқауымша, осы істің сапалық жағынан ақсаған жері жоқ. Мысалы, жоғары оқу орындарындағы оқытушылар құрамының елеулі түрде күшейе түскені қанағаттандырады. Қазір мұнда 830 ғылым докторы төлім беріп жүр, яғни олардың өсу үлесі 35 пайыздан астам болып отыр.

Жалпы алғанда, егер біз ғылымның жас әлеуетін сақтағымыз келетін болсақ, жастарды дайындауды тереңдете түсіп, бұл орайда олардың өзiрлiгiн мектептен, институттың өзiнен бастауымыз керек. Біздің мiндетiмiз – жаңа жағдайларда қолдануға келмейтiн әрi әбден тозығы жеткен идеяларға иек артпайтын ғылымның жаңа ұрпағын дайындауымыз керек. Бұл ең алдымен қоғамдық ғылымдар саласына қатысты. Біз жыл сайын жүздеген жастарды – оқытушыларды, аспиранттарды, студенттердi "Болашақ" бағдарламасы бойынша шетелдерге оқуға жiберу мақсатында мемлекеттiң қаржысын жұмсайтынымыз да сондықтан.

Ғылыми-технологиялық құрылысты мемлекеттiк-саяси және қоғамдық сипаты болғандықтан, ғылыми ұрпақтардың сабақтастығы арасындағы үзiлiс елеулi саяси проблемаға айналмауға тиiс.

Бiздiң ғылымымыз, оның үйлестiрушi орталықтары ведомстволық басқару принциптерiнен ада болғаны жөн. Біз өзiмiздiң ұлы алғы тұлғаларымыздың Қазақстан ғылымының бiртұтас сәулеттi ғимаратын жасау жолындағы ерен ерлiгiн ұмытқандар қазiр – өздерiнiң жеке шаруашылығы, сән-салтанатты кiре берiсi бар сәулеттi үйлердi салып жатқанын да көрiп отырымыз. Осындайда кiмге қанша ақша керек екенi белгiлi болса керек.

Қысқасы, елiмiздегi ғылыми-техникалық саланың жай-күйiне және серпiнiне қалыптасқан экономикалық жағдайдың жасаған ықпалына зер сала келiп, мынандай қорытындылар жасауға тура келедi.

Бағдарламалық-нысаналық жоспарлау тәсiлдерiнiң және ғылыми-зерттеу, сондай-ақ, тәжiрибе-конструкторлық жұмыстарды жүргiзу мүмкiндiктерi толығымен жүзеге асырылған жоқ. Ғылым экономикасының өзi, оны қаржыландыру және осы жұмыстарға бөлiнген бюджеттiк қаражаттарды тиiмдi пайдалануға бақылау жасау тұтқасы елеулi түрде жетiлдiрудi талап ететiнi ақиқат.

Республикада жинақталған ғылыми-техникалық әлеуеттi сақтау және дамыту мiндеттерiн шешу кезiнде, әсiресе, жоғары бiлiктi кадрларды дайындау iсi кезiндегi ғылым мен бiлiм берудi бiрiктiру мәселесi әлi де үйлесiмiн тапқан жоқ.

Ғылыми-технологиялық саланы реформалау әлеуметтiк-экономикалық өзгерiстерден артта қалып жатыр. Ғылым мен жаңа технология экономикалық тұрақтандырудың аса маңызды негiзiне айнала алмай отыр.

Жаңашылдандыру қызметi де әлi жеткiлiктi дамымай келедi. Өнеркәсiп пен ауыл шаруашылығы өзiрге озық технологияларды қабылдай алмауда.

Осындай келеңсіз жайлар әлі де көп. Бірақ республиканың ғылыми-технологиялық әлеуетінің өзiрге елеулі түрдегі жоғары әрi нақты осы уақыттағы қайтарымының өзi және оның ұлттық байлығымызды арттыруға қосатын үлесi бiр-бiрiне әлi де сай емес екенiне байланысты.

Соңғы кезге дейiн проблеманың мәнi мынада болатын. 1991 жылдан кейiн қалыптасқан жағдайда ғылымды мемлекеттiк және қоғамдық басқару құрылымдарын пайдаланғанның өзiнде ғылымның салаларын нақты айқындау және атқаратын қызметтерiн айқын жiктеп, ажыратып беру мүмкiн емес болатын. Сондықтан бiз бiрегей шешiмге келiп – Үкiмет құрамында бiртұтас орталық атқару органын – Ғылым министрлiгi – Қазақстан Республикасының Ғылым академиясын құруға мәжбүр болдық.

Ендi осы органның шеңберiнде экономика мен өмiрдiң өзi алға тартып отырған мемлекеттiк мiндеттердi айтарлықтай пәрмендiрек шешуге болады. Әңгiме, бiр жағынан – ғылымның мемлекеттiк саясаттың объектiсi ретiнде өзiнiң құндылығы мен дербестiгi принципiн баянды ету туралы және екiншi жағынан – оның мемлекеттiң саяси ресурсы ретiнде жаңашаландырушылық және технологиялық әлеуетiн айқындау туралы болып отыр.

Таяу уақытта Үкiметке, министрлiкке, ғылыми мекемелер мен ғылыми қоғамдастықтардың жаңа жағдайдағы қоғамдық-саяси статусының ұйымдық құрылымдарының екiұштылығын жою керек. Демек, институциялық және құрылымдық түбiрлi өзгерiстердiң болатыны сөзсiз. Мұның бәрiн қысқа мерзiмде және үйлестiрiлген жағдайда iстеу керек.

Осыған байланысты ғылыми мекемелердiң көптеген басшыларының нарыққа бейiмделу қабiлетiнiң жеткiлiксiздiгi, тақырыптық икемдiлiктiң мүлдем дерлiк болмауы, сондай-ақ жаңашылдандыру iсiндегi қордалана түскен артта қалу, ғылыми-бiлiм беру саласындағы таңдаулы топта және, адал мойындайықшы, Үкiметтiң ғылымды басқаратын жетекшiлерiнде ғылыми-технологиялық саланы дәйектiлiкпен реформалауға деген саяси ерiк-жiгердiң жетiспеуi белгiленген өзгерiстердiң жолында кедергi болады деген қауiп те бой көрсетуде.

Мұның өзi – объективтiк сипаттағы тежеушi себептер. Алайда, сонымен қатар, жаңа мемлекеттiк ғылыми-технологиялық саясатты қалыптастыру субъективтi факторларды да – белгiлi бiр топтағы адамдардың айрықша таңдаулылар өздерiн аса жайлы сезiнген өткен кездi дәрiптеуге, саяси және экономикалық "тұман" мен ғылыми саладағы егесушiлiк ахуалын сақтап қалу мүдделiлiгiн бейтараптандыруды талап етедi. Бiздiң отандық ғылымымыздың, өзiне тән ой тереңдiгiн жоғалтпастан, ақыр аяғында, объективтi ғылыми тiлде сөйлегенiн қалар едiк.

Қазiр тым көп нәрсе бәйгеге тiгiлiп отыр. Өйткенi, әңгiме ғылымның салалық және аймақтық ғылыми-техникалық бағдарламаларымен, құрылымдарымен, жоғары бiлiммен, бизнеспен, экономика мен жалпы қоғамды өзгертумен интеграциялануы жағдайындағы ғылымның өнiмдi "ұйтқысын" сақ-



тап, дамытуды басты мақсат етіп қойған тұжырымдаманың тағдыры туралы болып отыр.

Басқа бір нәрсені де есте ұстау керек – жұмысқа ғылыми қоғамдастықтың барлық мүшелерінің, талдаушылардың, тәуелсіз, оның ішінде шетелдік сарапшылардың ынталы да кең тұрғыдан қатысуынсыз жаңа ғылыми-технологиялық саясатта жоғары қайтарымға қол жеткізу мүмкін емес. Ғылым әлемдегі жаңалық атаулының бәріне ашық та зерек болуға тиіс. Ғылыми оқшаулану оның үстіне ғылыми егемендік – бұл сандырақ. Бұрынғы кеңестік ғылым нақ осы себепке байланысты көп нәрсе жоғалтты, өйткені ғалымдардың еңбегін құпия түрде сақтап, ал олардың өздерін басқалармен аралас-құралас болудан айырып, әскери-өнеркәсіп кешенінің лабораторияларына қуып тықты.

Академия идеялардың үдеткіші, жаңашаландыру жобаларының көшбасшысы және жасаушысы рөлін өзіне алуға тиіс. Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігі саясатын, оған қауіпсіздік пен даму, жалпыұлттық идея мен жалпыұлттық құндылықтар, Қазақстанның қазіргі дүниедегі орны, ұлттық мүдделер, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету әлеуеті және басқа да тақырыптарды қоса отырып, осындай саясатты жасауға басшылықты Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы жүзеге асырмағанда оны басқа кім істейді.

Бізбен қанаттас жатқан мемлекеттерде осы бағыттардағы қарқынды жұмыс барынша қанат жайған. Қазақстан дүние жүзіне өзінің бай ресурстарымен ғана емес, сонымен қатар – ТМД және Орталық Азия одағы шеңберінде де, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңесті шақыру ісінде де – интеграциялық бастамаларымен де белгілі.

Бізде коммуникациялар да жалпы жұрт таныған жоғары өлшемдерден көмшін түсіп жатыр. Сондықтан тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында осыған аса айрықша назар аударылды. Біздің астанамызда әлемдік деңгейдегі бес жұлдызды екі мейманхана және төрт жұлдызды ондаған мейманханалар тұрғызылды. Дүние жүзінің көз келген түкпірімен байланыс іс жүзінде қамтамасыз етілді. Мұның өзі шетелдік кәсіпкерлер үшін жұмыс істеу мен тынығудың қажетті жағдайларын жасайды.

Қазақстанның ұлан-байтақ аумағында күрделі құрылыс та қанатын кең жая жүргізілуге тиіс. Біз астанамызды мемлекеттің кіндік тұсына көшірудеміз. Осыған байланысты оны салуға қатысып жүргендерді немесе қатысуға ниет білдірушілерді біз пайдаға салынатын салықтан толықтай босаттық. Сонда жеткізілетін жабдықтар экспорттық баж салығынан босатылды. Қысқасы, жаңа астананың инвесторлары мен құрылысшылары үшін бірәгей салық жеңілдіктері жасалған.

Республикада жүргізіліп жатқан реформалар нәбәрі үш жылдың ішінде макроэкономикалық тұрақтандыруға қол жеткізуге мүмкіндік берді. Енді Қазақстан инфляциялық саясаттан инвестициялық саясатқа көше бастады. Үстіміздегі жылғы бес айдағы жұмыстың қорытындылары бізде өнеркәсіп өндірісінің құлдырауы тоқтатылып қана қойған жоқ, сонымен қатар бір пайыздық өсуге қол жеткізгенін айғақтайды. Бұл, біздің көріп отырғанымыздай, үрдіске айналуда. Жалпы ішкі өнім де жарты пайызға ұлғайды. Бұл да аз жетістік емес, ол халықтың біз жүргізіп жатқан реформаларға сәнуіне мүмкіндік береді.

Өткен жыл ішінде Қазақстан біздің реформаларымыздың заңдық базасын құру жөнінде ТМД-ның барлық мемлекеттері арасында бірінші орынға шықты. Жерге жекеменшік туралы, Шетелдік инвестициялар туралы соны Заңдар қабылданды. Оларда әртүрлі компаниялармен жасасылған келісім-шарттардағы ережелер заңдардың өзгертілуіне байланысты таяудағы он жыл ішінде өзгермейді деп айтылады.

Президент ханында жұмыс істейтін Жоғары экономикалық кеңес биыл шет ел инвесторларына бұдан былай да жеңілдікті жағдайлар жасаумен айналыса бастайды. Бұл өмірлік қажеттілік, өйткені қазірдің өзінде республикада 2500 бірлескен кәсіпорын, шетелдік инвесторлардың қатысуымен 680 кәсіпорын жұмыс істейді. Ал өткен жылдан бастап біздің аса ірі кәсіпорындарымызды шетелдік компаниялардың трасттық басқаруына беру тәжірибесі қолданылуда.

Халықаралық қаржы органдарының Қазақстанды дамытуға жұмсайтын сомасы бүгінгі күні 2,5 миллиард доллар болып отыр. Сонымен қатар шетелдік инвесторлармен таяудағы 10 жылға жасасылған келісімдердің сомасы 50 миллиард долларға жақындайды.

Біз өзімізге әлдебір нәрсені беруді сұрамаймыз, біз аса тиімді шарттар жағдайында бізге жұмыс істеуге келуге шақырамыз. Мұндағы мақсат, бір жағынан, өз пайдаларыңызды ұлғайтасыз, ал екінші жағынан, республиканың табиғат байлығын барлық қазақстандықтардың қызметіне айналдыру. Сонда олар реформалардың адамдар мүддесі, халық мүддесі, елдің гүлдену мүддесі үшін жасалып жатқанын барған сайын көбірек сезінетін болады.

# **ВЫСТУПЛЕНИЕ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА НА МЕЖДУНАРОДНОМ ФОРУМЕ КРАНС-МАНТАНА\***

---

*Кранс-Мантана, 24 июня 1996 года*

## **СДЕЛАВ СВОЙ ВЫБОР В ПОЛЬЗУ КАЗАХСТАНА, ДЕЛОВЫЕ ЛЮДИ НЕ ОШИБУТСЯ**

В эти дни мне уже несколько раз пришлось выступать перед участниками форума, рассказывать об истории своей страны и проводимой ею политике. Эта же беседа будет посвящена только экономическим проблемам республики.

Главной отраслью экономики Казахстана является топливно-энергетический комплекс, базирующийся на исключительно богатых запасах энергоносителей. По оценкам западных экспертов, наша республика, и это без учета ведущейся разведки недр, обладает запасами в 15–30 миллиардов тонн извлекаемых углеводородов. Сейчас из этого запаса добывается только один процент, то есть чуть больше 20 миллионов тонн. Собственные потребности составляют только 10 миллионов тонн, вторая половина добываемого экспортируется. Исходя из этих цифр можно реально представить, какие громадные возможности для наращивания нефтедобычи ожидают республику впереди.

Казахстан сегодня может добывать больше ста миллионов тонн угля. Запасы его громадные, но для их отработки решения экспортных возможностей у республики попросту не хватает сил.

Казахстан ежегодно добывает по 20 миллионов тонн руды черных и цветных металлов. Созданы мощности по производству 8 миллионов тонн стали, в том числе автомобильного листа и консервативной жести. В бывшем Советском Союзе Казахстан занимал первое место по производству меди, свинца и цинка, третье место – по производству золота. На базе этих ресурсов в республике построено 47 современных предприятий черной и цветной металлургии, которые сегодня, конечно же, испытывают трудности, но все-таки выпускают ликвидную продукцию.

В республике есть мощности по переработке около 20 миллионов тонн нефти на нефтеперерабатывающих заводах. Богатейшие месторождения

---

\* Н. Назарбаев. Пять лет независимости. - Алматы: Қазақстан, 1996. - 640 с.

фосфорных удобрений дали возможность построить 4 крупных завода по производству элементарного желтого фосфора годовой мощностью 357 тысяч тонн. Здесь Казахстану нет равных в мире.

Важной отраслью, интересной для приложения капитала, является агропромышленный комплекс. Казахстан ежегодно обрабатывает до 40 миллионов гектаров площадей, из них 25 миллионов отводится под зерновые. В среднем производится от 20 до 22 миллионов тонн зерна, в том числе высококачественной продовольственной пшеницы, при этом половина собранного урожая идет на экспорт. Казахстанские биржи по продаже пшеницы ныне известны на всех хлебных биржах мира.

На базе такого огромного зернового хозяйства развивается животноводство. Стадо крупного рогатого скота насчитывает 8–9 миллионов голов, в отарах – до 36 миллионов овец. Но в республике много проблем с переработкой сельскохозяйственной продукции. Ежегодно не перерабатывается, в частности, около 100 тысяч тонн шерсти, громадное количество шкур. К сожалению, этот замечательный бизнес, который будет всегда ликвидным, остается без приложения сил.

Отстают у нас и коммуникации от общепринятых высоких стандартов. Поэтому в первые же годы независимости этому было уделено самое пристальное внимание. В нашей столице построены 2 пятизвездные гостиницы мирового уровня и гостиницы четырехзвездные. Обеспечена связь практически с любым уголком мира. Это создает необходимые условия работы и отдыха для зарубежных предпринимателей.

На огромных территориях Казахстана и капитальное строительство должно вестись огромное. Мы переносим свою столицу в центр государства. В связи с этим тех, кто участвует или намерен участвовать в ее застройке, мы полностью освободили от налогообложения прибыли. Освобождено от экспортных пошлин оборудование, которое будет поступать туда. Одним словом, для инвесторов и строителей новой столицы созданы уникальные налоговые льготы.

Проводимые в республике реформы позволили всего за 3 года добиться макроэкономической стабилизации, и теперь Казахстан начинает переходить от инфляционной к инвестиционной политике. Итоги работы за 5 месяцев текущего года говорят о том, что у нас не только остановлено падение промышленного производства, но и достигнут однопроцентный рост. Это, как представляется, становится тенденцией. Увеличился на полпроцента и валовой внутренний продукт. Это тоже немалое достижение, которое позволяет народу верить в проводимые нами реформы.

За прошлый год Казахстан продвинулся на первое место среди всех государств СНГ по созданию законодательной базы наших реформ. Приня-



ты неординарные законы о частной собственности на землю, об иностранных инвестициях. В них говорится, что условия, на которых заключаются контракты с разными компаниями, не могут меняться с изменением законов в течение ближайших 10 лет.

В этом году высший экономический совет, который работает при Президенте, начнет заниматься созданием дальнейших льготных условий иностранным инвесторам. Это жизненная необходимость, потому что уже сегодня в республике работают 2500 совместных предприятий, 680 предприятий с участием иностранных инвесторов, а с прошлого года практикуется передача наших крупнейших предприятий под трастовое управление зарубежным компаниям.

Направленные международными финансовыми органами суммы на развитие Казахстана на сегодняшний день составляют 2,5 миллиарда долларов. В то же время сумма заключенных с иностранными инвесторами соглашений на ближайшие 10 лет приближается к 50 миллиардам долларов. Мы не просим нам чего-то дать. Мы просим на очень выгодных условиях прийти работать к нам, чтобы увеличить свои прибыли, с одной стороны, а с другой – обернуть природные богатства республики на службу всем казахстанцам. И тогда они в еще большей мере почувствуют, что реформы делаются ради людей, ради народа, ради процветания страны.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ**  
**Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ**  
**БАРЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ ӘКІМДЕРДІҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ**  
**КЕҢЕСІНДЕ ЖАСАҒАН БАЯНДАМАСЫ\***

---

*Алматы, 27 маусым 1996 жыл*

**РЕФОРМАЛАРДЫҢ ТАБЫСТЫ БОЛУЫ ОҒАН АЙМАҚТАРДЫҢ**  
**БЕЛСЕНДІ ҚАТЫСУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ**

Бүгін еліміздегі атқарушы биліктің жетекшілері, оның барлық тармақтары түбірлі өзгерістер басталғалы бері алғаш рет бас қосып отыр. Біздің кеңестің мақсаты – мемлекеттік тәуелсіздік алған уақыттан бергі республиканың даму барысына қорытынды жасау және атқарушы биліктің таяу болашақтағы негізгі міндеттерін айқындау.

Осы форумды өткізу мерзімі кездейсоқ алынып отырған жоқ. Қоғамның барлық салалары мен түрлі бағыттарын реформалау процестеріне талдау көрсетіп отырғанындай, өтпелі кезеңнің алғашқы асуы аяқталуға таяу. Ал бұл жүріп өткен жолдарымызды ой елегінен өткізуді және осыған қорытынды шығаруды қажет етеді. Ең бастысы – дамудың бағыт-бағдарын айқындап алу. Сіздер принципті жаңа жағдайдағы барлық атқарушы билік жүйелеріне қойылатын саяси талаптарды жақсы білуге тиіссіздер. 2000-шы жылға дейін біз шешуге тиісті міндеттердің басын ашып алудың да қаншалықты маңызды екенін естен шығармауларыңыз керек.

Оның бәрі, сіздерге таратылып берілген және мен қол қойған меморандумда жан-жақты айтылған. Күнделікті жұмыстарымызға бағыт сілтейтін бұл құжатты оқып-үйренуге, оны жүзеге асырудың шараларын белгілеуге сіздер міндеттісіздер.

Осыны ескере отырып, бәрін қайталап жатқым келмейді, тек сіздердің назарларыңызды оның принципті және маңызды аспектілеріне аударғалы тұрмын.

Біріншіден, мынаны атап өткен жөн: Қазақстан тәуелсіз және егемен мемлекет ретінде құрылды. Ол, бейнелеп айтқанда, әлемнің саяси картасынан өз орнын алды. Белсенді және нысаналы сыртқы саясатты жүргізудің нәтижесінде біз әлемдік қоғамдастыққа сан қырлы халықаралық проблемалар бойынша берік айқындамасы бар, өзінің мүдделерін қорғауға ғана емес, сонымен бірге Еуразия құрылығы мен бүкіл дүние жүзінде өзара түсіністікті

---

\* "Егемен Қазақстан" газеті, 28 маусым 1996 жыл.

нығайтуға, тұрақтылыққа, сенім ахуалына қол жеткізуге бағытталған ірі сыртқы саяси бастамаларға қабілетті ел ретінде қабылдандық.

Екіншіден, 1995 жылғы тамызда қабылданған жаңа Конституция елдің мемлекеттік құрылысының іргетасын қалады және сонымен мемлекеттік құрылыстың алғашқы кезеңі аяқталды. Бүгінгі таңда Қазақстанда өзгерістерді одан әрі тереңдетуге бағытталған, қоғамдағы тұрақтылық пен келісімнің қайнар көзіне айналып отырған күшті мемлекеттік өкіметтің қалыптасқанына ешкім де күмән келтірмейді. Бұл елімізде жаңа Конституцияның күшіне енуінің нәтижесі. Парламент пен Үкімет арасындағы өзара қатынастардағы таяуда болған дағдарысты жоюдың өзі жаңа Ата Заңның талаптарын орындаудың нәтижесінде мүмкін болды. Онда проблемаларды тайталассыз шешуді және мәмілеге келу жолын іздестіруді көздейтін норма негізге алынған болатын. Мұның өзі бүкіл халық пен бүкіл еліміздің мүддесін бейнелейтіні сөзсіз.

Үшінші. Мемлекеттілікті күшейту және нығайту мәселелерін шеше келіп, біз ұлтаралық келісімді тереңдетуге, саяси тұрақтылыққа, демократиялық процестердің дамуына, жаңа саяси институттардың қалыптасуына аса зор мән беріп келдік және беріп отырмыз. Елімізде әуел бастан-ақ адамның азаматтық құқықтары мен бостандықтарына басымдылық берілген.

Біз алға озып кетпей, сонымен бірге осы саладағы жалпы жұрт таныған халықаралық нормалардан ешқандай ауытқымастан демократиялық өзгерістерді дәйекті түрде дамыта береміз.

Төртінші. Реформаларды жүзеге асырумен және экономикалық дербестікке жетумен байланысты экономикадағы қызу, берекесіз және көп ретте дағдарысты процестің кезеңі аяқталып келеді. Ол ой елегінен өткізілген және басқарылатын арнаға біртіндеп еніп келеді. Ол айқын әзірленген бағдарламалар мен жоспарлар бойынша іс-қимыл жасап, оқиғалардан артта қалмауға, қайта оның дамуын болжауға мүмкіндік береді.

Және, ақыр соңында, бесінші. Біз әлеуметтік, проблемаларды шешуге етене кірісе бастадық. Біз зейнетақының мөлшерін көтере бастадық, зейнеткерлер алдындағы қарыз бойынша есеп айырыстық, бюджеттік саладағы еңбекақы өсе бастады. Селоға нақты көмек көрсетіле бастады.

Біз реформаның барысында барлық ойға алғанды жүзеге асырдық деген ойдан аулақпын. Қателіктер де, кемшіліктер де болды. Қиындықтар қазір де бар, сірә, олардан алдағы уақытта да құтыла алмаспыз. Бірақ ең бастысы істелді. Мемлекеттілік қалыптасып, саяси жүйенің, демократия мен азаматтық бостандықтардың негізі қаланды. Өзінің табиғаты жағынан нарықтық экономика жаңа заңдар негізінде жұмыс істеуде. Біз дүние жүзілік қоғамдастықтың, әлемдік нарықтың құрамдас бөлігі болып табыламыз. Біздің тәуелсіздігімізді дүние жүзі таныды. Оның үстіне біз планетаның жетекші мемлекеттерінен өзіміздің тәуелсіздігімізге және аумақтық тұтастығымызға көпілдік алдық.

Сонымен бірге өмір бір жерде тұрып қалмайды. Реформалау өзін сөзсіз тереңдетуді, жаңа ауқымды іс-әрекеттерді талап етеді. Осы жұмыстағы атқарушы өкіметтің орны қандай? Бүгінгі әңгіме осы тақырыпқа ғана – еліміздің ішкі өмірінің проблемаларына арналған.

Біздің назар аударатын басты саламыз – бұл экономиканың жай-күйі мен экономикалық реформаларды жүзеге асырудың барысы.

Нарықтық экономика негіздерінің негізі – бұл жеке меншік. Жеке немесе басқа бір тиімді меншік иесі болмаса кәсіпорындардағы өндірістік істерде береке болмайды. Оның орнына сол баяғы жауапсыздық, келеңсіз менеджмент, тоқырау, жасырын жұмыссыздық, қаржы дағдарысының барлық түрлері, төлемдерді өтемеу, ұрлық, жемқорлық орын алады.

Біз жекешелендіруде елеулі табыстарға қол жеткізгенімізді мойындағанымыз жөн, бірақ әлі де көптеген проблемалар қалып отыр. Мәселен, заңдылық жағынан алғанда мемлекеттік емес көптеген кәсіпорындарда үш түрлі билік қалыптасты: меншіктің бір бөлігі еңбек ұжымында, бір бөлігі инвестициялық жекешелендіру қорларында, ал енді бір бөлігі ақша инвесторында, ал кейде тіпті мемлекеттің қолында.

Бұл орайда корпоративтік құнды қағаздардың нарығы шын мәнінде дамытылмаған, акцияларды қайта бөлуге итермелейтін жағдайлар жасалмаған.

Экономиканың бүтіндей секторлары мен кіші салалары түгелдей мемлекеттің қолында. Міне, нақ осылар көбіне өте нашар жағдайда қалып отыр.

Мен таяуда Малайзиядағы жекешелендіруді жүргізудің практикасын егжей-тегжейлі зерттедім. Мұнда экономиканың барлық секторлары, әлеуметтік сала, ауруханалар мен мектептерден басқасы, жеке меншіктің қолында. Соның ішінде аэропорттар да, автомобиль жолдары да солай. Сондай-ақ жер де негізінен жеке меншік қарамағында. Міне, он жылдан астам уақыттан бері электро энергетикада және темір жол көлігінде жекешелендіру жүргізіліп жатыр. Тіпті үкіметтік резиденциялар және бүкіл үкімет шаруашылығы жеке меншік қарамағында. Жаңа инфрақұрылым тек жеке қаржыға ғана құрылуда. Ал қазіргі мемлекеттік құрылымдар таяу арада мүлдем жекешелендіріледі. Соған қарамастан Малайзия өзінің барлық азаматтарына өмірдің жоғары деңгейін қамтамасыз етіп келе жатқан гүлденген ел.

Басқаша айтқанда, жеке сектор мұнда әбден басым. Ал бұдан кімге жаман болып отыр? Адамдар дән риза: елде тәртіп орнатылған, жұмыс бар, ал табыс тіпті дүниежүзілік көрсеткіштер бойынша да өте қомақты. Жеке меншік иесі өз байлығын арттыра түсуде. Бірақ сонымен бірге ол қоғамға да жұмыс істейді. Өйткені адамдарға жақсы жалақы төлейді, ал салық түрінде өзінің кірістерінен мемлекетке көптеген аударылымдар жасайды. Жеке сектор үкіметтің де мойнынан бірқатар проблемаларды өзіне алған, өйткені бюджеттің шығысы түбегейлі түрде жеңілдетілген. Бұл орайда мемлекеттік қызметкерлер көп жалақы алады. Бәрі де парасатты әрі бәрінің пайдасына жасалған. Ендеше біз бұдан неге қорқамыз?

Бірақ бізде де жеке меншіктің және оның иесінің қажеттігін адамдар түсініп келеді. Ал нағыз қожайын пайда болған жерде, кәсіпорындар тиімді басқаруға берілген жерде қызметкерлердің жағдайы елеулі түрде жақсара түсуде.

Үкімет пен әкімдердің алдына, экономикадағы ең басты саяси міндетті – барынша қысқа мерзім ішінде жекешелендіруді аяқтау, өндірістегі меншікті ретке келтіру міндетін қоймақпын. Меншіктің кәсіпорындарды дағдарыстан шығаруға қол жеткізе алатын, жақсы менеджмент ұйымдастыра алатын адамдардың қолына көшуі үшін барлық жағдайды жасау қажет. Бұл орайда жеке меншіктің Конституция кепілдік берген құқықтары мүлтіксіз сақталуы тиіс.

Жоспарларды қайта қарап, бюджеттік инвестицияларды өндірістен инфрақұрылымға барынша қайта бағыттаған жөн, бұл орайда оның жекелеген объектілерін жекешелендіруге кіріскен дұрыс. Сондай-ақ әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық объектілерге ерекше көңіл аудару керек. Біз қаласақ та, қаламасақ та, жергілікті өкімет әлеуметтік активтер туралы қамқорлықты кәсіпорындардың мойнынан алуға тиіс. Әрине, бұл үшін көп жұмыс істеу керек екені түсінікті. Несі бар, қожайындар іздестіріп, мұндай объектілерді жекешелендіру қажет. Бірақ, бұл орайда олардың бағытын сақтап қалу керек. Бұдан әрі бүкіл инфрақұрылымды жеке негізде құруға ұмтылу қажет. Мемлекеттің мүдделері туралы мәселелер, бірегей монополия бар жерде олардың белгілейтін бағаларына және олардың жұмысына бақылау жасау, байсалды көзқарас таныту және бәсекелестік үшін барынша мол мүмкіндіктер ашу қажет.

Мысалға, биылғы жылдың өзінде автомобиль жолдарын жеке меншіктің қолына беруге болады. Осы істі бастау үшін олардың бірқатарын эксперимент ретінде беруге болады. Сонымен қатар жеке секторға жаңа магистральдардың құрылысын ұсынған жөн.

Жалпы алғанда, нақ әкімдер жекешелендіру және инвестицияларды тарту мәселесіне принципті түрде, жаңаша, ауқымды тұрғыдан келуге міндетті. Алайда түбегейлі макроэкономикалық тұрақтылықты орнықтыру және елімізде қолайлы инвестициялық ахуалды жасау міндетін қысқа мерзімнің ішінде шешпейтін болсақ, бұл жұмыста біз табысқа жете алмаймыз.

Бүкіл дүниежүзілік тәжірибе жылдық инфляция ең көп дегенде жылына 15-20 пайыздан аспайтын болғанда ғана инвестициялық капиталдың белсенді қозғалысы басталатынын көрсетіп отыр. Үкімет бағдарламасына сәйкес келесі жылға шамамен осындай бағдарлар белгіленген, ал 1998 жылы біз инфляцияны 9-10 пайызға дейін төмендетуге тиіспіз.

Бұл оңай міндеттер емес. Соған қарамастан, екінші негізгі саяси талап ретінде мен Үкіметтің, Ұлттық банктің және әкімдердің алдына мынадай міндет: инфляцияны 1997 жылы айына бір-бір жарым пайыздан аспайтын деңгейге жеткізу міндетін қоймақпын. Он жылдықтың аяғына қарай ол жылына 3-5 пайыздан аспауға тиіс.

Мұндай талап елімізге инвестицияларды тартудың өткір қажеттігінен туындап отырғанын баршаның түсінуі қажет. Ықтимал инвестор Қазақстанда үлкен инфляция таяудағы жылдардың ішінде жойылатынына нық сенімді болуға тиіс

Қазір біз үшін 1997 жылға арналған бюджетті қалыптастырудың принциптерін айқындау өте-өте маңызды. Үкімет пен әкімдер қазірдің өзінде-ақ келесі жылдан бастап бюджеттің мойнынан объектілердің барынша көп санын ала бастау үшін барлық қажетті шараларды қабылдауы тиіс. Егер қажет болса оларды жеке сектордың қолына тегін беріңіздер немесе банкротқа жатқызыңыздар.

Өйткені әлемнің бірде-бір елінде халықтың жан басына шаққанда мемлекеттік қызметшілер дәл біздегідей соншалықты көп емес. Сондықтан бұл орайда да қатаң тәртіп орнату қажет.

Бюджеттің кіріс бөлігін қалыптастыру ісін мейлінше жақсарту керек. Неліктен бұлай болып отырғаны да құпия емес. Бұл мәселеде түбегейлі өзгерістер де жоқ. Әлі де бірде-бір төлем жасамаушы сотқа тартылған емес. Бірде-бір компания салық төлеуден бұлтарғаны үшін зиян шеккен де жоқ. Қаржы министрлігі, Салық инспекциясы мен полициясы әзірше өзінің тікелей жұмысын толық атқара алмай отыр. Егер таяу уақытта бұл учаскедегі жағдай өзгермейтін болса, ең батыл шаралар қолданған жөн. Әкімдердің бұл істегі рөлі мен жауапкершілігін арттыру қажет. Проблеманың тек экономикалық емес, саяси сипат та алып отырғанын әркімнің жете түсінуі керек.

Дәстүр бойынша құрылатын бюджет шеңберінде инфляцияны түпкілікті ауыздықтау міндетін шешу мүмкін емес. Сондықтан көбінесе ескі бюрократтық жүйе мен әкімгершілік экономиканың жаңғырығы болып табылатын бюджеттің өзі де батыл түрде жаңартылуға тиіс. Бюджет құраудың бүкіл процесін жаңа негізге қою қажет.

Шартты түрдегі макротұрақтандыру бұл орайда орташа мерзімді бюджеттік жоспарлауға көшуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, орталық пен аймақтардың қаржы жөніндегі өзара қарым-қатынастарын қайта құру керек. Кірістерді жұмылдырудың және шығыстардың тиімділігін арттырудың басты тетігі соңғы мәселені шешуде жатыр.

Реформаларды жүзеге асырудағы және экономиканы басқарудағы негізгі міндетті орталықтан алуды бастау туралы жариялағаннан кейін, жергілікті жерлерге тиісті өкілдіктерді – ең алдымен жергілікті бюджеттердің кірістері мен шығыстары жөніндегі өкілеттіктерді беру қисынды болмақ.

Әрине, бұл міндетті шешуде, әсіресе, біздің мемлекетіміздің бірегейлігін және жекелеген саяси, экономикалық функцияларды орталықтандырудың объективті қажеттілігін ескеретін болсақ, қашанда шамадан шықпаған маңызды. Мемлекеттің маңызды функциясы болып табылатын кірістерді Қазақстанның дотациялық аймақтарына бөліп беруге мәжбүр екенімізді де ескеру қажет.

Алайда мұның өзі облыстардың жартысы және барлық аудандар дерлік осындай жәрдеммен ғана "күнелтуі" тиіс деген сөз емес. Біз кезінде аудандарды тым көп құрып тастадық, шындап келгенде, олардың, сондай-ақ жаңадан құрылған облыстардың көпшілігінің, тіпті, өздерінің басқарушы аппараттарын ұстауға да жағдайы жоқ болатын.

Елдің әкімшілік бөлінісінде тәртіп орнататын және ең алдымен аудандар, облыстар не үшін құрылғанына мән беріп қарайтын кез әлдеқашан жетті. Оларды шенеуніктерді көптеп ұстау үшін құрғанбыз ба, әлде адамдардың тұрмысын жақсарту және экономиканы көтеру үшін құрдық па? Егер облыстар бастамашылық көрсетіп, басқарудың артық құрылымдарын өздері тарататын болса, басқару буындарын қысқартудан түсетін қаржыны жергілікті жерлердің өзінде қалдыру керек. Дұрысы – шенеуніктер азайып, есесіне олардың сапасы артатын болсын. Оларға еңбекақыны да көбірек төлеу қажет.

Бұл орайда біздің бюджет саясатын жасауымыз көп нәрсені анықтап шешеді. Қазіргі жүйе бойынша қайсы бір аймақтың қаншалықты тиімді жұмыс істейтінін бағалау мүлде қиын. Қазір Үкімет облыстардың рейтингтерін анықтауға кірісті, демек олардың басшыларының да рейтингтері белгілі болады. Бұдан былай олардың қалай жұмыс істейтіні, жергілікті жерлерде адамдардың тұрмысы қалай жақсарып келе жатқаны көрініп тұрары да даусыз. Дұрысы да осы.

Экономиканың басым көңіл бөлінетін бағыттары арқылы жекешелендіруді шешуге, инфляцияны басуға, бюджетті түбірінен реформалауға күш салғанда, ауыртпалығы мол болса да, экономиканы сауықтырудың, инвестициялық белсенділікті күрт жеделдетуге қажетті алғы шарттар жасаудың басты құралын біз осылардан көріп отырмыз.

Тек сауықтырылған және реформаланған экономикаға қуатты инвестициялар жасалуы ғана экономикалық өсудің негізін қалайды.

Инвестициялық белсенділіктің өрісіне шығудың өзі біздің бюджетті жаңаша толықтыра бастауымызға мүмкіндік беретін болады, адамдарды жұмыспен қамтамасыз ету, олардың әл-ауқатының деңгейін көтеру проблемасын да шешуге болады. Ең бастысы – халықтың әлеуметтік жағдайы нашар топтарына, бюджет саласының қызметкерлеріне қатысты неғұрлым өткір проблемаларды шешеміз.

Мен, басым көңіл бөлінетін мұндай міндеттерді шешуге жергілікті жерлердегі басқару органдарын, атқарушы өкіметті барынша асықтырып келемін, өйткені адамдар экономикалық реформалардың нәтижелерін мүмкіндігінше тезірек көруге тиіс.

Нақ осы себепті мен елімізге шетелдік капиталды қуатты түрде тартуға, сондай-ақ қазақстандықтардың іскерлік белсенділігін арттыратын жағдайлар жасауға көмектесетін мейлінше қолайлы инвестициялық климат құру міндетін алға қоямын.

Ал біз болсақ, бұл мәселеде әлі күнге дейін өте-мөте артта қалып келеміз, жылдар бойы жекеменшікке деген теріс көзқарастан бойға сіңіп қалған түрлі тыйым салулар мен тартыншақтық қасиеттер еңсемізді көтертпейді.

Инвестор бізге келіп, экономикамызға ақшасын салу үшін барлық күш-жігерді жұмсау қажет. Бұл үшін не істеу керек? Ең алдымен инфрақұрылымды дамыту мәселелерін шешу – көліктік қатынас жолдары мен коммуникацияны, сауда жолдарын дұрыстап реттеу, шетелдік инвестор үйреніп қалған әрі елдің, оның бүкіл экономикасының әлеуетін ең алдымен соған қарап бағалайтын тиісті қызмет түрлерін ұйымдастыру қажет.

Біздің елімізге инвестициялар келіп жатқаны да мәлім, бізге сеніп отыр. Бұл тұрғыда біз көп іс атқардық. Каспий құбыр желісі консорциумына және экспорттық мұнай желісі құрылысына қатысты барлық проблемалар шешілді. Осымен бір мезгілде біз көмір сутегін экспортқа тасымалдаудың басқа да жолдарын іздестіреміз. Сондықтан бір-екі жылдан кейін Қазақстанның үлкен мұнайы ел экономикасына қайтарым бере бастайды деп сенеміз.

Ақтаудағы теңіз портын қайта құру туралы Еуропа банкімен келісім жасалды. Бұл Қазақстанның сыртқы рынокқа су жолдарымен шығуына мүмкіндік береді.

Трансазия темір жол магистралін құру жөніндегі жұмыстар іс жүзінде аяқталды.

Ол Қазақстанның Үнді және Тынық мұхиттарындағы теңіз порттарына шығуына жол ашады. Біздің елімізді Қытаймен және Пәкістанмен байланыстыратын автокөлік жолы іске қосылды.

Жапонияның несиелерін Қытаймен шекарадағы Достық темір жол станциясын дамытуға жұмсап отырмыз. Бұл темір жолдың өткізу қабілетін және тауар айналымын күрт арттыруға мүмкіндік береді. Еуропа мемлекеттерімен, Азияның көптеген елдерімен тұрақты әуе қатынастары ашылды. Атап айтқанда, жуырда осы орайда Малайзиямен және Сингапурмен келісімдерге қол қойылды.

Демек, көлік қатынастарын ұйымдастыру тұрғысынан алғанда, біз аз жұмыс тындырғанымыз жоқ. Алайда қызмет көрсету проблемасына қайта оралсақ, егер Көлік министрлігі, Кеден комитеті, шекара әскерлерінің бөлімшелері, өкіметтің жергілікті органдары оны қарапайым нормаларға жауап беретін ету, кеден бақылауынан өткізу, мейманханаларда тұру проблемаларын шеше алмайтын болса, онда біздің көлік ұйымдарымызды, яки жеке-шелендірген, яки шетелдіктердің басқаруына берген дұрыс болатынын айтқым келеді. Әкімдердің бұл проблеманы ешқашан екінші дәрежелі іс санамағанын қалар едім.

Үкіметтің, барлық деңгейдегі әкімдердің қонақ үйлерді, аэропорттарды, байланыс, жолдар жүйесін салу және жаңғырту жөнінде мықтап жұмыс істеуі керек. Республикада жанға жайлы қонақ үйлерді сала бастау үшін барлық жағдайларды жасап, инвесторларды іздеңіздер.



Биылғы жылдың өзінде инвесторларға қатысты инвестициялық және салық заңдарын қайта қарау және жақсарту қажет. Ірі жеңілдіктерді, салықтық каникул және инвестициялық салық несилері тәрізді жеңілдіктерді жасауға батыл бару қажет. Инвестордың өз капиталын тез қайтарып алуға мүмкіндігі болуы керек. Бұдан кейін біздің нарықты оның тереңірек игеруге деген ықыласы арта түсетіні түсінікті. Үкімет көп елдерде жасалатынындай, әрбір инвесторға заңды түрде құқық беріп, оған жеке салық тактикасын белгілеуге міндетті. Мен осы пікірді еліміздің Парламентіне ұсынамын. Бұл қазір өте қажет, өйткені мұндай мүмкіндік біздің Конституциямызда көзделген. Сондай-ақ Президенттің қажет болған жағдайда тиісті Заң шығару құқығы да көзделген. Инвесторлардың айқындамасы тұрғысынан импорттық салықтарды, ең алдымен прогресті технологиялар мен жабдықтарға деген салықтарды қайта қараған жөн.

Инвестициялық ахуалды біздің экономикаға тікелей инвестиция салу процесін басқарумен байланысты былықтар жақсарту алмайды. Кім және қандай деңгейде шешім қабылдайтынын, басқарудың әрбір деңгейінің құзырлығы неде екенін әлі күнге дейін ешкім түсініп болған жоқ.

Осыған байланысты инвесторлар тарапынан арыз бен шағымдардың тасқыны толастамауда және бұны халықаралық беделді ұйымдар мен сарапшылар көрсетіп отыр.

Сондықтан таяудағы уақыт ішінде мамандандырылған үкіметтік емес құрылымды құру қажет, ал ол біздің инвестициялық жобаларымыз бен ықтимал инвесторлар арасында байланыстырушы буын болуға тиіс. Бұл бағыттағы жұмыс менің тапсырмам бойынша жүргізіліп жатыр. Сөзбұйдаға сала бермей, Үкімет басқарудың жаңа жүйесін талдап жасағаны, министрліктер мен ведомстволардың санын едәуір азайтып, шенеуніктік аппаратты қысқартқаны жөн.

Арнайы экономикалық аймақтарды құруға, әсіресе тоқыраған қалаларда, аудандарда, құлдыраған өндірістердің айналасында, игерілмеген аумақтарда осындай аймақтар құруға батыл және түбегейлі түрде көшкен дұрыс. Бізде тиісті заң бар, бірақ жергілікті жерде жігерлілік пен оралымдылық жетіспей жатыр.

Нұсқалар көп, бірақ оларды пысықтау, басқа елдердің тәжірибесін зерттеу қажет. Үкімет пен жоғары экономикалық кеңеске 1997 жылдан бастап елімізде жаңа инвестициялық және салық режимін енгізуді тапсырамын.

Инвесторларды бөтен тіл ортасы да алаңдатады. Ол өзі араласуға мәжбүр болатын қызмет көрсетудің барлық дерлік салаларының, негізгі мемлекеттік құрылымдардың қызметкерлері халықаралық қатынастың жалпы жұрт таныған тілі – ағылшын тілін білмейтіндіктен өздерін ыңғайсыз сезінеді. Алайда жаңғырту және ашық есік саясаты жолына түскен көптеген елдер инвестициялық ахуалды жақсартудың аса маңызды бағдарламаларының бірі деп нақ ағылшын тілін үйрену бағдарламасын есептеген.

Бізге мұнсыз болмайды. Сондықтан Үкіметке басқарудың және қызмет көрсету саласының барлық буындарында ағылшын тілін жаппай оқытудың бағдарламасын әзірлеуді тапсырамын. Ендеше таяудағы болашақта мемлекеттік қызметте басқа тілдерді білмейінше қиын болмақ.

Сондықтан мектеп жасына дейінгі кезден бастап білім берудің бүкіл жүйесінде тілдерді оқыту жөнінде шаралар қабылдау қажет.

Іскерлік белсенділікті арттыру тақырыбын қозғай келіп, республикада шағын және орташа кәсіпкерлікті дамыту ісімен байланысты проблемаға тоқталмай кету мүмкін емес.

Бұл өте маңызды, өйткені жұмыссыздық тез өсіп келеді, сондықтан жалақысы жоқ әрбір адамға өзінің ісін ашуға, жұмыс табуға мүмкіндік жасау керек. Шағын бизнесті дамытуды және оған қолдау көрсетуді маңызды саяси міндет деп қараймын. Нақ осы қадамнан шағын меншік иелерінің табы қалыптасады. Ал олар орташа тапқа қосылып, бүкіл қоғамның өзегі және сүйеніші болатын таптың құрамдас бөлігіне айналады. Міне, сондықтан мемлекет негізінен кәсіпкерлерге, шағын және орташа бизнеске несиелік мүмкіндіктерін, сырттан келетін көмекті беруі тиіс.

Кез келген мемлекетте шағын бизнес мемлекеттің қолдауына, оның қамқорлығына ие, ал бізде өзiрге керісінше. Тiптi оның үстіне ешқандай ерекше қолдау жоқ. Бәрі де оның аяғынан тік тұрып, өзінің ісін өрістетуіне кедергі болып отыр. Бүгінгі таңда өз ісіңізді ашуға ұмтылып көріңізші – оны тіркеуге байланысты әбiгерден бас ала алмайсыз, бастапқы несиені таба алмайсыз. Салықтар мен тексерулер есіңізден тандырады.

Әрбір адамға ешқандай сөзбұйдасыз өзі үшін, отбасы үшін, кәсіпкерлік ісін жасауы үшін барлық жағдайды туғызу қажет. Екінші жұмыста істейтін, оны қосарлы атқаратындарды ынталандырған және қолдаған жөн. Оның үстіне екінші жалақыдан табыс салығын алудың қажеті жоқ. Және де, адамдарды, әсіресе жастарды бизнестің қыр-сырына үйретуіміз керек. Бұл орайда аппарат қызметкерлерін осыған міндеттеу қажет. Барлық кадрлар нарықтық экономиканың негіздерін білу жөніндегі аттестациялаудан өтуі керек. Оқуды ұйымдастыру үшін астанаға немесе облыс орталықтарына ғана бағдар ұстап қоймай, әкімдердің өздері, жергілікті жерлерде бизнес мектептерін ашуды ойластырғаны жөн. Егер өз кадрлары жетіспесе, онда мамандарды шақыру қажет. Адамдар туған жерінен шетке шықпай-ақ кәсіпкерлікке үйренуі тиіс.

Бізде тағы бір қырсық бар – тексеруге деген құштарлық. Бұл шынында да жаппай үрдіске айналды. Отандық немесе шетелдік кәсіпкерлердің қайсысымен әңгімелессең де, бәрі де осы тексерулерді ең басты проблема деп атайды. Әр ай сайын түрлі қызметтер 50-60 тексеру өткізеді. Бұл орайда тіпті бір кәсіпорынды әртүрлі деңгейдегі сол ведомствоның қызметкері тексеріп жатады. Кәсіпкерлердің ең басты қорғаушысы әкімнің өзі болуға тиіс. Ол, былайша айтқанда, реформаларды қолдаудың символы болып

табылуға тиіс. Адамдар өкімнің бәрін де өздері үшін, іс үшін жасап жүргенін білгені маңызды.

Атқарушы өкіметтің, әсіресе жергілікті жерлерде, кәсіпкерлердің шаруашылық қызметіне ұдайы заңсыз араласуы да жақсы болып отырған жоқ. Өйткені заң бұған тыйым салады. Ендеше, оны бұзғаны үшін неліктен тиісінше талап етілмейді? Бәлкім, күш-қуат құрылымдары, прокуратура әлі де сол баяғысынша, заңды басты бұзушылар кәсіпкерлер деп есептейтін болар?

Заң алдында баршаның, оның ішінде кәсіпкерлердің де бірдей екені сөзсіз. Алайда олар заңды бұзған кезде сот алдында ғана жауап беруге міндетті. Оның өзінде, меншік түріне қарамастан, салық төлеуден бұлтартындар ерекше қатаң тергелуге тиіс. Мұнда ешқандай кеңшілікке жол берілуі мүмкін емес. Ал бізде болса, бәрі де тексерулермен және тергеумен ғана аяқталады.

Біз баршаны заңды құрметтеуге қашан мәжбүр ете аламыз екенбіз, адамдарды жұмыспен қамтамасыз етіп, экономиканы "сүйреп" келе жатқан, салық төлеушілер болып табылатын әрі мемлекетті асырап отырған кәсіпкерлерді күнделікті жүгенсіздіктен қашан қорғайтын боламыз? Жағдайды ескере келе мен кәсіпкерлік құрылымдардың қызметіне баса-көктеп араласуды, оларды заңсыз тексеруді тыю туралы жарлық шығардым.

Жарлықты бұзғаны үшін кінәлі шенеунік атқарып отырған қызметінен босатылады. Тексерулер жылына көп дегенде бір рет жүргізілуге, тексерушінің тиісті өкілеттіктері болуға, ал тексерудің қорытындылары құжатпен хатталуға тиіс.

Сонымен бірге, шағын бизнеске пәрменді көмек көрсету жүйесін құру қажет, оны басым көңіл бөлінетін міндеттер санатына қосу керек. Ресей осылай жасады. Бізде болса, қазірше, бір жағынан – өндіріс учаскелері, алаңдары, жерлер іске қосылмай тұрса, екінші жағынан – іске тартылмаған адамдар, қылмыскерлікке қолайлы жағдай жасайтын жұмыссыздық орын алып отыр.

Алайда кәсіпкерлер де өздерінде нағыз капитал реформалар курсы түпкілікті жеңгеннен кейін ғана пайда болатынын сезінуге тиіс. Ал қазір болса, олардың өздерінің мүмкіндігінше қарттарға, балаларға көмектесуі, аймақтық деңгейдегі әлеуметтік мәселелерге қатысуы қажет. Демек, жеке-меншік бастаманың тиімділігіне адамдардың сенуі үшін олар барлығын да жасауы керек. Олар бақыт шетелдік машиналар мен виллаларда емес екенін түсінуге тиіс. Бұлар халықтың әл-ауқаты аз топтарының жек көруін туғызады, жалпы алғанда, мұның өзі табиғи құбылыс.

Мен Үкіметтен кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған ұсыныстар күтемін.

Таяу болашақтағы тағы бір басым көңіл бөлінетін мәселе – тұрғын үй құрылысы. Тұрғын үй реформасы және коммуналдық шаруашылықты реформалау бағытындағы алғашқы ірі қадамдарды біз жасап та үлгердік. Бізге

байыпты тұрғын үй саясатын ақырына дейін жүзеге асыруға қаржы жетімсіздігі бөгет болды. Таяу уақытта 1993 жылы Президент Жарлығымен бекітілген мемлекеттік бағдарламаға түзетулер енгізу, жекеменшік тұрғын үй құрылысын ипотекалық несиелеуді дамытуға күш салып, ол үшін қажетті қаржы көздерін табу керек. Ақырында, бұл мәселенің саяси мәнінің басымдығын ескере отырып, жеке үй салушылар үшін жеңілдік жасалатын салық тәртібіне барған дұрыс.

Біз қазірше мұндай көлемдегі жұмыс туралы айта алмаймыз. Бірақ істі бастау керек, әрі мүмкіндігінше толығырақ ауқымда қолға алу керек. Оны ең алдымен әкімдер ұйымдастыруға, әрі әрқайсысы өз деңгейінде ұйымдастыруға тиіс.

Тұрғын үй туралы айтқанда, жуырда Үкімет қабылдаған тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты монополиясыздандыру туралы шешімге соқпай өтуге болмайды. Бұл – принципті түрде дұрыс шешім. Адамдардың өздерін жекешелендірілген тұрғын үйлердің иесі ретінде сезінуіне жағдай жасау қажет. Бұл салада толық тұрғысында нарықтық принциптер басшылыққа алынуға тиіс.

Мұның мәнісі мынада: тұрғын үй иелері кооперативтерге ұйымдасады. Олар коммуналдық қызметке кімнің және қалай төлейтінін, үйді, шатырды, үйдің кіре берісін жөндеуге, ауланы және балалар алаңын көріктендіруге кімді жалдайтынын және қаншаға жалдайтынын өздері шешеді. Істі тұрғындар қызметтің көптеген түрлері үшін қазіргідей ай сайын емес, жылына бір рет төлейтін етіп ұйымдастыру қажет. Осылай өткенде адамдар өз ақшасының көптеген коммуналдық қызметтер түріндегі барша делдалдардың тойымсыз тәбеттерін тойындыру үшін емес, іске жұмсалғанын білетін болады. Дұрысы – үй астындағы жертөлелерді, қосалқы бөлмелерді, тағы басқа бос алаңдарды жалға беру арқылы сұғанақ қолды үй басқармалары емес, тұрғын үй кооперативтері ақша табатын болсын.

Суды, газды, жылуды есептейтін қондырғыларды, тым болмағанда, бастапқы кезде үйдің кіре берістері сайын орнату жөніндегі жұмысты жандандырған жөн болар еді. Бұл шаралардың коммуналдық қызметке ақы төлеуді 30 пайызға қысқартатыны есептеп шығарылған.

Жергілікті өкімет орындарының энергия, жылу және сумен қамтамасыз етушілер, құрылысшылар, көріктендірушілер, байланысшылар сияқты көптеген монополистерді күрт қысымға алуы қажет. Аталған қызметтердің шығындары, еңбекақысы, рентабельділігі монополияға қарсы органдар арқылы тағайындалуға тиіс. Үкімет пен әкімдердің осы саладағы баға қалыптастыруға бақылауды қатаңдатып, бағаны негізсіз көтеруге жол бермеуі керек.

Ақырында, жолаушы көлігі туралы. Автобус, троллейбус және трамвай маршруттарын конкурс бойынша, ең төмен жолақысын тағайындайтын және қызмет көрсетудің жақсы жағдайларын ұсынатын автопарктерге беру қажет. Осыны ұйымдастырсаңыздар адамдар сіздерге рахмет айтатын болады.

Атқарушы өкіметтің нақты еңбекақы мен зейнетақыны, әл-ауқаты аз адамдарға көмек-жәрдемді арттыру мәселелерінде де ауқымды міндеттерді жүзеге асыруы қажет.

Бұл жердегі прогресс айқын аңғарылуда. Инфляцияны көп төмендетудің, еңбекақыны және зейнетақыны төлеуді арттырудың нәтижесінде өткен жылы олардың нақты өсімі аңғарылды. Егер өткен жылдың басында зейнетақының орташа мөлшері 998 теңге болса, оның аяғында 1 876 теңге болды. Экономикадағы зор қиындықтарға қарамастан, биыл да біз осы жұмысты жалғастырып келеміз. Қаңтардан бері зейнетақы мөлшері 2 064 теңгеге жетті, ал жылдың аяғында 3 470 теңге болмақ.

Зейнеткерлер, соғыс мүгедектері мен оған қатысушылар осы жылдың сәуірінен бастап 4,9 мың теңгеге таяу алады, ал Отан алдындағы ерекше еңбегі барлар 10 мың теңгеге дейін алады. Үкіметтің алдына 2000 жылға дейін зейнетақыны 1996 жылдың басымен салыстырғанда, 2,3-2,5 есе арттыруға қол жеткізу міндеті қойылды.

Өткен жылдың аяғында нақты жалақы 6,3 пайыз (1994 жылмен салыстырғанда) өсті, сөйтіп 5500 теңгеге жетті. Бұл орайда өнеркәсіпте ол 7,9 мың теңгеге, құрылыста – 7,7 мың, көлікте – 6,9 мың теңгеге тең болды. Бұл тенденция қазірдің өзінде өсу үстінде.

Сонымен бірге, бізде өз кезінде өндірістік емес саладағы еңбекақының мөлшерінде артта қалу байқалған еді. Мұнда оның деңгейі 1995 жылы өндірістің деңгейінен небәрі 58 пайыз құраған болатын. Жағдайды түзеу мақсатымен біз бюджеттік ұйымдардағы еңбекақыны биыл орта есеппен 60-70 пайыз арттыру жөнінде шешім қабылдадық. Сәуірдің өзінде-ақ айырмашылық 30 пайызға дейін кеміді. Жұмыссыздарға да елеулі көмек көрсетілді: оларға жәрдемақы үш есе өсірілді.

Біздегі проблема әзірге біреу – бюджеттің қарыздан артта қалуы, әсіресе зейнеткерлік қордың қаржыны төлеу жөнінде артта қалуы. Мұның өзі қажетті түсімдердің толық жиналмауына, сондай-ақ зейнетақылық жүйені реформалаудың төмен дәрежесіне байланысты. Биылғы жылдың 1 маусымына дейінгі жағдай бойынша зейнеткерлік қор алдында төлем төлейтін кәсіпорындардың қарызы қазірдің өзінде 40 миллиард теңгеден асып отыр. Соның ішінде Қостанай облысында – 7,4 миллиард, Павлодар және Қарағанды облыстарында 7 миллиардтай теңге болып отыр. Қазір мемлекет осы қарыздарды біржолғы ретпен өтеуге көмектесуде. Бірақ одан әрі әкімдер осы проблеманы өздері шешуге тиіс. Зейнетақыға байланысты істерді жақсартуға бүкіл зейнеткерлер жүйесін реформалайтын таяуда қабылданған жаңа заң көмектесуге тиіс.

Әкімдер, сіздер қаржыны жинау жөнінде әзірге нашар жұмыс істеп қана қоймай, сонымен қатар өздеріңіз де тікелей ереже бұзып жүрсіздер. Мысалы, таяудағы ақмолалықтар сияқты. Олар зейнеткерлік қордың есепшотына 200 миллион теңге енгізбеген. Сондықтан әкімдерге жұмыстың осы учас-

кесі үшін қатаң талап қойылуы қажет екенін айтпақпын. Зейнеткерлер есебінен жақсы атануға болмайды.

Әкімдер қызметінің маңызды бір саласы – қылмысқа қарсы күрес жөніндегі жұмысты ұйымдастыру. Мұнда аз жұмыс атқарылмағанын айтқан жөн. Соңғы екі жылдың ішінде жүргізіліп жатқан "Құқықтық тәртіп" жедел алдын алу операциясы бізге қалалар мен ауылдарда тәртіпті елеулі түрде нығайтуға, қылмыскерлікке тосқауыл қоюға көмектесті. Қазір елімізде қылмыстардың төмендеуінің тұрақты тенденциясы аңғарылып отыр. Мұны жергілікті жерлердегі және осында, астанадағы адамдар да байқап отыр. Біз барлық әкімдердің осы жұмысқа білек сыбана қатысып жүргенін бағалаймыз. Сондай-ақ құқық бұзудың алдын алуға да көп көңіл бөлінгенін қалаймыз. Бір ғана жазалау шараларымен қылмысты жою мүмкін емес. Маскүнемдік, нашақорлық, балалардың қараусыз қалуы сияқты әлеуметтік қырсықтарды жоюға бағытталған шаралардың кешені қажет. Осы проблемаларды шешумен айналысатын әкім емес пе? Кәсіпкерлерге жетпегендер арасындағы қылмыскерліктің алдын алуға ерекше көңіл бөлу керек.

Жергілікті жерлерде жастардың демалысын ұйымдастыру жөніндегі жұмыстың неге күрт нашарлап кеткені де түсініксіз. Соңғы екі жылда республикада 2 мыңға таяу аула клубтары, 300-ге таяу мектептен тыс мекемелер қызметін тоқтатты. Әкімдер осы жұмыспен байыпты түрде айналысуға міндетті.

Кеңеске қатысушылардың назарын көптеген дамушы елдерді табысқа жеткізген және өзімізге негіз ретінде алуға болатын басты факторларға аударғым келеді:

Саяси және әлеуметтік тұрақтылық. Мен бұл тақырыпқа орай пікірімді талай рет айттым және де бүкіл атқару өкіметі жүйесі жұмысының бұл негізгі учаскелерінің бірі екенін айтудан жалықпаймын.

Табиғи ресурстардың бай қоры. Мұның өзі көптеген басқа елдермен салыстырғанда біздің басты артықшылығымыздың бірі екені баршаға белгілі.

Қуатты, жанға жайлы және тиімді инфрақұрылымның барлығы. Бізде әзірге бұл тұста жетістіктерден гөрі проблемалар басым. Сондықтан Үкімет пен әкімдер осы бағытта тікелей инвестицияларды тарта отырып, жігерлі әрі тынымсыз жұмыс істеп, босқа өткізіп алынған уақыттың орнын толтыруға тиіс.

Институттық және жүйелік реформаларды үздіксіз жүзеге асыру. Бұл орайда біздің арнайы бағдарламамыз бар. Міндет оны орындауда және оған қатаң бақылау жасауда болып отыр.

Мемлекет пен жеке сектордың ынтымақтастығы. Бізде ол шын мәнінде бүтіндей керісінше жүріп жатыр. Сондықтан біз осы маңызды мәселені шешуде ең қатаң тәртіпті орнатуға тиіспіз.

Инвесторларға жеңілдіктер беру, салықтық каникул, инвестициялық салықтық несие, қосарлы салық салуға жол бермеу сияқты жеңілдіктер беру. Бұған байланысты міндеттер бүгін алға қойылып отыр.

Әлеуетті және білімді жұмысшы күші. Біз көбіне өзімізді біздің кадрлардың, жұмысшылардың білімділігімен жұбата береміз. Үкімет, ең алдымен Еңбек министрлігі және Білім министрлігі осы проблеманы шешуге неғұрлым жауапты әрі байсалды қарауы, басқа елдерде осы проблеманы қалай шешіп жатқанын зерттеуі және осыған орай арнайы бағдарламаны әзірлеуі қажет.

Саясаттың күшті стратегиясы мен ұзақ мерзімді болуы. Көптеген елдер әсіресе, Оңтүстік-Шығыс Азия елдері, осы факторды ең маңызды деп санайды. Не жері, не табиғи байлығы, тіпті өзінің азық-түлігі мен ауыз суы жоқ Сингапурдың мысалы бұл тұрғыдан барынша тартымды. Біз тіпті дамудың үш жылдық немесе бес жылдық жоспарын әзірлеместен бір тоқсаннан екінші тоқсанға, бір жылдан екінші жылға қарай бағытсыз өте беруімізді тоқтатқанымыз жөн.

Міне, сондықтан таяуда арнайы ұйымдастырылған жоғары Экономикалық кеңес 2025-2030 жылға дейінгі ұзақ мерзімді, саясат пен дамудың стратегиясын талдап жасауға күш-жігерін жұмылдыруға тиіс. Ал Үкімет дамудың бес жылдық және жылдық индикативтік жоспарларын әзірлеуге кірісетін кез келді және осы жұмысқа бүкіл атқару өкіметін және жеке секторды тартуға тиіс.

Атқарушы өкімет осы жылдарда аса күрделі жағдайда жұмыс істеп жатыр. Оның қызметіне әртүрлі баға берілуде, бірақ жергілікті өкімет КСРО күйрегеннен кейінгі дағдарыс жылдарында елімізді құлдыратуға жол бермегені айдан анық.

Әкімдердің және олардың аппараттарының жұмысы арқасында адамдар азық-түлікпен қамтамасыз етілді, жылусыз қалған жоқ. Қазірде жергілікті атқару өкіметі біздің ортақ үйімізде татулықты сақтау үшін, онда тәртіпті орнату, қылмысқа қарсы күресу үшін көптеген істер тындыру үстінде.

Біздің әлі де талай қиындықтарды бастан кешіруімізге тура келеді. Бірақ осындай біздің тәуелсіз еліміздің қалыптасуының тарихи кезеңіндегі игі өзгерістер, біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасының гүлденуі үшін орасан зор жұмыстың негізгі ауыртпалығын өз иығымен көтерген адамдарды халқымыздың ізгі лебізбен еске алатын кезі туатынына сенемін.

# **ВЫСТУПЛЕНИЕ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАНА Н. А. НАЗАРБАЕВА НА РЕСПУБЛИКАНСКОМ СОВЕЩАНИИ АКИМОВ ВСЕХ УРОВНЕЙ\***

---

*Алматы, 27 июня 1996 года*

## **УСПЕХ РЕФОРМ ЗАВИСИТ ОТ АКТИВНОГО УЧАСТИЯ В НИХ РЕГИОНОВ**

Впервые с начала кардинальных преобразований вместе собрались руководители исполнительной власти страны, вся ее вертикаль. Цель этого совещания – подвести итоги развития республики со времени обретения ею государственной независимости и определить основные задачи исполнительной власти на среднесрочную перспективу.

